

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
ФИЛОСОФИЯ, САЯСАТТАНУ
ЖӘНЕ ДІНТАНУ ИНСТИТУТЫ**

АЙТЫМБЕТОВ НҮРКЕН ЫСҚАҚҰЛЫ

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ
БІРЕГЕЙЛІКТІҢ ҚАЛЫПТАСУ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Алматы, 2018

ӘОЖ 323/324 (524)

ҚБЖ 66.3 (5 Қаз)

А 32

*ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану
институтының Ғылыми кеңесі ұсынған*

Пікір жазғандар:

С.Е. Нұрмұратов, философия ғылымдарының докторы,
профессор

Т.Қ. Әуелгазина, саяси ғылымдарының докторы, доцент

М.Ж.Сеңгірбай, саяси ғылымдарының PhD докторы

Айтымбетов Н.Ы.

А 32 Қазақстандағы ұлттық бірегейліктің қалыптасу ерекшеліктері. Жеке монография. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2018. – 200 б.

ISBN – 978-601-304-097-4

Жеке монографияда Қазақстанның жаңа саяси жүйесінің қалыптасуы кезеңінде қазақстандық қоғамда туындаған ұлттық бірегейлік феноменіне кешенді зерттеу жүргізілді. Тәуелсіз Қазақстан азаматтарының өзіндік ұлттық бірегейлену ерекшелігі посткеңестік елдер тәжірибесімен терең салыстыра отырып қарастырылады. Қазақстандық қоғамның рухани жаңғыруына жол бастайтын ұлттық бірегейленудің құрамдас бөлігі болып табылатын Қазақстан тарихының түрлі кезеңдері, тарихи тұлға-лар, заманауи идеологиялық тұжырымдар мен доктриналарға жан-жақты шолу жасалынды. Монографияда ұлттық бірегейлік-тің азаматтық және этностық парадигмалары арасындағы қарама-қайшылықтар Қазақстанның саяси мәдениетінің қалыптасуының ең маңызды факторы ретінде көрсетілді.

Оқырмандарға ұсынылған жеке монография жоғарғы оқу орындарының магистранттары мен докторанттарына, ғылыми ізденіс жасайтын мамандарға арналады.

ӘОЖ 323/324 (524)

ҚБЖ 66.3 (5 Қаз)

ISBN – 978-601-304-097-4

© ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану
және дінтану институты, 2018

© Айтымбетов Н.Ы., 2018

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	4
1 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІҢ ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІККЕ ӨТУІ	
1.1 Ұлттық және этностық бірегейлік ұғымдарын зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері.....	15
1.2 Қазақстандағы саяси жүйенің қалыптасуы және ұлттық мәселелердің туындауы.....	42
1.3 Қазақстандағы түрлі этностарды өзара топтастыруға бағытталған мемлекеттік этносаясаттың ерекшеліктері.....	71
2 ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМНЫҢ ТАРИХИ САНАСЫНЫҢ ӨЗГЕРУІ ЖОЛЫНДАҒЫ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ	
2.1 Қазақ халқының рухани әлемінің дамуының эволюциялық жолдары.....	103
2.2 Рухани жаңғыру қазақстандықтардың тарихи санасының дамуындағы жаңа белес.....	131
2.3 Қазақстандықтардың ұлттық бірегейлігінің қалыптасу үрдісінің әлеуметтік көрсеткіштері.....	149
ҚОРЫТЫНДЫ	182
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	188

КІРІСПЕ

Бұл кітаптың жарыққа шығуына түрткі болған басты идея – Қазақстан сияқты жас мемлекеттің өзінің ұлттық мемлекетін құру үрдісінің ерекшеліктерін оқырманға мүмкіндігінше жан-жақты барлық қырынан ашып көрсету. Жалпы әлемде орын алып отырған саяси-жаһандану үрдістерден Қазақстан өз алдына дербес ел ретінде тыс қала алмайтыны белгілі. Қазақстан әлемдік елдер тарихының бір бөлігі бола отырып, өткен ғасырда орын алған айтулы оқиғаларды бастан кешірді. Атап айтқанда жалпы посткеңестік елдерде жаппай орын алған саяси жүйенің өзгерісінен туындаған үдерістер Қазақстандағы ұлттық мәселелерге жаңаша көзқараспен қарау қажет екенін көрсетті. Осының негізінде аталмыш жұмыста ұлттық бірегейліктің құрамдас бөліктері ретінде қазақ халқының тарихы мен тарихи тұлғалары, заманауи идеологиялық концептілер мен символдардың қазақстандық қоғамдағы ұлттық санын өрбітудегі қызметіне талдау жасалынды. Еңбекте қазақстандық қоғамда ұлттық бірегейліктің анықталуы, азаматтық және этностық парадигмалар арасындағы қарама-қайшылықтардың орын алуы қарастырылды. Бұл Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан жаңаша саяси мәдениеттің қалыптасуындағы айқын көрсеткіш. Сонымен қатар, зерттеу жұмысының қорытынды бөлімінде Қазақстанда жалпыға ортақ ұлттық бірегейлікті тиімді қалыптастыру бойынша автор тарапынан ұсыныстар әзірленді.

Кеңес өкіметі ыдырағаннан кейін барлық посткеңестік кеңістікте орын алған саяси жүйенің трансформациялануы осы елдердегі ұлттық және

мемлекеттік құрылыстың қайта өзгеруіне және қалыптасуына алып келді. Соның бірі ретінде Қазақстандағы саяси жағдай кеңестік мәдениеттің ыдырауы мен жаңа саяси мәдениеттің қалыптасуы кезеңінде ұлттық бірегейлік факторының қазақстандық қоғамда ерекше рөлге ие бола бастағандығын көрсетеді. Қазақстанның тәуелсіздік алуы ел тұрғындарын аз уақыт ішінде біртұтас ұлтқа біріктіру мәселесін мемлекет пен қоғам алдына басты міндет етіп қойды. Бұл тұрғыда ұлттың ұйысуы тек ұзақ тарихи дамудың жемісі ғана емес, сондай-ақ, мемлекет пен қоғамдағы элиталардың мақсатты түрде ұлтты қалыптастырудағы іс-қимылынан тұрады. Осы орайда посткеңестік мемлекеттердегі жағдайларға ұқсас Қазақстанның да ұлттық элиталары мен ұлт патриоттары ел тәуелсіздік алысымен, саяси ұлтты құру мақсатында ұлттық бірегейлікті қалыптастыруға белсене атсалысуға кірісті. Алайда, еліміздегі ұлттық бірегейліктің қалыптасу мәселесі ескі кеңестік және жаңа қазақстандық саяси мәдениеттің өзара күрделі қарама-қайшылығы арасында жүзеге асып жатқандықтан, қазіргі қазақстандық қоғамдағы оның маңыздылығы бірнеше негізгі себептермен түсіндіріледі.

Біріншіден, Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейін басқа да посткеңестік елдердердің бірі ретінде өзінің ұлттық және мемлекеттік құрылысын қалыптастыруға ерекше көңіл бөле бастады. Қазақстандағы ұлттық құрылысты қалыптастыру үрдісінде ұлттық бірегейліктің анықталуы күрделі қарама-қайшылықтардың қатар жүруімен ерекшеленеді. Яғни, қазақстандық қоғамда өзекті пікірталасқа айналған титулды ұлт пен басқа да этностар арасындағы бірегейлікті анықтаудағы бәсекелестігі «қазақ» және «қазақстандық»

ұлт қарама-қайшылығының көрініс беруіне жол ашты. Осы орайда, Қазақстандағы ұлттық бірегейліктің қалыптасуының шешуші актісі ретінде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан – 2050 Стратегиясын жүзеге асыруда «Ұлт жоспары – 100 қадам баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет» атты алдағы уақытта жүзеге асырылуға тиісті бес институционалдық реформаларға ерекше мән беру қажет. Осы бес институционалды реформалардың бірі ретінде азаматтық қоғамның бүтіндігін сақтау үшін қазақстандық бірегейлікті нығайтудың маңыздылығын атап айтуға болады [1].

Екіншіден, қазіргі қазақстандық қоғамда ұлттық бірегейліктің анықталуы аясында қоғамдағы көз-қарастардың қарама-қайшылығын түсіну үшін өткен тарихқа көз жүгірткен абзал. Кеңестік саяси мәдениеттің қалыптасу тарихында ұзақ уақыттар бойында адамдар санасында олардың ұлттық құндылықтарына қарағанда идеологияға негізделген интернационалдік рухтағы тәрбие әлдеқайда жоғарғы деңгейде рөл атқарды. Сол үшін жаңадан қалыптасып келе жатқан саяси мәдениеттің идеялық тұрғыда кедергілерге тап болу себептерін айқындау кеңестік саяси сананың тұрақтылығымен тығыз байланысты. Сондықтан, қазақстандықтардың жаңа саяси мәдениеті мен ұлттық санасының қалыптасу үрдісі кеңестік символдар мен идеологиялық қалдықтардан толықтай бас тартуды қажет етті.

Үшіншіден, Қазақстанның ұлттық бірегейлігін қалыптастыру мен ұлттық санасын оятудың ерекше белгісі ретінде қазақ халқының этномәдени символдарын қайта жаңадандырып, оларды қолданысқа енгізуге назар аудару болып табылады. Осы орай-

да Қазақстан тарихының этномәдени символ ретінде маңызы орасан зор екендігін айта кету қажет. Себебі Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде, тарихы национализммен өзара тығыз байланыса отырып, идеологиялық құрал ретінде ұлттық саясат та кеңінен қолданыла бастады. Тарихтың бұлай национализациялануы посткеңестік елдердің ұлттық саясатының тәжірибесінде кең таралған үрдіс саналады. Бұл үрдіс өз кезегінде Қазақстанның ұлттық бірегейлігін қалыптастыру аясында қазақстандық қоғамдағы мемлекет пен элиталардың өзара бірлескен және қарама-қарсы әрекетін көрсетіп отыр.

Төртіншіден, кез келген халықтың мәдениеті мен бірегейлігін қалыптастыруда сол халықтың санасында этномәдени символ ретінде тарихи тұлғалар да ерекше қызмет атқарады. Соның ішінде Қазақстанның ұлттық бірегейлігінің қалыптасуында бұрынғы кеңестік саяси сана мен жаңа қазақстандық сананың өзара бір-бірімен қарама-қайшылығының көрінісі қазақстандық қоғамның саяси санасынан байқалады. Әсіресе, бұған Алаш қозғалысы қайраткерлерінің тарихи тұлғасы анықталуы төңірегіндегі қазіргі кездегі қоғамдағы әртүрлі қарама-қарсы пікірталастардың күресі арқылы көз жеткізуге болады. Сондықтан, Қазақстан тарихындағы көрнекті тарихи тұлғалардың қазіргі уақытта орны анықталып, олардың тарихи бейнесі ұлықталғанымен, қоғамда әлі күнге дейін кейбір тарихи тұлғаларға қатысты кереғар көзқарастар бар.

Бесіншіден, біртұтас құдіретті кеңестік-коммунистік идеологияның тарих сахнасынан біржолата кетуінен кейін қазақстандық қоғамда оның орнын басатын жаңа идеологияның келуін халық тағатсыздана күтті. Алайда, бұрынғы құдіретті коммунистік идеологияның ыдыра-

уы Қазақстанда ұсақ-ұсақ идеологиялық концептілердің пайда болуына алып келді, яғни идеологиялық плюрализмге жол ашты. Идеологиялардың шығарылуы мен оның қоғамдағы қызметіне байланысты жаңаша көзқарастар пайда бола бастады. Бұрын идеологияның пайда болуы мен оның дамуы мемлекет тарапынан қамтамасыз етілсе, енді жаңа қазақстандық қоғамда идеологиялық кеңістікте мемлекетпен қатар түрлі мүдделі топтар өздерінің идеяларын қоғамға ұсынуға белсене атсалыса бастады. Осы орайда, еліміздің идеологиялық кеңістігінде қазақстандықтардың ұлттық бірегейлігін анықтауға қатысты туындаған идеологиялық концептілер қазақстандықтардың жалпыхалықтық бірлігін нығайтуға байланысты саяси бағдарларының қалыптасуына барынша жағдай жасап отыр.

Посткеңестік кеңістікте жаңадан қалыптасып келе жатқан ұлттық мемлекеттердің осы уақытқа дейін тәуелсіздік тарихында ұлттық және азаматтық бірегейлік мәселелері қоғам назарынан оқшау қалған емес. Бұл тұрғыда посткеңестік елдерде, соның ішінде Қазақстандағы ұлттың топтасуы мен бірегейлігінің анықталуы, оның қалыптасу мәселелерін зерттеу ерекше қызығушылық тудырады.

Қазақстанның саяси мәдениетін қалыптастыру жағдайында ұлттық бірегейлік мәселесін терең зерттеу үшін танымал шетелдік және отандық ғалымдардың тақырыпқа қатысты еңбектері жан-жақты сарапталып байыптаудан өткізілді. Әлемдік деңгейдегі зерттеушілердің ғылыми еңбектерін сыни талдаудан өткізу арқылы көптеген ғалымдардың ұлттық бірегейлік ұғымын ұлт және этнос ұғымдарының шығуымен тығыз байланыста қарастыратыны анықталды.

Осы мақсатта ұлт және ұлтшылдық мәселесі теориясының негізін салған көрнекті ғалымдар ретінде Б. Андерсон [2], Э. Смит [3], М. Грох [4], Э. Геллнер [5], А. Турэн [6], Э. Хобсбаум [7], Р. Брубейкер [8], К. Калхун [9], К. Вердери [10], Э. Ренан [11], Э. Балибар және И. Валлерстайн [12], Дж. Бройи [13], А. Коэн [14], С. Хантингтон [15] және тағы басқаларды атаймыз. Аты аталған ғалымдар саясаттану ғылымында ұлт және этнос туралы ұғымның пайда болуында ұлттық бірегейлік феноменін негізгі үш тәсіл: примордиализм, конструктивизм, инструментализм шеңберінде қарастырады.

Қазақстанға және Орталық Азияға қатысты постколониалды кезеңнің әртүрлі қырларын зерттеуші ғалымдар ретінде М. Биссенджер [16], М. Омеличева [17], Л. Адамс [18], Х. Чари [19] жұмыстарын ерекше атап көрсетуге болады. Посткеңестік елдер өздерінің тәуелсіздіктеріне қол жеткізгеннен кейінгі кезеңде ұлттық мемлекетін құру мен ұлттық бірегейлігін қалыптастыру жолына түсті. Осы үдерістің ерекшеліктерін өзара салыстыра отырып терең зерттеумен айналысқан У. Фирман [20], Б. Давэ [21], Д. Лэйтин [22], Д. Лэйн [23], Г. Лapidус [24], М.Б. Олкотт [25], М. Ларюэль және С. Пейруз [26], Э. Шатц [27], Ө. Кесижи [28], Р. Матушкевич [29] сынды шетелдік ғалымдардың ізденістері әлеуметтік ғылымдардағы құнды еңбектер қатарына жатады.

Посткеңестік елдердегі ұлт пен ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы тарихтың саясилануы немесе национализм идеологиясына айналу үрдісі шеңберінде қарастырған посткеңестік және ресейлік зерттеушілер қатарында В. Тишков [30], О.Ю. Малинова [31], Г. Касьянов және А. Миллер [32], Р.А. Медведев [33],

Я.О. Буховец [34], Г. Саганович [35], В.Н. Бадмаев [36], Л.В. Томайчук [37], Ю.Г. Волков [38], Л.Д. Гудков [39], Л.М. Дробижева [40], В.А. Шнирельман [41], С. Токарев [42] сияқты ғалымдарды атауға болады.

Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін алған уақыттан бастап қазақстандық қоғамда ұлттық бірегейлік мәселесі кеңінен талқыланып және жан-жақты терең зерттелініп келеді. Сонымен қатар, мемлекеттік және ұлттық құрылыс, азаматтық және ұлттық бірегейліктің қалыптасу тақырыптары бойынша диссертациялар қорғалып, ғылыми еңбектер көптеп жарық көре бастады.

Жаңадан пайда болған ұлттық мемлекеттердің саяси мәдениетін зерттеу міндетті түрде олардың қалыптасып келе жатқан ұлттық және мемлекеттік құрылысын, сондай-ақ, ұлттың тарихы мен ұлттық бірегейлігі мәселелерін қамтиды. Осы орайда пост-кеңестік елдердің ұлттық мемлекетінің қалыптасу жағдайы олардың барлығына ортақ ұлттық, азаматтық бірегейлік және ұлттық идея, ұлттық тіл, тарих мәселелерімен тығыз байланысты болады.

Ұлттық бірегейлік пен азаматтық бірегейліктің арақатынасын азаматтық қоғам мен этносаралық келісімнің елдегі ұлтаралық тұрақтылықтың негізі ретінде іргелі зерттеулер жүргізіп келе жатқан отандық ғалымдар Ә.Н. Нысанбаев [43], В.Ю. Дунаев, В.Д. Курганская [44], Р.Қ. Қадыржанов [45], Е.Қ. Әлияров [46], М.С. Әшімбаев [47], Ә. Ғали [48], Б.Б. Әбдіғали [49], Т.А. Козырев [50], С.Ш. Мұсатаев [51], М.М. Нұрғалиева [52], М.Ж. Сеңгірбай [53], Э.Б.Асылтаева [54] өздерінің еңбектерінде бірегейлік мәселесін талқылауда ерекше үлес қосқандығын айтуға болады.

Сонымен қатар, Қазақстандағы ұлттық бірегейліктің қалыптасуында ұлттың шығуы мен оның тарихи аспектілерін қазақстандық ғалымдар К.М. Байпақов [55], Х.А. Арғынбаев [56], Ж.О. Артықбаев [57], М.Қ. Қойгелдиев [58], Н.М. Масанов [59], М.С. Шайкемелев [60], Д.Х. Ахмедьянова [61], Т.Қ. Әуелғазина [62] және тағы басқалар өздерінің ғылыми еңбектерінде жан-жақты қырынан қарастырған.

Жоғарыда аты аталған ғылыми зерттеулер Қазақстанның саяси мәдениетінің қалыптасуы барысындағы ұлттық, этностық, азаматтық бірегейлік мәселелерінің қазақстандық қоғамда маңызы артып келе жатқандығын көрсетеді. Сонымен бірге, Қазақстанның ұлттық бірегейлігін қалыптастыруда әртүрлі көзқарастарды жүйелеу үшін батыстық тұжырымдамаларды кеңінен пайдалану қажет етіледі.

Осыған байланысты көпшілік назарына ұсынылып отырған аталмыш еңбекте Қазақстандағы саяси мәдениетті қалыптастырудың факторы болып табылатын ұлттық бірегейлік мәселесінің жаңаша тың көзқарастармен зерттелінуі оқырмандар тарапынан қызығушылық тудырады деген үміттеміз.

Жұмыстың теориялық-әдіснамалық негізін саяси мәдениет, ұлттық бірегейлік, қазақстандық қоғамдағы ұлттық бірегейлік пен азаматтық бірегейлік арасындағы қарама-қайшылықты анықтау, посткеңестік елдердегі ұлттық бірегейліктің қалыптасуындағы тарихтың этномәдени символдық мәні, национализация, мифологизация үрдістері, ұлттық мемлекет құру, азаматтық ұлтты құру мәселелері бойынша зерттеулер жүргізген шетелдік және отандық ғалымдардың ғылыми еңбектері құрайды.

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында Қазақстанның қоғамдық санадағы ұлт пен этнос түсініктерінің арақатынасын анықтау мен ажыратып көрсету мақсатында примордиалистік, конструктивистік, этно-символизм тәсілдері қолданылды. Сонымен бірге, салыстырмалы, тарихи, контент-талдау, әлеуметтік сауалнама жүргізу, фокус топтар әдістері пайдаланылды.

Зерттеудің деректік негізін: нормативтік-құқықтық құжаттар ретінде Қазақстан Республикасының заңдары, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік бірегейлік туралы» тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптастыруының тұжырымдамасы, «Ұлт бірлігі» доктринасы, Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жыл сайынғы жолдаулары, «Қазақстан – 2030» Стратегиясы, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа бағыты», «Қазақстан – 2050» Стратегиясын жүзеге асырудағы «Ұлт жоспары – 100 қадам баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет» атты бес институционалдық реформа «Мәңгілік Ел» идеясы және «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» мақалалары құрайды.

Ғылыми жұмыстың эмпирикалық базасын автордың тікелей қатысуымен ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты қабырғасында зерттелінген «Этномәдени символизм және Қазақстанның ұлттық бірегейлігі» (2012-2014 ж.), «Әлеуметтік трансформация және қазақстандық қоғамның идеологиялық бағдары» (2012-2014 ж.), «Этносаралық саланың мониторингі мемлекеттік этносаясаттың тиімділігін диагностикалаудың әдісі ретінде» (2015-2017 ж.) атты үшжылдық жобалар шеңберінде жүргізілген зерттеудің қорытындылары, республикалық әлеуметтік сауална-

малар, контент-талдау нәтижелері, республикалық, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар материалдарының жинағы, ғылыми-зерттеу институты қабырғасында жүргізілген жобалардың нәтижесі ретінде жарияланған ғылыми монографиялар құрайды.

Монография үш жыл көлемінде мемлекеттік гранттық қаржыландыру шеңберінде ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтында орындалып отырған «Қазақстандағы этностардың мәдени интеграциясы» (2018-2020 ж.), «Қазақстан Республикасындағы этносаралық өзара әрекет пен ұлттық құрылыс үрдістерінің мониторингі» (2018-2020 ж.) ғылыми зерттеу жобалары аясында жарыққа көрді.

Ғылыми жұмыс жазу барысында жасалынған тұжырымдар мен қорытындылар мемлекеттің ұлтаралық қарым-қатынас пен татулықты нығайтуға бағытталған ұлттық саясатын жетілдірудің теориялық негізін кеңейтеді және тереңдете түседі. Одан басқа, зерттеудің тәжірибелік мәні жұмыстың негізгі тұжырымдары мен қорытындыларын ұлттық, тілдік және тарихи саясатты дамыту бойынша мемлекеттік бағдарламаларды дайындауда қолдану мүмкіндігімен анықталады. Әлеуметтанулық сауалнаманың нәтижелері Қазақстанда өмір сүретін түрлі этнос өкілдерінің мемлекеттік ұлттық саясатқа көзқарасы мен қарым-қатынасын, олардың ұлттық бірегейлену үрдісінің ерекшелігін пайымдауға көмектеседі. Көтерілген маңызды сұрақтар этносаралық бірлік пен келісімді алдағы уақытта одан әрі терең зерттеуге мүмкіндік туырады.

**Қазақстандағы ұлттық бірегейліктің
қалыптасу ерекшеліктері**

Аталмыш ғылыми-зерттеу жұмысын даярлауда өздерінің бағалы кеңестерімен көмек көрсеткен Институттың бегілі ғалымдары Институт директорының ғылыми жұмыс бойынша орынбасары, философия ғылымдарының докторы, профессор С.Е. Нұрмұратовқа, Саясаттану бөлімінің жетекшісі, философия ғылымдарының докторы М.С. Шайкемелевке, диссертациялық жұмысымның ғылыми жетекшісі, философия ғылымдарының докторы, профессор Р.Қ. Кадыржановқа, философия ғылымдарының кандидаты, доцент Д.Д. Ешпановаға шын жүректен алғысымды білдіремін!

1. ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІҢ ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІККЕ ӨТУІ

1.1 Ұлттық және этностық бірегейлік ұғымдарын зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейін басқа да посткеңестік елдердің бірі ретінде өзінің жаңадан ұлттық және мемлекеттік құрылысын қалыптастыруға бетбұрды. Осы тұста мемлекет азаматтары елдегі күрделі өзгерістердің орын алғанына куә болды. Атап айтқанда экономикалық және әлеуметтік-мәдени саладағы бағыт-бағдарлардың өзгеруі, этносаралық қарым қатынастың күрделене түсуі, құндылықтардың ауысуы, жаңа саяси құрылымның қалыптасуы мен қоғамда әлеуметтік стратификация жедел жүрді. Қазақстан сияқты жас мемлекеттің алдындағы ең басты міндет осы кезде аз уақыт ішінде көпэтносты қоғамды шашыратып алмай, барлығын біртұтас ұлт төңірегіне ұйыстыру болып табылды. Кеңестік кезеңде қалыптасқан халықтардың саяси мәдениеті тәуелсіздік жылдарының бастапқы кезеңінде біртіндеп толықтай жойылуға бет алды. Кеңестік символдар біртіндеп өзінің символдық күшін жоя бастады, себебі оларды мақсатты түрде қоғамнан толықтай ығыстырып шығару арқылы жаңа қазақстандық саяси мәдениет пен сананы қалыптастыру жолға қойылды. Бірқатар посткеңестік елдердің тарихи тұрғыда қалыптасқан өздерінің көпэтносты қоғамының ұлттық бірегейлігін анықтау мәселесі ерекше маңызға ие болды. Яғни, осы кезде: «Біз кімбіз? Біз қайда бара жатыр-

мыз?» – деген сұрақтың әрбір азаматтың ойында туындауы заңды еді.

Гуманитарлық ғылым саласында ұлттық бірегейлік ұғымын зерттеп жүрген танымал шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектеріне талдау жасау арқылы ұлттық бірегейлік ұғымының әдіснамалық-теориялық қырын жан-жақты ашып алу керек. Ең алдымен «бірегейлік» этимологиясына назар аударған жөн. «Бірегейлік» (орыс тілінде «идентичность») сөзінің шығуының түп негізі латын тіліндегі «idem», «identity» сөзінен бастау алады. Оның мағынасы «ұқсау», «тепетең болу» дегенге келеді. Яғни, жеке индивидтің біреуге ұқсауын, сонымен өзін теңестіруін білдіреді. Қазақстанда «identity» терминінің қазақ тілінде жалпыға ортақ терминологиялық анықтамасының жоқтығын айтпасқа болмайды. Мемлекеттік тілде жазылған ғылыми оқулықтардың басым көпшілігінде, сөздіктерде және бірқатар осы мәселені зерттеумен айналысатын ғалымдардың еңбектерінде және кейбір мемлекеттік құжаттарда «identity» ұғымын ашуда әртүрлі балама сөздер қолданылып жүр. Олардың көпшілігі бірегейлікпен қатар, «бірдейлік», «біртектілік», «сәйкестік», «ұқсастық», «тақылеттестік», «барабарлық» және т.б. сияқты ұғымдарды қосарлана пайдаланады. Әрине, жоғарыда қолданылған балама сөздер бірегейлік ұғымын толықтай ашып көрсете алмайтынын айту керек.

Латын тіліндегі «identity» терминінің ортақ анықтамасының жоқтығына қарамастан қазақ тілінде көп қолданысқа түскен «бірегейлік» сөзін пайдаланды жөн көрдік. Бірегейлік сөзі де «identity» ұғымының толық мағынасын бермейді, алайда, оның баламасы ретінде ҚР Үкіметі жанындағы Республикалық тер-

минология комиссиясы «бірегейлік» терминін ресми бекіткендігін [63, с. 61], сонымен қатар бірнеше ғылыми еңбектерде авторлардың осы терминді қолданғанын негізге алдық.

Бірегейлік түсінігі гуманитарлық ғылымдардың түрлі салаларында, атап айтқанда, философияда, саясаттануда, әлеуметтануда, психология мен антропологияда кеңінен қолданылады. Осылардың ішінде бірегейліктің концепциясын ең алғаш болып психология мен әлеуметтану ғылымы саласының өкілдері З. Фрейд, Э. Эриксон, Дж. Марсия, Дж. Мид, Г. Тэжфрел, Дж. Тэрнер, Э. Дюркгейм, Т. Парсонс, Э. Гофман және т.б. ғылыми тұрғыда зерттеуге көңіл бөлді.

Классикалық психоанализ өкілі З. Фрейдтің бірегейлік туралы ойын дамытушы Э. Эриксон баланың психосоциалды бірегейлігі алғаш дүниеге келген күнінен бастап қоршаған ортамен өзара байланысы негізінде қалыптасады. Уақыт өте келе адамның өзгермелі ортада адамның өзіндік «МЕНІ» тұрақтылығын арттыра түсетіндігі туралы айтады. Бірегейлік – бұл уақыт пен кеңістіктегі адам өзінің үздіксіз тіршілігіндегі өзіне-өзін теңестіру сезімі, сонымен қатар, қоршаған орта осы теңестірілуді мойындау қажет деген тұжырым жасайды [64].

Демек, автордың тұжырымына сәйкес бірегейлік ұғымына біржақты қарамай, оған адамның қоршаған ортамен тығыз байланысы нәтижесінде қалыптасатын тұлғаның сапалық белгісі тұрғысынан қарау қажет. Осы орайда бірегейліктің қалыптасуы тұлғаның дамуының маңызды бір бөлігі болып табылатындығын аңғаруға болады.

Келесі кезекте, америкалық зерттеуші ғалым Хантингтон өзінің танымал «Біз кіміз?» атты классикалық

еңбегінде бірегейлікті индивидтің немесе топтың өзіндік санасы деп көрсетеді. Ол мені сіздерден және бізді олардан ерекшелейтін нәрсе бірегейленудің ерекше өнімі болып табылады. Бірегейлік тіпті жынысы, аты, ата-анасы, азаматтығы сияқты белгілермен анықталатын жаңа туған балаға да тән. Шындығында, мұндай белгілерді баланың өздігімен саналы түрде түсінгеніне және оның көмегімен өзін-өзі анықтаған уақытқа дейін латентті сипатқа ие. Бірегейлікті зерттеушілер тобы құрастырғандай «жеке даралық пен ерекшелік образымен өзара арақатынаста», сонымен бірге, адамның өзінің айналасынан шыққан белгілі тұлғалармен өзара қарым-қатынасы нәтижесінде қалыптасады.

Хантингтон бірегейлікке қатысты бірнеше шешуші кезеңдерді атап көрсету қажеттілігін айтады:

Бірінші. Бірегейлікті индивидтермен қатар топтар да иеленеді. Сонымен бірге индивидтер бірегейлікті иелене отырып, оны тек топтарда ғана өзгерте алады.

Екінші. Бірегейлік жалпылама және толықтай алғанда құрылымдарды білдіреді. Адамдар кейбіреулері өздерінің қалауымен, ал кейбіреулері қажеттілікпен немесе мәжбүрлеумен өздерінің бірегейліктерін құрастырады.

Үшінші. Индивидтер топтар сияқты көптүрлі бірегейліктерді иеленеді. Соңғылары «туыстас», территориялық, экономикалық, мәдени, саяси, әлеуметтік және ұлттық болуы мүмкін. Айтылған бірегейліктің маңыздылығы адам немесе топ үшін уақыт өте келе өзгереді, сонымен қатар, бұл бірегейліктер бір-бірін үнемі толықтырып отырады немесе бірі екіншісімен қақтығысқа түседі.

Төртінші. Бірегейлік нақты бір адамның немесе топтың басқа адамдармен немесе топтармен өзара

әрекетінің нәтижесі бола отырып «мендікпен» анықталады. Басқалар арқылы қабылдау адамның немесе топтың өзіндік бірегейленуіне ерекше ықпал етеді.

Бірегейленуді теориялық тұрғыда өрбіту барысында әлеуметтік бірегейліктің ғылымда бірнеше түрі өмір сүретініне көз жеткізуге болады. Атап айтқанда, кәсіби, ұлттық, этностық, аймақтық, саяси, діни және т.б. [15, с. 50-52]. Осы жерде біздің ғылыми зерттеуіміздің негізіне айналып отырған ұлттық бірегейлік әлеуметтік бірегейліктің бір бөлігі болып табылады.

Ұлттық бірегейлік адамның белгілі бір ұлтқа, елге, мәдени кеңістікке жататындығын білдіретін бірегейліктің құрамдас бөліктерінің бірі ретінде анықталып жүр. Ол – азаматтық және ұлтшылдық сияқты түсініктермен теңестірілмейді, дегенмен, олар оған күшті әсер ете алатын факторлар болып табылуы мүмкін. Сонымен бірге ұлттық бірегейлік адаммен бірге тумысынан пайда болмайды. Ол белгілі бір адамдардың тобының тілін, тарихын, қауымдастықтың мәдениетін қабылдаған кезде пайда болады. Осыған белгілі бір мемлекетке тиесілік, мемлекеттік бірегейлікке, ұлттық идеяға және мемлекеттік символдарға шынайы берілушілік сезімін де қосуға болады.

Ұлттық бірегейлік көпдеңгейлі және көпқұрамды болуы да мүмкін. Жеке мемлекеті жоқ азшылықты құрайтын халықтарда ұлттық бірегейлік көп жағдайда саяси ұлтпен және мемлекетпен байланысты едәуір кең ұлттық бірегейліктің құрамдас бөлігі болып табылатын өңірлік этномәдени бірегейлікпен анықталады. Мәселен, мигранттардың ұлттық бірегейлігі олардың шыққан жерімен анықталса, екінші жағынан, жаңа мем-

лекетпен және мәдени ортамен өзіндік бірегейленуімен де анықтауға болады [65].

Алайда, қазіргі саясаттану ғылымында көп мәдени ортада ұлттық бірегейліктің қалыптасуын әлеуметтік-саяси үрдістермен тығыз байланыста қарастырады. Сонымен қатар, әртүрлі мәдени бірлестіктерден құралған қоғамның ұлттық бірегейлігі этностық топтардың өзара қарым-қатынасы мен әрекеті нәтижесінде пайда болады. Ұлттардың бір-бірімен өзара әрекеті жеткілікті деңгейде ұзақ тарихи үрдіспен сипатталады. Сондықтан ұлттар мен этностар өз мүшелерінің ортақ тарихи тағдыры нәтижесінде пайда болған бірегейлігінің негізі ұлттық тарихта жатыр. Ұлттық тарих кейде қауымдастықтың өткені туралы естелік, тарихи сана мен көзқарастармен астасып жатады. Бұл тұрғыда да бір ұлттың бірегейлігінің қалыптасуы мен дамуы оның өткен тарихынан басталады. Яғни, ұлттың тарихы арқылы қалыптасқан ұжымдық сана ұлттың идеясы мен ұлттық мүддесін айқындауға көмектеседі.

Национализм теориясында «ұлт», «этнос» ұғымдары көп жағдайда аралас және көп жағдайда күрделі қарама-қайшылықтарға толы болып келеді. Ұлт – адамдардың тарихи тұрғыда жинақталған немесе қалыптасқан этностық қауымдастығы ретінде анықталады. Алайда, «ұлт» пен «этнос» ұғымдары арасындағы нақты екіге айырып көрсететіндей шекараның болмауы сияқты этностық және ұлттық бірегейліктің аражігін ажыратып көрсететін нақты анықтаманың жоқтығын айтпасқа болмайды. Этностық және ұлттық бірегейлік өздерінің негізінде мәдени бірегейлікті иеленеді. Бірақ бұл түсініктер мағыналық тұрғыда өзара теңестірілмеген, өйткені ол әртүрлі негіздерге сүйенеді. К.Вердери: «ұлт – мемлекет пен

оның біртектес қоластындағылар арасындағы қарым-қатынасты білдіреді. Туыстық бейне – биологиялық болмаса онда мәдени болады және мемлекеттік деңгейде таралады» – деп атап көрсетеді [10, с. 301].

Этностық бірегейлік – сананың психологиялық деңгейі, ал ұлттық бірегейлік – бұл жоғарғы деңгейде сананың идеологиялық, рухани, рационалды деңгейі. Этностық бірегейлік адамның өзін белгілі бір этносқа жатқызуынан көрінеді, соның арқасында ол бір жағынан, өзіндік ерекшелігін қанағаттандырса, екінші жағынан, өзінің қауымына жататындығын қорғауды қамтамасыз етеді. Этностық бірегейлік индивидтің өзіндік санасының айрықша тұрақты құрамдас бір бөлігі болып табылады. Көптеген зерттеушілер «этникалық», «этностық бірегейлік» пен «этностық өзіндік сана» туралы түсініктерін мағыналық тұрғыда бір-біріне етене жақын қарастырады. Әсіресе, Ю.В. Бромлей, В.И. Козлов сияқты примордиалистік көзқарастың өкілдерін атауға болады [66].

Этностық және ұлттық бірегейлік топтық бірегейліктің екі бәсекелес түрі ретінде өмір сүреді. Дегенмен екеуін бір-бірінен мағыналық тұрғыда бөлектеп көрсететін факторларды атап айтуға болады. Этностық бірегейліктің қалыптасуында мәдени және тарихи қауымдастық факторлар анықтаса, ұлттық бірегейлік үшін саяси-мемлекеттік фактор айрықша сипатқа ие болып, алға шығады.

Этнология ғылымында ұлт және этнос туралы қазіргі кездегі теориялар мен концепциялардың ішінде ең негізгі әдістемелік тәсілдер ретінде: примордиализм, функционализм, конструктивизм және инструментализм тәсілдерін бөліп көрсетуге болады. Яғни, примордиализм, инструментализм мен конструкти-

**Қазақстандағы ұлттық бірегейліктің
қалыптасу ерекшеліктері**

визм тәсілі этнос пен ұлт мәселесін зерттеуде маңызды мәнді иеленеді.

*Кесте 1 – Этностың шығуын түсіндіруде ғылымдағы
негізгі үш тәсіл [67].*

Түрлері	Сипаттамасы
Примордиализм теориясы	Этностық бірегейлік тумысынан пайда болады. Этностық бірегейлену белгілі бір топпен немесе мәдениетпен терең және тығыз байланысқа негізделеді.
Инструментализм теориясы	Этностық теңестіру адамдардың «тарихи» және «символдық» санасына негізделеді, бұл көшбасшылардың қалыптастыратын және өздерінің мүдделерін жүзеге асыруға қолданатын құралы.
Конструктивизм теориясы	Этностық бірегейлік – адамдардың иеленетін бір нәрсесі емес, керісінше, олар оны жеке мүдделерін іске асыру үшін шынайы әлеуметтік және тарихи контекстерде құрастырады.

XX ғасырдың жетпісінші жылдарына дейінгі уақытта национализм теориясында примордиалистік бағыт өзінің үстемдігін сақтап келді. Этнос түсінігі бойынша примордиалистік бағытқа қарама-қарсы шығатын конструктивизм тәсілінің дамуы біршама ұлт түсінігіне қатысты қатаң көзқарасты жібіткендей болды. Алайда, екі ұстаным ұлттық бірегейліктің қалыптасуына қатысты теорияларда бір-бірімен көп жағдайда бәсекеге түсіп, бірі екеншісіне қарсы шығып отырады. Примордиализм тәсілі әлемде ұлттық мемлекетті дамытушы елдердегі ұлтшылдықты

жақтайтын ұлтшылдар арасында кеңінен танымал бағыт екенін атап көрсету қажет.

Примордиализм тәсілі ұлт және этнос түсінігін бастапқы кезден адамдардың өзгермейтін биологиялық туысқандық байланысы бар қауымдастық ретінде түсіндіреді. Примордиализм бағытын ұстанушылар адамдардың жүріс-тұрысына әрқашан әсер ететін мәдени қасиеттер тән деп есептейді. Осы теория негізінде ұлттық бірегейлену мәселесін табиғаттың бұлжымас заңдылығы ретінде санауға болады. Примордиалистік тәсіл адамның ұлттық бірегейлігі, оның шыққан тобымен немесе мәдениетімен табиғи байланысына негізделеді. Примордиалистік тәсілді жақтаушылар ұлтты табиғатта және қоғамда объективті негізге ие шынайы түрде өмір сүретін феномен ретінде көрсетеді.

Барлық примордиалистік концепциялар этностық топтарды биологиялық тұрғыда пайда болған адамдардың бірігіп өмір сүретін тобы ретінде қарастырады. Олар бір-бірімен өзара негізгі мәдени құндылықтарды бөлісумен, сыртқы мәдени формасының біртұтастығымен, бірыңғай байланыс пен өзара іс-әрекеттің біртұтас кеңістігімен, өз топтарының мүшелерін басқалардан ерекшелеу арқылы өзара мойындаумен сипатталады. Осы тәсілдерге сәйкес этностық топтың өмір сүруін этностық топтардың басқа да әлеуметтік және биологиялық қауымдастықтардан, атап айтқанда; таптар, қауымдар, конфессиялық топтар, нәсілдерден және тағы басқалардан ерекшеленуі арқылы шынайы тұрғыда анықтауға болады.

Яғни, жүйелеп айтқанда, басқа да теориялық бағыттар сияқты примордиализмнің жақтастары индивидтің және бірыңғай топтардың бірегейлігінің түрлі:

1. Сыртқы бейне (терісінің түсі, шаштың түрі, бет жүзі);
2. Есім (аты-жөні, тегі, топтық аты);
3. Алғашқы оқу тілі, тобының тілі;
4. Балалық шағынан берілген діні;
5. Ортақ тарихы, шығу тегі, ортақ арғы тегі жөніндегі миф, ортақ шыққан жері туралы миф, рулық ерекшелігі;
6. Этностың шығу тегі;
7. Этностық ерекшелігі;
8. Географиялық туылған жері;
9. Тегінен қалған мәдениеті;
10. Мінез-құлқы, менталитеті;
11. Когнитивті автономия сияқты құрамдас бөліктерін бөліп көрсетеді [61].

Этносимволизм ілімін дамытушы, ғылымда примордиалистік бағытты ұстанушы ғалым Энтони Смит ұлттар этностардың негізінде қалыптасады, сондай-ақ, ұлттық бірегейлікті зерттеу этнос мәселесіне түптеп көңіл бөлуден басталу керек деген ой білдіреді. Ғалымның пікірі бойынша, этносты адамдардың басқа да қауымдастығынан ажырату үшін:

1. Сәйкестендірілген есім немесе эмблема;
2. Ортақ шығу тегі бойынша миф;
3. Ортақ тарихи естеліктер мен дәстүрлер;
4. Ортақ мәдениеттің бір немесе бірнеше элементтері;
5. Тарихи территориясы немесе Отанымен байланыс;
6. Элиталар арасындағы ынтымақтастық өлшемі сияқты белгілермен ерекшеленеді [3, р. 14].

Осыған сәйкес әлемдегі түрлі этностарда басқалардан өзгешелену үшін олардың атауы, мәдени қауымдастықтың ортақ шығу тегі жөнінде

Қазақстандағы ұлттық бірегейліктің жалпыұлттық бірегейлікке өтуі

аңыздар, ортақ тарихи сана мен тарихи жады болады. Қауымдастық ішінде ұжымдық сананы қалыптастыру үшін ортақ мифтер мен символдар, ортақ тарихи естеліктер мен ортақ тарихи тұлғалар, ортақ мекендейтін территориясы немесе өзге ортада жүрген болса Отанымен мәдени байланыс, олардың арасында туысқандық байланыстың орнауы ерекше зор қызмет атқарады. Дегенмен жоғарыда аталған этностарды жеке қырынан бейнелейтін қасиеттердің бәрі түптеп келгенде өзара бірегейленуіне жол ашады.

Осылайша, Энтони Смит ұлттық бірегейліктің қалыптасуында этностардың алатын орнын баса көрсете отырып, ұлттық бірегейліктің теорияларын зерттеу бойынша өзінің жеке классификациясын ұсынады.

Кесте 2 – Энтони Смит бойынша ұлттық бірегейліктің теорияларының классификациясы [67].

Теория	Сипаттамасы
Примордиалистік	Теориялар негізінен примордиалды болып келеді, олар ұлттық бірегейлікті мәдени және тарихи байланыстар арқылы ұжымның мәдени санасында сақталатынын көрсетеді.
Перенниалистік	
Этносимволикалық	
Модернистік	Конструктивистік тәсіл ұлттық бірегейлікті әрбір жеке тұлға үшін әртүрлі мәнге ие әлеуметтік шынайылықты білдіретін құрылым ретінде қарастырады.

Смиттің национализмді зерттеу бойынша теорияларының жоғарыдағы жіктелуі (примордиализм, перенниализм, этносимволизм теориялары) ұлттық бірегейлікті мәдениеттің ұжымдық санасында

орныққан туысқандық, мәдени немесе тарихи байланыстан шығады деп қарастырады.

Ал, этнос мәселелерін зерттеудегі оған қарама-қарсы модернистік тәсіл немесе көп жағдайда конструктивистік деген атауға ие болған бағыт ұлттық бірегейлікті әрбір адам үшін түрлі мағынаны білдіретін әлеуметтік құрылым ретінде зерделенеді. Конструктивистік бағыт бойынша этносты жеке тұлғалардың немесе элиталардың символикалық және интеллектуалды әрекеті нәтижесінде құруға болатын «конструкт» деп түсіндіріледі. Яғни, кез келген әлеуметтік бірегейлік ұлттық элиталардың көмегімен немесе адамның өзінің еркімен өзгертуге және ауыстыруына болатынын білдіреді. Бұл ретте бірегейлікті жасауда сол ұлттың және мемлекеттің символдары негізгі құрал саналады.

Кез келген ұлттың бірегейлігін жаңғыртуда, қайта қалыптастыруда және мемлекетті құруда ұлттық-мемлекеттік символдар, идеалдар оның ажырамас бөлігі болып табылады. Символдар өз бойына құпия түрде мағыналық белгілерді жинақтаған идеялық және бейнелік құрылымдарды білдіреді. Халықтардың символдары ұзақ уақыт бойында олардың дәстүрімен және дүниетанымымен сабақтаса пайда болады және дамып жетіліп отырады. Символдар сол халықтың ұлттық және рухани ерекшеліктеріне, өзіндік ұлттық санасының қалыптасуына ерекше күш береді. Ал, кейбіреулері элитаның көмегімен мақсатты түрде халықтың санасына сіңіріледі. Қазіргі уақытта ұлттық мемлекеттердің пайда болуы үрдісінде саяси және ұлт көшбасшылары азаматтардың назарын өздеріне аудару, біріктіру мен топтастыру мақсатында жалаулар, әнұрандар, конституциялар мен мерекелер және т.б. ұлттық-мемлекеттік

символдарды құрастырып және оны қолданысқа енгізіп отырады.

Ұлттық және мемлекеттік символдар өзара бір-бірімен тығыз байланысты, көп жағдайда біреуі екіншісін толықтырып тұрады. Осы орайда, бұрынғы посткеңестік елдер өздерінің тәуелсіздігін алысымен жаңадан ұлттық және мемлекеттік құрылысты қалыптастыруда кеңестік символдарды жаппай жоюмен айналысты. Бұл посткеңестік кеңістікте пайда болған үрдіс батыстың ғылыми әдебиеттерінде кеңестік символдарды деидеологизациялау деген атауға ие болды. Нәтижесінде олардың орнына егемен және тәуелсіз елдердің жаңадан құрылған ұлттық мемлекеттерінің өзінің тарихтағы ұлттық символдары қайтадан жаңартылды және қолданысқа түсті. Бұл символдар ұлттар мен халықтардың тарихи және ұлттық санасын қайта оятуға үлес қосады.

Ұлт мәселесін зерттеумен терең шұғылданатын батыстық ғалымдардың ұлт және этнос туралы концепцияларында конструктивистік бағытты қолданушылар қатарында негізінен Б. Андерсон, П. Бурдые, Э. Хобсбаумды және т.б. атауға болады. Конструктивистік тәсілдің өкілі Б. Андерсон өзінің атақты концепциясында ұлтты «қиялдағы саяси қауымдастық», тіпті, ең ұсақ ұлттардың өкілдері де өздерінің туыстарын ұлты бойынша ешқашан ажырата алмайды, олармен кездеспеген немесе тіпті, олар туралы естімеген күннің өзінде олардың әрқайсысының ойында оларда қауымдастығының бейнесі жүреді» – деген тұжырым жасайды [2, р. 6].

Андерсон ұлттық тілді, ұлттық мемлекеттердің құрылуын кітап басып шығару өнерінің пайда болуы-мен және халықтың латын тілін қолданыстан

шығаруымен байланыстырады. Одан басқа ұлттың қиялдан шығарылған қауымдастық болуының себебі әрбір ұлтта өмір сүруі мүмкін теңсіздік пен пайдаланудың болуына қарамастан, ұлт әрқашан терең және көлденең бірлестік болып табылады. Ақыр аяғында дәл осы бауырластық соңғы екі жүзжылдықта бірнеше миллион адамға тек қасақана өлтіру ғана емес, сондай-ақ, осындай шектеулі қиялдағы өнім үшін қаншалықты өз еркімен өлуге де мүмкіндік жасады деп санайды.

Ал, ағылшын тарихшысы Э. Хобсбаум болса, ұлтты осы атауға мақсатты түрде үміткер адамдардың кез келген топтары деген атауды ұсынды. Оның ойынша национализм – бұл жаңа құбылысқа қатысты тарихи көзқарас тұрғысындағы саяси бағдарлама. Осы концепцияға сәйкес өздерін ұлт ретінде түсінетін топтар Француз революциясынан кейін пайда болған территориясы бар және мемлекетті құруға құқы бар деп есептейді [7, б. 84].

Хобсбаум ұлттық мемлекеттердің құрылуының түп негізінде терең әлеуметтік-экономикалық себептердің жатқандығымен байланыстырады, ал ұлттық тіл болса, жай ғана ұлттық мәдениеттің бастапқы негізі мен ұлттық өзіндік сананың бастау бұлағы екенін айтады. Осы орайда қазақстандық қоғамның шынайылығына сүйене отырып, сондай-ақ, национализм үрдісінің жаңа пайда болған посткеңестік мемлекеттердегі тарихтың идеологиялық бағдарламасына айналғанына көз жеткізе отырып, Хобсбауммен келісуге болады. Дегенмен, ол ұлттық мемлекеттің құрылуында ең алдымен, әлеуметтік-экономикалық жағдайларды баса көрсетеді, алайда, біз Қазақстанның тәжірибесіне сүйене отырып, тек бұл түсінікпен ғана шектеле алмайтындығын көруімізге болады. Саяси жағдаймен қатар ұлттық

мәселелердің өршуі әлеуметтік-экономикалық жағдайлардан кем түспейтіндігі назар аудартады.

Тағы бір национализм концепциясын жасаушы, Лондон экономикалық мектебінің өкілі, атақты социолог Эрнест Геллнер өзінің «*Ұлт және национализм*» атты атақты еңбегінде национализмді тарихи заңдылықтардың теориясы деп атайды. Оның пікірінше, этностық шекаралар саясатпен қиылыспауы тиіс, атап айтқанда, бір мемлекеттің ішіндегі этностық шекаралар, оның жалпы анықтамасында өзінің қағидаттарымен формальды түрде жоққа шығаратын ықтималдық – басқарушыларды халықтан бөлмеу керек [5, с. 24].

Сонымен қатар, Геллнер ұлттың қалыптасуында мемлекеттің рөлін айта отырып, егер мемлекет жоқ болса, ұлттық шекарасы мемлекеттің шекарасымен түйісуі туралы мәселе өздігінен алынып тасталады. Ал егер мемлекет те жоқ, билік те жоқ болған жағдайда, онда олардың ұлты туралы мәселе өздігінен жойылады. Мемлекет, билік болмаған жағдайда национализм ұстанымдарын кімнен талап етуге болады. Мұндай мемлекеттік емес құрылым өзінің наразылығын білдіруі мүмкін, алайда, бұл басқа мәселе деп өзінің ойын білдіреді.

Геллнердің атақты национализм концепциясында ұлттық бірегейлік сөзінің орнына ұлттық тәнділік немесе бір ұлтқа жататындық синонимін қолдана отырып, конструктивистік тұрғыда тұжырым жасайды. Ұлттық тәнділік (бірегейлік) – адамның тумысынан қалыптасқан, өзгермейтін қасиеті емес, дегенмен, соңғы уақытта ондай түсініктің де жоқ емес екендігін айтады. Оның ойынша, шын мәнінде, ұлттар мемлекет сияқты – бар болғаны кездейсоқтық, ол жалпыға ортақ

қажеттілік емес. Мемлекет те, ұлт та барлық уақыттарда және барлық жағдайларда өмір сүрмейді.

Сонымен, Геллер мемлекет пен ұлттың өзара арақатынасын қарастыра отырып, оның екеуі арасындағы байланыстың тарихына назар аударады. Яғни, оның концепциясына сәйкес мемлекет ұлттың көмегінсіз құрылған деген тұжырым жасайды. Кейбір ұлттар да тарихта мемлекеттің көмегінсіз қалыптасқанын алға тартады. Ал қазіргі уақытта олар бір-бірінен өмір сүре алмайды. Оларды төмендегідей топқа екі топқа бөліп көрсетеді:

1. Егер олар өз кезегінде идеялар, шартты таңбалар, байланыстар, мінез-құлық және қарым-қатынас тәсілдері деген атауды иеленетін бір мәдениет төңірегіне топтасқанда ғана екі адам бір ұлтқа жатуы мүмкін.

2. Егер олар бір-бірінің осы ұлттың өкілдері екендігін мойындаған жағдайда ғана екі адам бір ұлтқа жатады.

Басқаша айтқанда, ұлтты адамдар жасайды, ұлттар – бұл адамдардың сенімінің, ынтызарлығы мен бейімділігінің өнімі деп атап көрсетеді. Адамдардың белгілі бір тобы (белгілі бір территорияның тұрғындары немесе белгілі бір тілде сөйлейтіндер) ұлтқа айналады, егер оларды біріктіретін мүшелігі тұрғысында айтар болсақ, бір-бірін қатысты жалпыға ортақ құқықтар мен міндеттерді осы топтың мүшелері нақты мойындаған кезде ғана іске асады [5, с. 34].

Национализм бағытында ұлттық мәселелерді зерттеу бойынша концепциялардың дамуына кеңестік және ресейлік ғалымдар да өздерінің зор үлесін қосты. Солардың ішінде Л.Н. Гумилев, В.А.Тишков, М.Н. Губогло, С.Е.Рыбаков, В.И. Козлов, Л.М. Дробижева, А.И. Миллер және С.В. Соколовский тағы басқалар-

дың еңбектерін атап айтуға болады. Осы орайда ресейлік ғалым В. Тишков этнос мәселесі бойынша баяу әдістемелік эволюциясына қарамастан, көпшілік батыс ғалымдарының этностық бірегейлік туралы ойларын «послебартовские» деп атайды. Оның себебін үшке бөліп түсіндіреді.

Біріншіден, тарихи-мәдени айырмашылықтарының негізінде өмір сүретін қауымдастықтар адамдар мен олардың өздері құрған институттары тарапынан, әсіресе, мемлекет тарапынан мақсатты түрде күш салуы нәтижесінде пайда болған және өмір сүретін әлеуметтік құрылымдарды білдіреді. Бұл қауымдастықтардың немесе әлеуметтік түрде құрылымдалған одақтардың мәні индивидтер арасында өзара бөлісетін белгілі бір қауымдастыққа немесе бірегейлікке жату, сондай-ақ осы жалпыға ортақ бірегейліктің негізінде пайда болған ынтымақтастық туралы түсініктен тұрады.

Екіншіден, таңдамалы мәдени ерекшелік пен бірегейліктің құрамы негізінде пайда болған қауымдастықтардың шекарасы тек қана тарихи-уақыттарда ғана емес, сондай-ақ, ситуациялық жоспарларда да құбылмалы және өзгермелі түсініктер болып табылады.

Үшіншіден, жеке және топтық ниеттестікке негізделген және құрылған әлеуметтік-мәдени одақтардың табиғаты ынтымақтастықтың бірдейлігі арқылы сыртқы қатерлерге жауаптарды ұйымдастыру, ресурстар мен саяси институттарға жалпы бақылау және мәдени-гомогендік бірлестік шеңберінде әлеуметтік жайлылықты қамтамасыз ету [30, с. 114-115]. Осының негізінде Тишков этностық топтарға басқа қауымдастықтармен іргелі байланыс пен қарым-қатынас бойынша мәдени өзіндік бірегейлену негізінде құрылған қауымдастық ретінде анықтама береді.

Ал, кеңестік ғалым – Л.Н. Гумилев болса, этностарды зерттеуде оның табиғи дамуы мен жойылу ерекшеліктеріне баса назар аударады. Ғалымның этногенез теориясына сәйкес этностар оқшауланған жүйе. Олар энергиядан біртектес қуат ала отырып тепе-теңдік жағдайына өтеді, болмаса жан-жақ шапырып ыдырап жойылып кетеді. Этностар әлеуметтік құбылыс емес, керісінше табиғи құбылыс. Автордың көзқарасына сәйкес қартайған этностардың негізінде жаңа этнос пайда болып, субэтнос немесе суперэтносқа айналатын үздіксіз үрдістер тоқтаусыз жүріп отырады. Л.Н. Гумилев әрбір этнос Жер бетінде өмір сүру үшін қоршаған ортаға бейімделу керек. Этностардың қоршаған табиғатпен етене байланысы кеңістіктегі өзара бір-бірімен жақын қарым-қатынасты тудырады. Алайда, өзінің өмір сүру аумағында мекендей отырып этнос мүшелері оған тек өзінің мінез-құлқын өзгерту арқылы, қандай да бір айрықша сипатқа ие бола отырып бейімделуі мүмкін. Тарихи дәстүр сияқты қалыптасқан стереотиптер бір этносты екінші этностан ерекшелеп тұрады деп пайымдайды [68].

Гумилевтің этнос туралы айтылған жоғарыда пікірімен гумилевшіл ғалым Бородай Ю.М. келісе отырып, оның этногенез теориясын ұлт туралы сұрақтың толықтай мүлдем алынып тасталғанымен сынамайды. Оның пайымдауынша ұлт пен этнос әр түрлі құбылыс, бұл категориялардың арасындағы шекараны теориялық тұрғыда терең түсінбеген жағдайда қазіргі таңда бастан кешіріп жатқан ұлттық саладағы өткір мәселелерді шеше алмаймыз. Автордың ойынша ұлт дегеніміз мемлекеттік-құқықтық құрылыстың қандайда бір жобаланған тәжірибесі іспеттес, мұндай тәжірибені әдет-ғұрып пен салт-дәстүр ғана құрамайды, сондай-ақ

мемлекеттік құқық пен жүйеленген адамгершіліктен тұрады. Оның алғышарты ретінде ең алдымен дамыған мәдениетті атауға болады [69].

Бородай ұлт пен мемлекет түсінігінің өте жақын екендігін айтады. Ол өзінің еңбегінде: «Мемлекет ұлтты құрайды ма, әлде ұлт мемлекетті құрады ма?» – деген сұрақ қояды. Оның пікірінше бұл сұрақ тауық бірінші пайда болады ма әлде жұмыртқа ма деген сұраққа ұқсас. Пісіп жетілген этнос ұлтқа айнала отырып мемлекетті құрады, шынтуайтында бұл тек бір этностың ғана жетістігі емес, этностық топтардың бір жалпыға ортақ ұлтқа бірігуінің жемісі. Сондықтан барлық қалыптасқан ұлттың негізі көпэтносты деп түйіндейді. Шын мәнінде қазіргі әлемдегі қалыптасқан ұлттардың тарихына терең бойлайтын болсақ, ұлттың түрлі этностардан құралғанын эволюциялық үрдістерді басынан кешіргенін байқауымызға болады.

Жалпы ұлт және этнос түсінігі арасындағы ерекшеліктерге П.В. Терешкович те терең мән береді. Оның пікірінше «ұлт – индустриалды кезеңнің ірі социомәдени қауымдастығы үшін қолданылатын полисемантикалық түсінік. Ұлт түсінігінде екі негізгі тәсіл бар: біріншісі белгілі бір мемлекеттің саяси азаматтарының қауымдастығы (саяси ұлт) болса, екіншісі бірыңғай тілі мен санасы бар этностық қауымдастық (этноұлт)» [70].

Келесі тағы бір ресейлік ғалым Л.М. Дробижева мемлекеттік-азаматтық немесе ұлттық-азаматтық бірегейлік түсініктерінің біздің қоғамдық сала үшін жаңашылдық екендігіне назар аударады. Автордың айтуынша ұлт түсінігі тарихи кезеңдерден бері қарай этномәдени қауымдастық ретінде бізге жетті. Тек посткеңестік кезеңде ғана мемлекеттік және ұлттық

бірегейлік жеке өз алдына бөлек айтылып, қолдана бастады. Сондықтан, біз өздерін елдің азаматтарына теңестіретін, елдің тағдырына жауапты санайтын және осыған байланысты қамығу сезімін бастан кешетін адамдардың ұлттық-азаматтық бірегейліктерге жүгінуіміз кездейсоқ еместігін айтады [71].

Этностардың өзін-өзі сақтауда олардың жұмылдырылуы мен ұлттық элитаның қызметін тиянақты зерттеуге танымал ресейлік ғалым М.П. Губогло арнайы еңбек арнаған. Ғалымның пікірі бойынша этностардың қалыптасуы мен қызмет етуіне белгілі бір, алдын ала дайындалған мақсаттар мен міндеттердің қажеті жоқ. Этностық индикаторлар мен маркерлер, атап айтқанда топтық бірегейленудің символдары: тіл, дін, ата-баба мұрасы, төл мәдениет, аңыздар, материалды мәдениеттің элементтері, ортақ генетикалық шығу тегі туралы мифологиялық түсінік немесе байырғы тарихи мекен ететін жер мен этностық қалыптасу үрдісі болса жеткілікті. Жоғарыда айтылған шынайылықтар мен символдардың көмегімен бір мемлекеттің ішінде этностық топтасу «біз – олар» сияқты қарама-қарсы бағытта іске асуы мүмкін [72, с. 13].

Автордың пікірімен келісе отырып, этностардың қалыптасуына алдын ала дайындалған мақсаттар мен міндеттердің қажет еместігі туралы көзқарасы конструктивизм және инструментализм тәсіліне қарама-қайшы келетіндігін аңғаруға болады. Конструктивизм тәсілі бойынша этностардың бірегейлігінің қалыптасуында ұлт көшбасшыларының алдын ала мақсатты түрде іс-әрекетінің ерекше маңызын атап айтпасқа болмайды. Олардың бірегейлікті қалыптастыруда белгілі бір ұлттың символдарын кеңінен қолданып, тарихқа терең жүгінетіні белгілі. Сол арқылы ұлттардың ұлттық са-

насын, қалыбын келтіре отырып, бірегейлігін қайта жаңғыртуға белсене атсалысады.

Осы орайда ұлт пен этнос туралы жоғарыда айтылған түрлі тұжырымдар мен әдіснамалар Қазақстандағы ұлттық үрдістердің даму ерекшеліктерін одан әрі түсінуге және оны зерттеуге мүмкіндік береді. Әсіресе, соның ішінде ұлттық бірегейліктің қалыптасуында примордиализм мен конструктивизм теориясының қазақстандық қоғамдағы ұлттық жағдайдың шынайылығын ашып көрсетуде маңызын ерекше атап айтқымыз келеді. Өйткені, барлық ұлттық дамушы қоғамдарға тән қазақстандық қоғам өкілдері арасында да ұлт және ұлттық бірегейлік түсінігіне келгенде жоғарыда айтылған екі қағидаға сүйенетіні анық. Сол арқылы ұлттың шығуы мен ұлттық бірегейлікті анықтауда азаматтар арасында көп жағдайда көз-қарастардың қарама-қайшылығы байқалады.

Осы мәселелерді зерттеумен қазіргі таңда әлемдік ғалымдармен қатар, қазақстандық ғалымдар да өздерінің үлестерін қосып жүр. Қазақстандық ғалымдар өздерінің ғылыми зерттеулерінде ұлтты түсінуге келгенде жоғарыда айтылған ұстанымдарды ұстанады. Көп жағдайда олардың осы мәселеге қатысты пікірлері бір ортаға келіп тоғыспайды. Осы тұрғыда отандық ғалымдар В.Ю. Дунаев, В.Д. Курганская қазақстандық қоғамдағы этностық бірегейлікті түсіндірудің примордиалистік, конструктивистік, функционалды және тағы да басқа толып жатқан парадигмалары этностық санадағы этнодифференциялаушы диспозициялардың негізін салушы рөлін мойындайды. Олардың айтуынша, этноұлттың бірегейліктен айырмашылығы азаматтық-ұлттық өзіндік сананың қалыптасуы мағыналық бөліністердің

қарсы аксиологиялық категорияларынан тұрмайды. Индивидтердің ұлттық-мемлекеттік топтасуы сияқты жүретін азаматтардың ұлтының қалыптасуы, сонымен бірге, тұлғаның шектеулі адамзаттық кангломераттарға жаппай бірігуінен босатады. Әртүрлі этномәдени бағдарлардың өзара келісімінің өркениеттік, бәрінен бұрын саяси-құқықтық формасын іздеуде көпэтносты және мультимәдени бірлестіктерде кросс-этностық қарым-қатынастарды жақсарту бойынша күш жұмсауға бағытталуы қажет. Сонымен қатар, ұлттық өзін-өзі анықтауда этномәдени және азаматтық қағидаттардың шынайы бірлігі әлеуметтік шынайылықтың мәнін субстанционалды-натуралистік, сондай-ақ, инструменталды-рационалды түсіндіруден арылуды білдіреді [44, с. 195].

Қазақстандағы ұлттық мәселелерді зерттеумен айналысатын белгілі ғалым Р.Қ. Қадыржанов өз еңбектерінде этносимволизм тәсіліне жүгінеді. Оның пайымдауынша, ұлттық бірегейліктің қалыптасуы титулды ұлт мәселесімен, оның ядро ретінде өзінің символдары арқылы басқа да түрлі этностарды өзінің төңігеріне топтастыра алу қабілетімен тығыз байланысты. Ұлттық мемлекеттің дамуында титулды ұлттың бірегейлігінің қалыптасуында ұлттық идея, патриотизм, ұлттық тарих, мифтер мен тіл сияқты құралдар ерекше қызмет атқарады. Сонымен бірге, Қазақстанның ұлттық мәселелерін зерттеу үшін ұлттық бірегейліктің маңыздылығын ерекше атап көрсетеді. Оның себебі Қазақстанның ұлттық саласының дамуында ұлттық бірегейлік субъективті жеке тұлғалық өлшемдерді өз бойына жинақтайды, сондай-ақ, ұлттық бірегейлікті түсіну мен оны зерттеуге жаңа көзқарастар, жаңа бастамалар жүктейді [45, с. 131].

Автордың көзқарасы бойынша, ұлт – барлық адамзат баласының қауымдастығы секілді – ақылы, еркі, құндылықтары, діни көзқарастары, саяси және мәдени сенімдері, талғамы мен таңдауы бар жеке адамдардан, бірлестіктерден құралады. Әрбір адам қоғамда өмір сүреді, қоғамға бірігу мен әлеуметтенуде бірыңғай институттар арқылы өзінің өмірінің кезеңдерінен өтеді. З.Н. Сәрсенбаева еңбегінде қазақстандықтар өздерінің ұлттық бірегейлігін анықтауда этностық және азаматтық түсініктердің айырмашылығын әлі күнге жете түсінбегенін айтады. Автордың ойынша жоғалған рухани мұраны қайта жаңғырту деген ұмтылыс түсінікті еді, сонымен қатар, оны өзіміздің этномәдениетімізде үстем ету маңызды еді. Барлық мәдениеттерге тән тек өзінің мәдениетінің үстемдігін алға шығаратын қырлардан өтіп кетпеу міндеті тұрды, онсыз ұлтшылдыққа бой ұру және басқа мәдениеттердің құндылықтарын қабылдауға қарсы болу оңашалануға алып келіп, кейде ішкі этносаралық тартыстардың өрбуіне алып келеді [73, с. 244-245].

Қазақстанда ұлттық бірегейлікті анықтауда қоғамда екі концепцияның қарама-қайшылығын Қадыржанов та айтады. Ол оны «Қазақ ұлты» және «қазақстандық ұлт» деп екіге бөліп көрсетеді. Бұл екі тұжырым қазірше виртуалды кеңістікте, қоғамдық дискурс саласында күрес жүргізіліп отыр деп пайым жасайды [74, с. 80-81]. Қазақстандықтардың бірегейлігін анықтауға келгенде қазіргі қоғамдағы жоғарыда айтылған қарама-қайшылықтардың туындауының негізі тереңде. Кеңестік уақытта қалыптасқан кеткен адамдардың саяси мәдениеті, коммунистік санасы мен халықтың құндылықтарымен астасып жатыр. Бұл өз кезегінде коммунистік жүйенің ыдыраған тұсында адамдардың

бірегейлігін таңдауында тығырыққа тірегені анық. Оған қоса ұлттық құрамның түрлі этнос өкілдерімен араласып көпэтносты және мультимәдени қоғамның қалыптасуы тағы бар.

Жоғарыда айтылған отандық ғалымдардың пікірлері көп жағдайда ұлттық құрылысты қалыптастырудың посткеңестік кезеңінде кеңінен қолданысқа ие болған моделіне сәйкес келеді. Барлық посткеңестік мемлекеттер әдебиеттерде «титудды ұлт» деген атауға ие болған жетекші этносы бар ұлттың түріне жататыны белгілі. Посткеңестік мемлекеттердің ұлттық жобасында қоғамның тілдік, мәдени кеңістігінде титулды ұлттың тілінің үстемдік құруы ұлттық құрылыспен бірегейліктің бірінші шарты болып табылады. Бұл жерде титулды ұлттың тілінің, мәдениеті мен символдарының көпэтносты қоғамда жалпыға ортақ қолданысқа ие бола отырып үстемдікке ұмтылуына баса мән беріледі. Қазақстанда мемлекет ұсынған ұлттық топтастыру мемлекет тарапынан терең қолдау тапқан эволюциялық үрдіс ретінде сипаттауға болады. Алайда, көпэтностық қоғамда этносаралық наразылықтың туындауына себеп болатын және Қазақстанның түрлі этностарына қазақ символдарын күштеп таңудан бас тартуға жол ашатын қоғамға тиімсіз саясатты қолдан жасауға тырыспайтындығын атап көрсетеді.

Осылайша, шетелдік және посткеңестік елдердегі авторлардың еңбектеріне шолу жасай отырып, ұлттық үрдістердің дамуы көп жағдайда бір-бірімен ұқсас бола бермейтініне көз жеткіземіз. Олардың кейбіреулерінде ұлттық мемлекет пен ұлттық құрылыс жеткілікті деңгейде дамудың бір ізіне түсіп ортақ сипатына ие болған болса, ал кейбіреулерінде бүгінгі күнге дейін ұлттық үрдістер енді ғана пісіп жетіліп келеді. Мұндай

жағдай посткеңестік елдердегі ұлттық құрылыстың даму ұқсастығына назар аудартады. Соның ішінде Қазақстандағы әр түрлі ұлттарды бір ортаға топтастыру жағдайының қалай орын алғандына келетін болсақ, бірінші кезекте оның саяси жүйесі, мемлекеттік тарихы, ұлттық және территориялық орналасу ерекшеліктеріне көңіл бұрады.

Жаһандану және интеграциялану жағдайында қоғамда ұлттық бірегейлік мәселесі мемлекеттің тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін шешуші рөл атқарады. Ұлттық бірегейлік түбегейлі анықталмаған жағдайда қоғам ішінде дағдарыстың орын алу ықтималдығы күшейеді. Яғни, өз кезегінде ұлтаралық және этносаралық қарым-қатынастар, көпші-қон үрдістері мен жергілікті элиталардың ұлттық саясаттағы жұмысының күшеюіне өз әсерін тигізеді. Нәтижесінде, азаматтардың өздері бірегейлігін іздестіру барысында рулық, тайпалық, діни, отбасылық сияқты басқа да бірегейлік түрлерінің күшейіп, кең таралуына жол ашады. Мемлекеттің ішінде түрлі ағымдардың күшейіп, тоқырауға ұшырауына алып келеді. Соңдықтан нақты ұлттық бірегейлік қалыптасқан қоғамда ғана тұрақталған және мығым мемлекеттің дамуы орын алады.

Осы салада мемлекет құрылысты қалыптастыру барысында өз ішіндегі этностарды бір ортаға топтастыру үрдістері мемлекет дамуының барлық кезеңдерінде өзімен бірге қатар жүріп отырады. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей түрлі этностарды топтастыруда мемлекеттің қарқынды ұлттық саясаты қоғамда көптеген түрлі қарама-қайшылықтарға қарсы келіп жатады. Бұл тұрғыда кез келген мемлекет ұлттық бірлік пен келісімнің үздік моделін қалыптастыруға тырысаты-

ны табиғи жағдай. Сол арқылы саяси қалыптасқан ұлтты құру жолына түсіп, өзінің егемендігін нығайтып, ұлтаралық татулық пен ұлттың бәсекеге қабілеттілік сапасын арттыра түседі.

Бұл туралы Е.К. Әлияров өз ойын былай білдіреді: «Ұлтты Қоғамның, мемлекеттің мүдделеріне жақын араласқан кезде, оның дамуының негізгі векторларына қолдау танытқан жағдайда ғана толысқан ұлт деп санауға болады. Одан басқа ұлттық құрылыс – тек мемлекет күш салуының нәтижесінде ғана емес, сондай-ақ өздері белсенді қатысу арқылы азаматтардың біртұтас ұлтқа бірігу үрдісі» – деп атап көрсетеді [46, с. 88]. Яғни, автор қазақстандық қоғамның саяси белсенділігі, саяси мәдениеті мен азаматтық ұстанымдары күшейгенде Қазақстанда саяси ұлт қалыптасатынын меңзейді. Бұл мемлекеттің біздің қоғамда жүргізіп отырған ұлттық саясатының тиімді іске асуына жол ашады. Қоғам тарапынан кері байланыс туындап, елдегі тұрғындар үшін ең қолайлы этносаясатты таңдауға септігін тигізеді. Алайда, бұл тек қазақстандықтардың қазіргі патриархалды саяси мәдениетінің активті түрге өткен кезінде ғана мүмкін болмақ.

Саясаттану ғылымы бойынша қоғамдағы этностарды бір ұлттың төңірегінде топтастыру мынандай өлшемдердің шеңберінде қарастырылады: территориялық, құндылықтық, жалпыұлттық топтасу. Ұлттық бірігудің территориялық негізі мемлекеттің территориялық біртұтастығына жағымды әсер етеді. Құндылықтық топтасу жергілікті өңірдің мәдени-тарихи ерекшелігін есепке алғанда маңызды болып табылады. Ал, жалпыхалықтық топтасу ең алдымен ұлттық бірегейлікпен тікелей байланысты болып табылады. Қоғамның ұлттық топтасуының басты қағидалары

ретінде: саяси және әлеуметтік жағдайларға қарамастан этностық азшылықтар арасындағы өзара түсінушілік атмосферасы және сенім, толлеранттылық, сұқбат, ұлттық бағыт, ар-намыс ұстанымдарына негізделген көпэтносты қоғамды дамыту, этноұлттық бірегейлікті сақтау үшін қолайлы жағдай жасау, ұрпақтар алмасуының жүзеге асуы, титулды этностың мәдени болмысының дамуы, ұлттық қарым-қатынастарды реттеудегі құқықтық негіздің іске асуы [75].

Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы жылдары елдегі ұлттық құрылыс жаңадан қалыптаса бастағанда ұлттық салада туындаған күрделі мәселелердің практикада оңтайлы шешім табуы – ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың қызметімен тығыз байланысты. Осы тұста Президенттің қазақстандық көпэтносты қоғамда сындарлы ұлттық саясатты жүргізе білу қабылеті өте маңызды рөл атқарды. Сонымен бірге, көпэтносты қазақстандық қоғамда қазақ халқының титулды ұлты бола отырып, басқа да этностардың тілі мен мәдениетіне, дәсүріне құрметпен қарауы, толлеранттылық пен келісімнің ерекше үлгісін көрсете білуі өте маңызды.

Президент бұл туралы өзінің «Қазақстандық жол» еңбегінде елдегі дамудың алғашқы баспалдақтары Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуы және даму стратегиясының қабылдануынан басталғандығын айтады. Стратегия қазақстандық ұлттың өзін-өзі анықтау мәселесінде идеологиялық іргетасқа аналған республиканың ең алғашқы ресми құжаты болды. Қазақстанның қазіргі орналасқан территориясы этностық тайпалардың тарихи отаны болды, кейініректе қазіргі Қазақстанның барлық территориясын қамтыған қазақстандық ұлтты құрап отыр

деп стратегияда кеңінен түсіндіріледі. Мемлекеттің біртұтас егемендігін қамтамасыз ету үшін барлық конституциялық құралдарды билік қолданатын болады деп анықтама береді. Бұл сол кездегі тұрақсыздық жағдайында маңызды мәлімдеме болды [76, с. 16-17].

Қазіргі кезде қазақстандық жол әлем мойындаған этносаралық қарым-қатынас пен татулықтың қазақстандық моделінің қалыптасуына, Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылуына жол ашты. Сол кезде жаңадан негізі қаланған қазақстандық саяси жүйе елдегі көпэтносты қоғамның мүддесінен шыға отырып осы жолды таңдады. Әлемдік кең танылған қазақстандық модель мемлекеттің саяси жүйесімен, соның ішінде Президенттік биліктің қалыптасуы үрдісімен қатар жүріп дамып келеді. Бұл туралы келесі бөлімде толығырақ жан-жақты қарастыратын боламыз.

1.2 Қазақстандағы саяси жүйенің қалыптасуы және ұлттық мәселелердің туындауы

Қазақстан кеңестік одақтас елдердің қатарында бір ғасырға жуық уақыт бойында социалистік саяси-құқықтық жүйе үстемдік құрған КСРО құрамында болды. Коммунистік жүйеге сәйкес билікті тармаққа бөлу қағидасы буржазиялық тұрғыда ұғынылып, кеңестік адамдар үшін жат түсінік саналды. Сондаңда болар бір орталықтан басқаруға негізделген әкімшілік-әміршілдік жүйенің саясаты одақ құрамына енген түрлі ұлттарды коммунистік-интернационалдық идеология арқылы басын біріктіріп отыруға бағытталған болатын. Кеңестік кезеңде Коммунистік партия өзінің қызметімен биліктің барлық саласын түгелдей дерлік қамтып отырды. Кеңестік қоғамды басқарушы және

бағыттаушы күш, барлық кеңестік жүйенің ядросына айналған Коммунистік партия одақтың саяси өміріндегі барлық маңызды мәселелерді шешуге араласты. Осы орайда, КСРО Конституциясының 6-бабында «Кеңестік қоғамды басқарушы және оған бағыттаушы, оның саяси жүйесінің, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарының ядросы Кеңес Одағының Коммунистік партиясы болып табылады», – деп нақты бекітілгенін ескере кетсек [77].

XX ғасырдың 80-90-жылдары саяси тарихта бүкіл кеңестік қоғамды уысына ұстап тұрған қатаң тоталитарлық жүйе әлсірей бастады. Оған бірнеше факторлар түрткі болды, әсіресе, ішкі және сыртқы саяси факторлардың ықпалы күшті болғанын атап айту қажет. Әлемдегі саяси жүйенің трансформациялануы, алдыңғы қатарлы Еуропа елдерінде демократизация үрдісінің тез таралуы мен ұлттық мемлекеттердің құрылуы сол кездегі коммунистік жүйенің іргетасын шайқалтты. Осы кезең кеңестік мемлекеттердің саяси-тарихы ескі жүйесінің біртіндеп терең дағдарысқа ұшырап, ақыр соңында Кеңестер одағының күйреуі мен коммунистік басқарудың орнына посткеңестік кеңістіктің қалыптасуымен сипатталады. Кеңестер империясының дағдарысқа ұшырауы - посткеңестік кеңістікті толықтай қамтыған барлық салалардың, әсіресе, соның ішінде саяси жүйенің күрделі трансформацияға ұласуына алып келді. Бұл кезең Қазақстан үшін де әлеуметтік-саяси трансформацияланудың өте ауыр және күрделі кезеңі болып тарихта қалды. Империялық одақтың құлауы және коммунистік партияның посткеңестік елдеріндегі саяси өмірінен кетуі, оның орнына басқа демократиялық жүйедегі мемлекеттердің құрылуы,

қоғамда ертеңгі күнге деген сенімсіздік, қорқыныш және үреймен қабылданды.

Жалпы алғанда қай кезде болмасын саяси билік мәселесі және оның қалыптасуы, даму проблемалары қоғамдық пікірдің назарынан түскен емес. Сондықтан қоғамдық санаға өзінің терең әсерін қалдыратын саяси жүйе әрқашан өзгеріп, сондай-ақ, үнемі жетілдіру мен дамуды талап етіп отыратыны тағы бар. Қазақстандағы саяси жүйенің трансформацияға ұшырауына, біріншіден, бұрынғы жүйенің шынайы түрде өмір сүруін тоқтатуы болса, екінші жағынан, жаңа жүйенің қалыптасуына деген алғашқы қадамдардың басталуы себеп болып табылады. Яғни, Қазақстанның саяси трансформациясын жүзеге асырудың негізгі алғышарты мен ұстанымдары ретінде Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алуы мен мемлекеттігінің қалыптасуы, тәуелсіздік жағдайында мемлекеттік институттардың құру міндеті, әлеуметтік-экономикалық салаларды реформалау және т.б. факторларды атауға болады.

Қазақстанның саяси жүйесін зерттеген қазақстандық ғалым М. Машан саяси жүйенің трансформациялануына байланысты осы кезеңдегі Қазақстандағы саяси үрдістердің дамуын үш кезеңге бөліп қарастырады:

1. 1985-1991 жылдардың аяғы. Ұлттық идеяның басымдыққа ие бола бастауы. Мемлекеттік тәуелсіздікке қол жеткізуде халық пен саяси элита біртұтас болды. Қолдаудың ең жоғарғы түрін ұлттық ояну мен мемлекеттік егемендік үшін күрескен қоғамдық бірлестіктер мен саяси қызметкерлер иеленеді. Басқарушы элита мен контрэлита арасындағы шекарада ұлттық мәселелер жатты, оппозицияда этностық ерекшелігі бойынша орыстар басымдық көрсетті. Бір

жағынан, бұл факт қазақ-орыс қарама-қарсылығында қазақтардың басқарушы элитаны қолдауын анықтады.

2. 1992-2002 (2005) жылдар. Бұл кезеңде тәуелсіздік алуға байланысты туындаған тоқмейілсу сезімі кейінге шегініп, тиімді мемлекеттік құрылымды іздестіру басталды. Бұл кезеңде халық бұқарасының басым бөлігі ішкі элиталық саяси күресті тек сыртынан ғана бақылаумен шектелді. Президенттік және кеңестік квазипарламенттік басқару формалары арасындағы генетикалық үйлесімсіздіктің себебінен екі Жоғарғы Кеңес ауысты. Президент институтының қалыптасуы жүріп жатты. Конституциялық үрдіс жылдам қарқынмен дамыды.

3. 2002-2005 жылдардан кейін. Мемлекеттік-саяси құрылым мәселелерінің шешілуі және мүдделі топтар мен кландар арасындағы саяси биліктің бөлінісінің аяқталуы. Бұл кезеңге тән қасиет әлеуметтік-экономикалық ойлардың басымдық танытуымен сипатталады. Соның ішінде бірінші кезеңнің өзін (1985-1991 ж.) шартты түрде үш:

- а) либералды;
- ә) демократиялық;
- б) ұлттық сияқты салаларға бөледі.

Осы кезеңге тән ерекшеліктер – ұлттық идеяның басымдыққа ие бола бастауы; мемлекеттік тәуелсіздікке қол жеткізу мақсатында саяси элита мен халық біртұтас болуы; халықтың көпшілік қолдауына қоғамдық бірлестіктер мен саяси қызметкерлердің ие бола бастауы; басқарушы элита мен контрэлита арасында ұлттық мәселе жатты. Бір жағынан, бұл факт басқарушы элитаны қазақтардың басым бөлігінің құрауы, сондай-ақ, оны қазақ және орыс қарама-қайшылығы негізінде қолдауды көрсетеді [78].

Бұл жерде Қазақстандағы саяси үрдістер дамуының бірінші кезеңінің өзінде-ақ Қазақстанда ең алдымен ұлттық мәселелердің алға шыққаны байқалады. Яғни, қазақ халқының ұлттық санасының оянуы мен бірегейліктерін анықтауға байланысты алғашқы қазақ-орыс қарама-қайшылықтардың біліне бастағанын көруге болады. Сонымен бірге, халық пен саяси элита бірлесе отырып, белсенді түрде саяси биліктің бағытын анықтауға атсалысты. Яғни, Қазақстанның тәуелсіздік тарихы сол жылдары халықтың билікке араласуы демократиялық үрдістер элементтерінің әлдеқайда басымы болғандығын көрсетеді.

Қазақстанда жаңа билік жүйесі мемлекеттің егемендік алған алғашқы күнінен бастап тиімді мемлекеттік-саяси басқарудың түрін іздестіруде ел дамуының бағыттарын және жүріп жатқан үрдістерді айқындауға тырысты. Ең алдымен, қазақстандық қоғам республикалық басқарудың президенттік және парламенттік түрі арасындағы таңдау мәселесімен бетпе-бет келгені ақиқат. Дегенмен, сол уақытта әлемде кең таралған ғаламдық демократиялық трендтердің ықпалы мен қоғамдық пікірдің басымдығына сәйкес либералды құндылықтар мен ұстанымдардың негізінде Президенттік басқаруға негізделген демократиялық, құқықтық және әлеуметтік құрылымға баса назар аударылды.

1990 жылы 24 сәуірде ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің шешімімен Қазақстан Республикасының Президенті басқару лауазымы ресми түрде енгізілді. 1991 жылы 16 қазанда Қазақстанның Президентін тұңғыш рет сайлауда сайлаушылар Н.Ә. Назарбаевқа 96,78 пайыз дауыс басымдығын берді. Яғни, сайлауда үміткерлер арасында айқын басым дауыспен Қазақстан Республикасы-

ның Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев сайланды. Осы тұста бұрынғы кеңестік елдердің барлығында президенттік басқару формасына өту кең таралған болатын, сондай-ақ, басқарудың бұл түрі барлығына ортақ белгілермен сипатталады. Алайда, Қазақстандағы басқару жүйесінің ерекшелігі ретінде президенттік институттың мемлекеттік және ұлттық құрылысты қалыптастырудағы ерекше рөлін айтпасқа тағы болмайды.

Президенттік биліктің ауқымы бастапқы кезеңде шектеулі болды, ол көп жағдайда маңызды саяси шешімдер қабылдағанда парламентпен санасып отыруына тура келді. Әрине, бұл кеңестік мемлекеттік басқару жүйесінің қалдықтарының саяси санада әлі де болса сақталып тұрған уақытында заңды болып саналады. Одан басқа өткен ғасырда әлемдік тәжірибе көрсеткен тағы бір жайт империялық отарлық езгіде болған кейбір ұсақ мемлекеттер тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін өздерінің ұлттық құрылысын қалыптастыру кезінде демократиялық даму жолын таңдағаны тарихта белгілі.

Қазақстандағы саяси жүйесінің өзгеруі алғашқы жылдары қоғам алдында президенттік билік пен парламенттік билік арасында таңдау болғаны рас. Алайда, президенттік билік Қазақстанда уақыт өте келе толықтай берік орнығып, суперпрезиденттік дәрежеге дейін көтерілді. Жалпы, сонымен бастапқы парламенттік режимге деген жолдан суперпрезиденттік республиканың қалыптасуына дейін аралық бірнеше мәрте кезең-кезеңімен биліктің дағдарысымен іске асты. Атап айтқанда, екі мәрте парламент таратылып, билік тармақтары арасында өкілеттіліктер мен мәртебелік ұстанымдар қайта бөлініске салынды [43, с. 114].

Қоғам қайраткері Қасымбеков М.Б. Қазақстандағы саяси жүйенің қалыптасуын талдай отырып, пост-социалистік билік трансформациясын екі кезеңге бөліп қарастырады: бірінші – ескі билік жүйесі мен мемлекеттік басқаруды қайта қалпына келтіру; екінші – біртіндеп биліктің жаңа түріндегі негізін қалау болып табылады. Бірінші кезең көп уақытты қамтымады, шамамен, 1991 жылдың соңы мен 1993 жылдың аяғына дейінгі уақытты қамтыды. 1993 жылы басталған билікті тиімді бөлу үрдісінің екінші кезеңі ғалымның көзқарасынша қазіргі уақытқа дейін жалғасын тауып отыр. Іс жүзінде билікті заман және қоғам талабына сәйкес жетілдіру мен дамытып отыру тоқтаусыз жүретін тенденция ретінде қарастыруымызға болады. Оған жуырда ғана Қазақстан Республикасы Президентінің «Бес институционалды реформасының» жүзеге асуын бір айғақ ретінде ҚР Конституциясына бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі дәлел бола алады. Енгізілген өзгерістерге сәйкес мемлекеттік билік тармақтары арасындағы өкілеттіліктер өзара бөлініске түсті. Нақтырақ айтқанда Президент құзырындағы кейбір өкілеттіліктер Үкімет пен Парламенттің қарамағына өтті. Дегенмен Қазақстан президенттік басқару формасында ары қарай қала берді.

Өткенге қайта оралар болсақ, 1995 жылы 25 наурызда қазақстандық қоғамның татулығы мен елдегі саяси және әлеуметтік жағдайдың терең жарықшақтануына жол бермеу мақсатында, елдің барлық ұлттары мен халықтарының мүдделерін зерделеу мен есепке алу, сондай-ақ жан-жақты және тең құқықты дамуы үшін 1994 жылы Мемлекет басшысының бастамасымен құрылған бірегей қоғамдық орган – Қазақстан Халықтарының ассамблеясы Қазақстан Республикасы

Президентінің өкілеттілігін 2000 жылдың 1 желтоқсанға дейін ұзарту жөніндегі республикалық референдум өткізудің қажеттілігі туралы қарар қабылдап, аталған ұсыныспен мемлекет басшысына өтініш білдірді.

Қалыптасқан ахуалды негізге ала отырып, сондай-ақ қоғамның жіктелуіне жол бермеуге Президенттен шаралар қолдануын талап еткен ел тұрғындарының күллі әлеуметтік топтарының пікірін еске ала отырып, Мемлекет басшысы уақыт талабына орай референдум өткізуге шешім қабылдады [79, с. 11].

Осы жылы Қазақстан Республикасының Конституциясы мемлекеттің саяси жүйесінде президент институтының басымдығын толықтай бекітіп берді. Мемлекеттің негізгі заңы президент институтындағы биліктің барлық саласына ерекше ықпалын растады. Әрине, осыдан кейін Президенттің қолында елімізде жүргізілетін саясаттың, реформалар мен өзгерістердің айтарлықтай билігі мен әкімшілік мүмкіндіктерін арттырды. Президент институтында мемлекетті басқарудың қызметтері мен мүмкіндіктерінің жоғарғы деңгейде шоғырлануы қоғамда және ғылыми ортада ерекше талқылау объектісіне айналды. Бұл президент институтының нормативті-құқықтық жағдайда саяси жүйенің басты элементі болып табылғандығын айқындады.

Бастапқы кезеңдегі саяси жүйенің қалыптасу үрдісіне ішкі саясаттың көзқарасы тұрғысынан алып қарайтын болсақ, елдің постсоциалистік дамуы барысында биліктің жаңа моделін таңдау кезінде негізгі екі критерийдің қатаң ескерілуі қажет болды. Оның бірі елдегі жоғарғы деңгейде тұрақтылықты қамтамасыз ету және оның әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси үрдістерге ықпалын тиімді бақылау. Ол ең алды-

мен халықтың идеялық-саяси және құндылықтық берік ұстанымдарына негізделуге тиіс болды [80, с. 288].

Қазақстанның өтпелі кезеңінде әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси мәселелерді тиімді жолмен шешу жаңадан сайланған биліктің алдында тұрған басты міндет болды. Оған қоса Одақ ыдырағанда кейбір батыс ғалымдарының Қазақстанның мемлекет ретінде қалыптасуына күмәнмен қараған тұста саяси биліктің тиімді түрін іздестіру ауадай қажет екені айтпаса да түсінікті. Батыс сарапшыларының күмәнін тудырған жайт Қазақстандағы этностық қоғамның күрделілігі, атап айтқанда жергілікті қазақтарға қарағанда басқа ұлттардың, соның ішінде орыстардың санының басым болуы. Экономикалық-әлеуметтік мәселелердің ушығып тұрған кезінде полиэтностық қоғамда тепе-теңдік пен тұрақтылықты ұстап тұру жаңадан қалыптасып жатқан билік жүйесіне оңай болмайтыны анық. Бұл мемлекет ішіндегі этносаралық және дінаралық наразылықтар мен қақтығыстардың туындау қаупінің басым болуымен болжанды.

Қазақстан Республикасының өз алдына мемлекет болып қалыптасуы барысында кеңестік жүйеден қалған, шешімін таппаған күрделі мәселелер қоғамда өзінің басымдығын әлі де болса жоғалтпады. Бұл қалдықтар өз кезегінде жаңа саяси жүйеге әсер етіп, көп жағдайда мемлекеттің еркін іс-қимылын тежеп отырды. Атап айтқанда, қазақстандық қоғамның кеңестік кезеңнен қалыптасқан полиэтностық жағдайы ұлттық мемлекеттің қалыптасуына және ұлттық бірегейліктің анықталуында, ұлттық саясаттың бір жақты іске асырылуына кедергі келтірді. Осы орайда, жалпы саяси жүйенің трансформациясы нәтижесінде жаңадан пайда болған президент институтының ұлттық және

мемлекеттік құрылым қалыптасуда маңызды рөл атқарғанын баса көрсету қажет. Полиэтносты қоғам жағдайында президент институты мемлекеттегі ұлттық саясаттың бағыты мен ұлттық бірегейліктің анықталуында негізгі фигураға айналды.

Тіпті, сол жылдары бірқатар қазақстандық зерттеушілер Қазақстанда Президент институтының құрылуын ұлттық мемлекеттіліктің дамуында, экономикада және әлеуметтік салада жағымсыз құбылыстарды алдын алу мен этносаралық тұтастықты қамтамасыз етудің алғышарттары ретінде қарастырады. Одақтан бөлініп қалған кеңестік қоғамның тұрғындары бір жағынан жаңа мемлекеттің болашағына күмәнмен қараса, екінші жағынан қоғамдағы кейбір шешімін таппаған күрделі мәселелердің оңтайлы жол табатынынан үміт үзбегені анық.

Сондықтан да болар қазақстандық қоғам ішінде азаматтардың ұлттық санасын оятып, ұлттық бірегейліктің анықталуы мен қалыптасуы басты жолға қойылды. Осы тұста мемлекеттік және ұлттық құрылысты іске асыру барысында егемен елдің болашақтағы бағыт-бағдарын айқындауда президент институтының қызметі орасан зор. Оған елімізде Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың басшылығымен іске асырылған ұлттық саясат саласында жүргізілген саяси реформалар мен стратегиялық бағдарламалар дәлел бола алады. Сол кезде мемлекеттің алдына қойған мақсаты мен бағыты елдегі ішкі тұрақтылықты сақтай отырып, мемлекетті және ұлттық құрылысты қалыптастыру еді. Ал, тұрақтылық тек Қазақстанға ғана емес, жалпы посткеңестік ортада маңызды болып отырған бірегейлікті қалыптастыру арқылы ғана жүзеге асыруға болатын еді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 40 - бабында «Қазақстан Республикасының Президенті – халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституция мызғымастығының, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі» – деп атап көрсетеді [81]. Яғни, ел Президенті ел ішіндегі барлық азаматтардың ұлты, тілі, жынысы мен тегіне қарамастан бәрін біріктіруші, ұлтаралық және мемлекетаралық қарым-қатынас саласында татулық пен бірліктің кепілі саналады. Қазақстан Республикасы Президентінің елімізде бейбіт және толерантты қарым-қатынасын орнатудың басты символына айнала бастағанын көруге болады. Сондықтан, Елбасының басшылығымен жасалған мемлекеттік-ұлттық саясат еліміздегі тұрақты, төзімді ұлтаралық және этносаралық қарым-қатынасты сақтауға және орнатуға бағытталған. Осы ретте, ұлттық саясатты жетілдіруде және мемлекеттік-ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда президент институтының рөлін ең алдымен, заңнамалық негіздер мен стратегиялық тұжырымдамалардан көруге болады.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен жасалған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бірегейлігін қалыптастыру тұжырымдамасы әзірленді. Қазақстан Республикасының Президентінің жарлығымен 1996 жылы 23 мамырда жаңа егемен және тәуелсіз Қазақстанда бірыңғай азаматтық бірегейлікті қалыптастыру мүмкіндіктері туралы ұсыныс жан-жақты қоғамдық, саяси және мемлекеттік талқылауға түсті. Мемлекет және қоғам үшін бірыңғай бірегейлік алдағы уақыттағы және болашақтағы дамуға қажет деп бекітілді. Президенттің бірыңғай мемлекеттік бірегейлікті қалыптастыру бой-

ынша ең маңызды ұсыныстары мен бастамаларына тоқталып өтер болсақ, олар:

Біріншіден, азаматтар арасындағы ұлттық ұстаным бойынша өзара бөлініс мәселесін шешудегі ең маңызды ұсыныс ретінде және шығу тегі, ұстанымдары бойынша қарама-қарсылықтарды әлсірету үшін барлық азаматтарды біртұтас тәуелсіз мемлекеттің бір бөлігі ретінде өздерін бағалау үшін тапсырмаларды іске асыру көзделді. Елбасының идеясы барлық тұрғындардың, барлық саяси күштердің мемлекеттің игілігі үшін өзара әрекетін арттырумен байланысты екенін байқауға болады;

Екіншіден, тұжырымдамада қарым-қатынас тілінің еркін таңдалуы нақты бекітілген. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл ретінде бекітілуі басқа да көпшілік этностардың орыс және басқа да тілдерін еркін қолданылуын шектемеуі қажет деп айтылған. Сонымен бірге, мемлекет тіл саясатын дамыту мен оны іске асыру мемлекеттік тілді және басқа тілдерді білмеу себепті жік туғызбауы керек делінген;

Үшіншіден, мемлекеттік бірегейлік тұжырымының ерекше маңызды теориялық және ғылыми жетістігі – Президенттің ұлттық саясатының стратегиялық мақсаты Қазақстанның патриоттық, жоғарғы білімді, мәдени азаматын қалыптастыру болып табылды. Осыған сәйкес мемлекет, басқару жүйесі, қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдар, саяси партиялар, элитаның назарын, жастарды демократиялық, азаматтық қоғам жағдайына дайындау және ұлттық белгісі бойынша өзара бөлінушілікке жол бермеуге бағытталған. Тұжырымдаманың мәні мен мақсаты біртұтас Қазақстанның төңірегіне барлық халықтарды шоғырландыруға арналады [82].

Біздің пікірімізше, ел ішінде барлық этнос өкілдерінің жалпы бірыңғай бірегейлігін қалыптастыруда маңызды, мәнді рөлді азаматтардың жоғарғы патриоттық сезімі атқарады. Ол тек жоғарғы саяси және құқықтық мәдениет бар жерде ғана іске алады. Ол үшін азаматтардың саяси-құқықтық мәдениетін қалыптастыру керек. Сондықтан, Қазақстандағы ұлттық бірегейліктің қалыптасуына президенттік институттың рөлі мен маңызын түсіну - еліміздегі ұлттық мәселелерді терең зерттеуді қажет етеді. Қазақ халқының тәуелсіздік алуы және өз алдына жеке дербес мемлекетінің құрылуы мен қазақ ұлтынан мемлекет басшысының тағайындалуы патриоттық сезіммен қатар, мемлекет құрушы және ұланғайыр аумақтың иесі болу мақтанышын оятты. Яғни, бұл үрдіс қазақ халқының ұлттық санасының одан сайын оянуына түрткі болды.

Ұлттық бірегейліктің мазмұны мен парадигмасын анықтауға ұмтылу мен ғылыми іздестірудің саяси-құқықтық негізі Қазақстан Республикасының ең алғашқы ата заңы 1993 жылғы Конституциясында қаланды. 1993 жылғы Конституциясының 47-бабы этностық компонентке негізделген ұлттық бірегейліктің нақты парадигмаларын көрсетті. 1993 жылы ең алғашқы Конституция Қазақстанда ұлттық құрылыстың этномәдени моделінің басымдығын байқатты.

1995 жылы Конституцияның өзгерудегі басты себебі мен республиканың негізгі заңының қабылдануы этностық тұрғыда бағытталған ұлттық бірегейлікті барлық қоғам мүшелерінің қабылдауымен, күрделі мәселелердің орын алуымен байланысты болды. Өйткені, Қазақстанның барлық халқын қазақ ұлтының

төңірегіне топтастыру идеологиясы тұрғындар арасында кеңінен қолдау таппады. Ұлттық бірегейліктің қалыптасудағы тиімді жолын іздестірудің объективті нәтижесі Конституцияның өзгерісі болып табылды. Онда этностыққа бағытталған ұлттық бірегейлік жалпылама тұжырымды ой мен түсінікке ауыстырылды. Этностық және азаматтық бірегейлігі арасындағы тепе-теңдікті сақтаудың жолын іздестіру егемендік жылдары жоғарғы басшылық назарында ерекше маңызды мәселеге айналғаны анық [52, с. 56].

1995 жылы жаңа Конституцияның қабылдануы мемлекеттің ұлттық құрылысты қалыптастыруда этностық және азаматтық бірегейліктер тепе-теңдігін ұстап тұруға тырысқандығы байқалады. Оның басты себебі, мемлекеттегі барлық этностық топтардың полиэтностық ортада шектетушілікті болдырмай және бір этностың басқа этностан жоғары тұруына жол бермеуге қарай өзгергені анық. Осы уақытта тек мемлекеттің осылай ымыраға келу саясаты арқылы ғана қоғамда этносаралық наразылық пен қақтығыстың алдын алуға болатын еді.

Алайда, Қазақстандағы негізгі титулды ұлт ретінде қазақ ұлтының тілі мен елдегі орны мемлекет құраушы ұлт ретінде назардан тыс қалмады. Бұл туралы Қазақстан Конституциясында «өзін-өзі анықтаушы қазақ ұлтының мемлекеттік формасы» ретінде ұлттық егемендігінің көрсетілуі, Берік Әбдіғалидың ойынша, төмендегідей маңызды факторлармен анықталады:

Біріншіден, кеңестік біртұтас мемлекет жағдайында орталық атынан саяси және экономикалық еріктің негізгі инициаторлары мен атқарушыларының басым көпшілігі орыс ұлтынан болғандықтан қазақтар туған республикасында өздерінің жағдайларына қанағаттанбады;

Екіншіден, патшалық Ресейдің және большевиктермен үзіліп қалған қазақ мемлекеттігінің тарихи мұрагерлігінің куәсі болды;

Үшіншіден, «кеңестік интернационализм» кезіндегі ұлттық зардаптан құтылу мен жеке және ұжымдық сезімді осы тұжырым арқылы оятуға ұмтылыс болды;

Төртіншіден, бұл қазіргі қазақстандық мемлекеттілікте қазақтардың ерекше рөлі туралы ойды қамтамасыз ету мен іске асырудың қажеттілігінен туындаған тұжырым болды, оның объективті себебі қазақ ұлты өзінің орнын тарихта, өзі мемлекетінде, өз рөлін сезіну сезімін жоғалта бастады;

Бесіншіден, бұл қазақтардың барынша еркін ойын білдіруге мүмкіндік берген осындай мемлекеттіліктің формасында өзінің күш-қуатын, мүддесін жүзеге асырудағы табиғи ұмтылысы болды [49, с. 30].

Түптеп келгенде Қазақстанның ұлттық бірегейлігінің біржақты анықталуындағы өте маңызды және өзекті мәселе ретінде елімізде әртүрлі ұлт өкілдерінің өмір сүруін айтуымызға болады. Бұл тұрғыда, Қазақстанның полиэтносты құрамының ерекшеліктерін ескере отырып, мемлекет басшысы халықтың барлығын бірдей күшпен бір тілге, бір идеологияға біріктіру арқылы оларды ассимиляциялау, одақтас елдердің тарихи тәжірибесі көрсеткендей болашағы жоқтығын тәуелсіздіктің бастапқы кезінен байқады. Сондықтан, бірегейліктің этностық түрі туралы қазақстандық қоғамда нақты іс-қимылдарға көшу ерте екендігін көрсетті. Керісінше, қоғамда азаматтық бірегейлікті дамыту қолдау қажеттігін туындатты. Ал, сонымен қатар бір мезгілде басқа ұлттарға қысым көрсетпей демократиялық мемлекет үлгісінде ассимиляциялау эволюциялық жолмен жүргізілгендігін қалады.

Осы туралы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Тарих толқынында» атты өзінің еңбегінде ұлттық бірегейліктің екі түрлі қарама-қайшы парадигмалары арасындағы таңдаудың қиын екенін айтады. «Қазіргі Қазақстанның этникалық әртүрлілігі таяудағы тарихи мерзімде бірыңғай этностық бірегейліктің қалыптасуы туралы айтуға мүмкіндік бермейді. Шындықтың бетіне тура қарай білу керек, бүгінгі таңда біздің пәтуа бірлігімізге саяси құндылықтар ғана тұғыр бола алады. Әзірше, қазақ тілі тәрізді мәдени дәнекер, өзінің елеулі рөлін атқара алмай келеді. Бүкіл қазақстандықтардың бірегей этникалық санасын қалыптастырудағы әуейліктің зор қасіретке ұрындыруы да ықтимал», – деген тұжырым жасады [83].

Бұл тұста Елбасының ішкі саясат саласындағы ұтымды саясатымен келіспеске болмайды. Өйткені, елде өмір сүретін әрбір этнос, этностық топтар қаншама ғасырлар бойында этностық болмысын жоғалтпай сақтап келе жатқан тіршілік иелері. Оларды бір мезетте алып тілінен, дінінен және салт-дәстүрінен ажыратып, күшпен ассимиляцияға ұшырату қоғам ішінде наразылықтың туындату қаупі бар еді. Сондықтан мемлекет ел ішінде әлемдегі этностық интеграциялық үрдістер көрсеткен тәжірибеге сүйене отырып ұлттық саясатты жан-жақты сараптап алып іске асыруы кездейсоқ емес екендігі анық. Нәтижесінде, ұлттық бірегейліктің жалпыға ортақ нұсқасын қарастыру, оны қоғам мүшелерінің толықтай қолдауы мен қабылдауы өте маңызды болып табылды.

Қазақстандағы ұлттық бірегейлікті қалыптастыру мәселесі төңірегінде мемлекеттің ұстанымы бірегейлік этностық негізде болуына сақтықпен қарап, азаматтық

бірегейлік пен этностық бірегейлік арасындағы тепе-теңдікті сақтап отыруға негізделген. Бұл этностық және азаматтық ұстаным арасындағы ымырашылдық саясат Қазақстанның ұлттық саясатының негізгі бағыты болып табылады. Сондықтан, ішкі және сыртқы жағдайларға байланысты посткеңестік елдердегі азаматтық және этностық бірегейлік арасындағы тепе-теңдік әрқашан тұрақты емес. Оның басты себебі полиэтносты қоғамдағы этносаралық наразылықтың өсу қауіпінің басым болуымен түсіндіріледі. Жалпы алғанда Қазақстандағы ұлттық бірегейліктің этностық парадигмасы ешқандайда қиыншылықтар тудырмайтын үрдіс саналушы еді, алайда, басқа қазақ емес, ұлттар үшін қазақ ұлтының тілі мен мәдениетін бойына сіңіріп бірегейлену үрдісі мүмкін емес жағдайда қалып отыр.

Қазақстан сияқты әртүрлі этнос өкілдері бас қосқан елде ұлттық саясаттың табысты іске асуы этносаралық келісім мен толлеранттылықтың қазақстандық моделінің қалыптасқандығын көрсетеді. Осы жолда Қазақстандағы ұлтаралық саясатты жақсартуда және әлемді мойындатуда жоғарыда айтылған этносаралық татулыққа бетбұрған Конституцияның өзгерісі және оның қабылдануымен ғана шектеліп қалмады. Атап айтқанда Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылуы (1995), «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» заңның қабылдануы (2008); «Қазақстанның ұлттық бірлігі доктринасының» әзірленуі мен қабылдануы (2008), қазақстандықтарды ұйыстыру мен басын біріктіру жолындағы маңызды қадамдар болып табылады. Н.Ә. Назарбаевтың ойы бойынша доктрина саяси тұрақтылықты, бірлікті және келісімді нығайтуға бағытталған [84].

Доктрина әзірлеудегі мақсат – көпұлтты ортада ұлттық біртұтастықты қамтамасыз ету. Доктринаға сәйкес ұлттардың өз тілдерін, дәстүрін, мәдениетін дамытуға еркі мен құқын қамтамасыз ету жолға қойылды. Осы доктринаның негізгі міндеті мемлекеттің тұрақтылығы мен келісімінің іргетасын қалау, ұлттық саясатты жүзеге асырудың басты тетіктерінің бірі ретінде этностық бірегейлік емес, керісінше, азаматтық бірегейлікті дамытуға таңдау жасау болатын. Бұл туралы Доктринаның өзінде әрбір азамат, қоғам және мемлекет, халықтың, болашақ ұрпақтың алдында өз жауапкершілігін сезініп, төмендегідей қажетті әрі ұтымды шараларды қамтамасыз етуі керек деп жазылған. Олар:

- еліміздің барлық азаматының өз тағдырын Отаны – Қазақстан Республикасының тағдырымен бірге әрі терең тамырлас екенін сезінуі;

- бізді ыдыратуға және ынтымағымызды бұзуға бағытталған кез келген ықпалға белсенді түрде қарсы тұу;

- Республика конституциялық құрылысының, территориялық тұтастығы мен унитарлық құрылымның мызғымас беріктігін нығайту;

- ұлттық мүддеге негізделген елдің экономикалық, саяси, рухани, ақпараттық қауіпсіздігін одан әрі нығайту, басқа мемлекеттер тарапынан болатын ақпараттық тәуелділік пен басқыншылыққа немесе қысымға жол бермеу;

- елдің егемендігі мен тәуелсіздігін нығайту үшін республиканың барша азаматын қазақ халқының төңірегіне ұйыстыру;

- ел егемендігінің беріктігіне негізделген халықаралық әріптестік саласында ұлттық мүдде басымдығын ұстану;

- басты байлығымыз – Тәуелсіздікке, жерге, бірлік пен рухани құндылықтарға тағзым ету;

- азаматтар мен қоғам тарапынан мемлекеттілікті нығайту, Тәуелсіздік пен территориялық тұтастықты қорғауға мейлінше жәрдемдесу [85, б. 8]. Осы доктринаны дамыту мен іске асыруда алға қойылған басты міндеттерді жүзеге асыру Қазақстан халқы Ассамблеясына жүктелді.

Бұл доктрина Қазақстандағы бірқатар саяси бірлестіктер, ұлт патриоттары мен жанашырлары, сондай-ақ, халықтың біраз бөлігі тарапынан бірден қарсылық тудырды. Қоғам тарапынан туындаған сын-пікірлердің басты негізі титулды ұлттың қарсылығы болды. Олар Қазақстан халқы Ассамблеясының ұлттық саясат бойынша мемлекеттік шешімге ықпалына наразылық танытты. Қарсыластардың көзқарасы бойынша бұл доктрина қазақ этностық бірегейлігіне жағымсыз әсер етеді. Өйткені, бірден бір осы аумақта мемлекет құрушы негізгі ұлттың орны республиканы мекен ететін басқа этностардың қатарына кіруі еді. Қоғамда пікірталас тудырған бұл жағдай Қазақстандағы ұлттық мәселе әлі де толық шешімін таппағанын көрсетті. Сонымен қатар, қазақстандық саяси салада бұл пікірталас қазіргі күнге дейін өзінің өзектілігін жоғалтпай келе жатыр.

Осы мәселе бойынша қазақ тілін зерттеуші америкалық саясаттанушы, Индиана университетінің профессоры Уильям Фирман: «Президенттің енгізген «қазақстандық ұлт» термині Қазақстанды Отаным деп санайтын, сондай-ақ, Қазақстанда бәрінен бұрын қазақ мәдениетін «басқаларға қарағанда бірінші» орынға шығаруға шақыратын кейбір қазақстандық ұлт патри-

оттары тарапынан жағымсыз қабылданды», – деп атап айтады [20, р. 396].

Сондықтан ұлттық бірегейлікті анықтаудағы этностық және азаматтық түрі арасындағы қарама-қайшылық қоғамда ұзаққа созылған «қазақ» және «қазақстандық» бірегейліктің бәсекелесіне алып келді. Сонымен қатар, доктринада көтерілген бұл қарама-қарсылық қоғамда ұлт патриоттары арасында қызу пікірталас тақырыбына айналды. Атап айтқанда, ел бірлігі доктринасына енгізілген «қазақстандық ұлт» атауына елдегі интеллигенция, ұлттық-патриоттық қозғалыстар өкілдерінің наразылығын тудырды. Олар «қазақстандық ұлт» атауын алып тастауды үкіметтен талап етіп, оның орнын «қазақ елі» деп атауды ұсынды. Алайда, бұл Президент тарапынан қолдау тауып мақұлданбады және бекіткен доктринаның нұсқасында көрініс бермеді.

2009 жылы бірқатар ұлт патриоттары қазақтандық ұлтқа қарсы шығып, қазақ ұлтына қолдау білдіру мақсатымен Алматы және Астана қалаларында аштық жариялау жоспарланды. Президенттің ұстанып отырған ұлттық саясатына қарсылық танытып ашық хаттар жолданды. «Мемлекеттік тіл» қоғамдық қозғалысының төрағасы Мұхтар Шаханов: «қазақстандық ұлт» өзінің негізін америкалық ұлттан алады. Доктрина қазақ ұлтын, оның ұлттық тілін тікелей жоюға бағытталған саясат», – деп ашық қарсы шықты. Осыған байланысты тағы бір ұлт патриоттарының бірі, саясаттанушы Айдос Сарым өзінің «Эсклюзив» сайтында берген сұқбатында: «Біз «қазақ ұлтын» құруға, «қазақ ұлттық мемлекетін» қалыптастыруға міндеттіміз. Бұл тек филология көзқарасы тұрғысынан ғана емес, тарихи тұрғыдан

да өте әділ. Бұл елдің незігі құжаты – Мемлекеттік егемендік туралы декларациясы мен Мемлекеттік тәуелсіздік туралы заңы тұрғысынан да дұрыс деп атап көрсетеді» [86]. Оның пікірі бойынша «қазақ ұлты» атауын қолдау қазақтардан басқа ұлттарды ассимиляциялау немесе этнократиялық мемлекеттік негізін қалау еместігін айтып дәлелдеуге тырысады.

Сондай-ақ, қоғамдық белсенді Айдос Сарымның ойынша бүгінгі таңда екі Қазақстан бар – оның бірі қарқынды өсіп келе жатқан және күш қуатқа ие Қазақстан болса, екіншісі белгілі бір себептерге байланысты тоқырап тұрған орыстілді Қазақстан. «Балқыту қазаны» деген атауға ие болған модель жұмыс істемейді деп қазақстандық ұлт моделін [87]. Осылайша, қазақстандық қоғамды азаматтық ұстаным арқылы біріктіруге ұмтылған мемлекет саясаты қоғам тарапынан қолдау таппады. Керісінше, ұлт патриоттары оны белсенді түрде сынның астына алып, ашық қарсылық танытуға көшті.

Осы жағдайға қатысты қазақстандық сарапшы, шығыстанушы К.Л. Сыроежкин: «коммунистік идеологияның күйреуі, өзіндік идеологиялық вакуумның пайда болуы жағдайында қоғамдық өмірде едәуір этностық аспектінің жоғарылауының нәтижесі ретінде ұлттық құндылықтар мен идеяларға заңды түрде қайта оралу болды», – деп баға береді [88]. Жалпы, жоғарыда берілген қоғамдағы қарама-қайшылықтар қазақ және қазақстандық бірегейліктердің өзара бәсекелесін көрсетеді. Сол арқылы қазақстандық қоғамда ұлттық бірегейліктің анықталуы мен қалыптасуы үрдісі сол кезде қаншалықты деңгейде қиыншылықтармен басталғандығына нақты көз жеткізуге болады.

Қазақстанның ұлттық бірегейлігінің қалыптасуындағы этностық және азаматтық бірегейліктер қарама-қайшылығының негізгі түп тамыры мемлекеттің титулды ұлт моделінің негізінде жатыр. Яғни, мемлекет ішіндегі басты ұлт және мемлекет құраушы ұлттың атымен мемлекеттіліктің қалыптасуы мен республиканың аталуы. Бұл көп ретте қазақтардың басым бөлігінің өздерінің ұлттық бірегейліктерін «қазақтар» ретінде анықтауымен тығыз байланысты. Ал, басқа ұлттар болса өздерін «қазақ» ретінде атауымен келіспейді, керісінше олар өздерінің бірегейліктерін «қазақстандық» деп атауды жөн көреді.

Осы орайда жоғарыда ұлт жанашырлары қазақстандық ұлт бірлігі доктринасының негізі америкалық «балқыту қазаны» атты модельмен салыстыра қарастырғаны айтылды. «Балқыту қазаны» атты этностық интеграциялық тұжырым АҚШ, Австралия, Канада сияқты классикалық эмигранттық елдерде негізі қаланған. Бұл модель нақты АҚШ-та өткен ғасырларда жапа тармағай ағылып келген эмигранттарды осы қазанда балқытып алу арқылы бірыңғай америкалық азаматтық қоғамға қосу саясаты жаппай тәжірибеде мемлекеттің тікелей араласуымен қолдана бастады. Этностық интеграциялаудағы бұл моделдің көздеген мақсаты әр түрлі этностардың азаматтық құндылықтарға сүйенген америкалық ұлттық бірегейлігін қалыптастыру. Алайда, «балқыту қазаны» ең алдымен АҚШ-ғы ақ түсті нәсілдер қауымдастығы арасында кең таралғандықтан америкалық қоғамның қара нәсілділері арасында біраз түсініспеушіліктер тудырғаны тарихта мәлім.

Қазақстанмен салыстырғанда эмигранттық елдерде байырғы жергілікті титулды ұлт болмайды, ал саяси

ұлттың қалыптасуы белгілі бір этностық мәдениетке емес, саяси институттар мен рәміздерге негізделеді. Мұндай елдер қазіргі әлемде саяси немесе азаматтық ұлттар деп аталады. АҚШ-та ұлттық құрылысты жүзеге асырудың негізгі құралы либерализмнің саяси идеологиясына негізделеді. Дегенмен демографиялық фактор көзқарасы тұрғысынан алып қарағанда моноэтнос, полиэтнос және эмигранттық ұлт арасында үлкен айырмашылықтар бар екендігі құпия емес. Кейбір елдерде полиэтносты қоғамның негізін құрайтын этностық ядросы бар мемлекеттер бар. Еуропа мен Азияның көптеген ұлттары осы топқа жатады, ал Батыс жартышарының басқа барлық ұлттары, атап айтқанды АҚШ тәжірибе жүзінде эмигранттық түрге жатады. Ал, Қазақстан ұлт құраушы этностың тілі мен мәдениеті көпэтносты қоғамда барлық азаматтар үшін олардың этностық түріне қарамастан жалпыға ортақ тіл мен мәдениетке айнала алатын ұлттық мемлекет түріне жатады. Қазақ ұлтының этномәдени үстемдігі Конституцияда бекітілген барлық этностық топтардың тепе-теңдік азаматтық ұстанымдарына және мемлекеттің ұлттық азшылықтардың тілі мен мәдениетіне негізделеді.

Осыған қарамастан, ұлттық бағытты ұстанушы ұлт патриоттары Қазақстандағы қазақстандық ұлт тек қазақ халқы төңірегіне ғана ұйысу керек деген ұстанымды берік ұстанады. Сонымен қатар, орыстілді қауымның мүддесін жақтаушылар ұлттық құрылыс тек азаматтық тұрғыда іске асу керек деген көзқарасты жақтайды. Одан басқа, осы мәселе төңірегіндегі қарама-қайшылықтар қазақстандық саясаттанушылар мен сарапшылар арасында да қызу пікірталастың тақырыбына айналып келеді. Осылайша, қазіргі

қазақстандық қоғамда ұлттық құрылысқа қатысты қарама-қайшы көзқарастардың салдарынан әртүрлі пікірлердің бір арнаға тоғыспауы жалғасын табуда. Қазақстанның саяси элитасы ұлттық бірегейліктің қалыптасуындағы жай-күйін талқылау мен өздерінің нұсқасын ұсынушылардың негізгі тобы болып саналады. Қазақстанның тәуелсіздік алған уақыттан бастап, миграция үрдісінің нәтижесіндегі демографиялық өсімінде қазақтардың басымдығы ұлттық мәселеде ерекше қызығушылықтар тудырады.

РҒА Этнология және антропология институтының директоры, РҒА корреспондент мүшесі В. Тишков: «Ресейде национализм мен ұлттық құрылыс ескі ұстанымдар тұрғысынан нашар зерттеледі. Оның себебі тек біреу, ол – мемлекет пен қоғам арасындағы қарама-қайшы және деструктивті көзқарастардың бар болуында», – дейді [89]. Салыстырмалы тұрғыда алып қарағанда біршама посткеңестік елдерде, соның ішінде Қазақстанда ұлттық бірегейлік мәселесі толық шешімін таппаған. Қазақстан халқының ұлттық бірегейлік туралы анықтауға қатысты ұсыныстары көп жағдайда талқылауларға, қарама-қайшы көзқарастар мен пікірлерге ұласып жатады. Ұлттық бірегейлік мәселесі Кеңес Одағында пайда болған болса, тек өңірлік этностық деңгейде ғана көрінген, ал мемлекеттің деңгейде ешқашан көтерілген емес. Өйткені, одақ барлық ұлттардан жоғары тұрды, сондықтан кеңестік кезеңде мемлекет «интернационалистік» деген түсініктің шеңберінде қарастырылды. Кеңестік және автономды республикалар этнотерриториялы ұстаныммен құрылғандықтан ұлттық мемлекеттіліктің формасы мен бейнесінде болып табылды. Осыған сәйкес бірегейлік бірінші кезекте этностық сипатты иеленді

және этностық бірегейліктің негізінде «социалистік ұлттар» қалыптасты.

Алайда, КСРО-да сөзсіз орыс халқы басым этнос болып саналды. Орыстардың посткеңестік кеңістікте үстем этностық рөлінің жоғалтуы тұлғаның этностық бірегейленуінің жаңа мүмкіндіктерінің пайда болуына алып келді. Қазақстан территориясындағы славян халықтарының өкілдері орыстармен өздерінің этномәдени жақындықтарын мойындай отырып, сонымен бірге өздерінің тарихи отанымен балынасты күшейтуге тырысады. Ал, қазақтар болса, өздерінің тарихи отанында социомәдени тұрғыда әлі де болса үстемдік деңгейге жете қойған жоқ. Дегенмен, пайыздық мөлшерде олардың саны жылдан-жылға арта түсуде, бұл демографиялық көрсеткіш әлеуметтік өмірдің сүбъектісі ретінде олардың креативтілігін білдірмейді [90, с. 8]. Сондықтан қазақ этносы көпэтносты қазақстандық қоғамда басқа этностарды мәдени түрде ассимиляциялауға әлі дайын емес. Қазақстанда өмір сүретін басқа этнос өкілдері үшін де өздерінің бірегейлігін қазақ бірегейлігімен анықтау ешқандай артықшылықтарға ие болмай тұр.

Осы тұста Л.А. Фадееваның еуропалық бірегейліктің қалыптасуына арналған мақаласында айтылған мына бір тұжырымы ойға оралады: «бірегейлік әлеуметтік ғылымдарда көпше түрде, ұдайы өзгеріске ұшырайтын, әлеуметтік құрастыруға икемді, тарихи және саяси стратегияның контексінің өзгеруіне байланысты ауысып отырады», – деп қарастырады. Оның көзқарасы бойынша, «бірегейлікті зерттеудің көп қырларының бірі оны қай деңгейде және қандай негізде, қандай акторлармен құрастырылғандығында жатыр» деген

қорытындыға келеді [91]. Автордың пікірімен келісе отырып, Қазақстанда бірегейлікті құрастырудың ұлтшылдар ұсынған этностық нұсқасына қарағанда, мемлекет ұсынған жалпыға ортақ азаматтық нұсқасы елдің ішкі дамуының саяси стратегиясының мүддесінен шығып тұрғанына назар аудару қажет.

Қазақстандық қоғамда орын алып отырған барлық ұлттық бірегейлік туралы тұжырымдар мен пікірталастардың астарында халықтар үшін белгілі бір және өмірлік маңызды сұрақтар жатыр. Талқыланатын мәселенің шешу жолдары әртүрлі болады [36, с. 131]. Алайда, ұлттық және азаматтық бірегейліктер арасындағы тепе-теңдікті сақтау бойынша Қазақстанның қазіргі кезде ұстанып отырған саясаты өте орынды, ол қысқа уақыт ішінде этносаралық келісім мен тұрақтылықтың жаңа моделіне айналып үлгерді. Бұл модель тек Қазақстанда ғана емес, сондай-ақ, ТМД кеңістігінде кеңінен танылып, халықаралық ұйымдар тарапынан мойындалды. Тәуелсіз саяси сарапшылар этносаралық келісім мен тұрақтылықты дамытуға бағытталған қазақстандық модельдің ең басты жетістігін Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың қызметімен байланыстырады. Этносаралық келісім мен бейбітшілікті жүзеге асырудың ең басты тетіктерінің бірі ретінде Қазақстан халқы Ассамблеясын айтуға болады. ҚХА елімізде өмір сүретін әртүрлі ұлттардың этномәдени орталықтарын біріктіріп, қазақстандық патриотизм мен төзімділікті тәрбиелеу бойынша келелі жұмыстар атқарып отыр.

Осы орайда, елімізде жүріп жатқан саяси жүйенің трансформациялық үрдістері саяси мәдениеттің өтпелі кезеңімен сипатталады. Саяси мәдениет құндылық-

нормативті жүйе және саяси іс-қимыл бағдарларының жиынтығы ретінде әртүрлі әлеуметтік топтардың және биліктің өзара әрекетінің өзегі болып табылады. Қоғам үшін құндылықтардың шашыраңқылығы саяси тұрақсыздыққа алып келетін жоғарғы қауіп-қатер мен әлеуметтік наразылық деңгейінің арту қаупін тудыруы мүмкін. Соңдықтан қазіргі қазақстандық қоғамда жалпы біріктіруші құндылықтарды іздестіру өзінің жалғасын табуда.

Қазақстанның саяси жүйесінің трансформациясы саяси мәдениеттің де қалыптасуымен және өзгеріске ұшырауымен қатар жүреді. Яғни, саяси жүйенің өзі еліміздің саяси мәдениетінің қалыптасуының ең маңызды және басты саяси акторы болып табылады. Қазақстанда мемлекеттік биліктің барлық жүйесінің трансформациялану үрдісі, мүлдем жаңа саяси институттар: президент институты, парламент, көппартиялылық, ашық сайлау және т.б. пайда болған уақытта өте қысқа мерзімде жүзеге асты. Сонымен қатар, қазақстандық қоғамда идеологиялық тұрлаусыздық қазіргі уақытта саяси мәдениеттің қалыптасып жатқандығын көрсетеді.

Осылайша, Қазақстанның саяси жүйесінің өзгерісі қазақстандық қоғамның ұлттық бірегейлігін анықтаумен бірге оның саяси мәдениетінің қалыптасу мәселесінің маңыздылығын арта түскендігін байқатты. Оның себебі жаңадан негізі қаланған демократиялық жүйеге сәйкес билік пен азаматтар арасындағы өзара қарым-қатынас өзгерді. Атап айтқанда, саяси жүйенің трансформациясы азаматтардың мінез-құлқы, бағыт-бағдарлары мен сенімдерінің түгелдей жаңа формаға өтуіне ықпал етті.

Сонымен қатар, қоғамдық пікірде тоталитарлық әкімшілік басқару жүйесі кезіндегі уақыттан қалып қойған біздің қоғамның саяси мәдениетінің бір типтілігі сақталуы тағы бар. Соған қарамастан қазақандық қоғамда нақты өмір сүретін саяси мәдениетті ғылыми тұрғыда анықтау айтарлықтай қызығушылық тудырады.

Қазақстандық қоғамдағы саяси мәдениеттің көпқырлылығы оны толықтай жан-жақты ашып көрсете алмайды. Қазақстандағы саяси мәдениетті өтпелі түрге жатқызуға болады. Сондықтан Қазақстанның қазіргі саяси мәдениетінің қалыптасуы өтпелі кезең мен әлеуметтік-экономикалық, саяси, ұлттық және рухани саланың түбірімен өзгерісі жағдайында жүріп жатыр. Қазақстан халықтарының өмір салтының ауысуы, көбінесе құндылықтар жүйесінің баяу өзгеруінде жатыр. Қоғамның әлеуметтік құрылымы күрделену үстінде. Әсіресе, ұлттық құндылықтарға қатысты этносаралық және ұлтаралық қарым-қатынастардың маңызының артқаны байқалады. Жалпы, қазіргі Қазақстанның фрагментарлы саяси мәдениеті үшін базалық құндылықтардың өзара келісімінің жоқтығы байқалады. Сондықтан қазақстандық қоғамдағы саяси құндылықтардың үш жиынтығын көрсетеміз:

1. Дәстүрлі – патриотизм, ұлтшылдық, ұжымшылдық және т.б.;

2. Кеңестік кезеңде қалыптасқан – интернационализм, толеранттылық, жалпыхалықтық және мемлекеттік мүдделердің басымдығы, тарихи оптимизм және т.б.

3. Батыстық индустриалдылық – адам құқығы мен еркіндік, технологизм, экологиялық қауіпсіздік және т.б. бөліп көрсетуге болады [92].

Қазіргі жағдайда қазақстандық қоғамның ең маңызды міндеттерінің бірі саяси мәдениетті тәрбиелеу болып табылады. Саяси мәдениетті тәрбиелеу үшін қоғамның барлық мүшелерінің, әсіресе, саяси партиялардың, қоғамдық ұйымдардың, әлеуметтік қозғалыстардың көшбасшыларының, әртүрлі деңгейдегі саяси қызметкерлердің саяси мәдениеттің жалпы деңгейін жоғарылатпай дамытудың ілгері қозғалысы болмайтындығын түсінуі маңызды. Саяси мәдениеттің деңгейін жоғарылату үшін барлық саяси құрылым жетекшілерінің, саяси көшбасшылардың, барлық қоғам мүшелерінің, саяси жүйенің, саяси биліктің жалпылама компоненттерінің мәні туралы мағлұмат қажет етіледі.

Сонымен, Қазақстандағы саяси жүйенің трансформациясы өзімен бірге ұлттық мәселерді қазақстандық қоғамда туындатты. Ұлттық бірегейлік мәселесі моноэтностық қоғамға қарағанда, полиэтностық қоғамда күрделі шешімін табуды қажет ететін сұрақтарды туғызды. Сол үшін Қазақстанда ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың маңызды тәсілі ұлттық тұтастық болып табылады. Қазақстандағы ұлттық бірігу моделі мемлекет құрушы қазақ этносы төңірегінде азаматтық ұлтты қалыптастыру бойынша этносаралық өзара әрекетті жақсартуға бағытталған әртүрлі тұжырымдар мен стратегиялардан тұрады. Мемлекеттің ұстанымы азаматтық ұлтты қалыптастыруда қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу арқылы азаматтық қоғамды дамыту мен этносаралық тұрақтылық пен өзара келісімді қамтамасыз етуге бағытталған.

1.3 Қазақстандағы түрлі этностарды өзара топтастыруға бағытталған мемлекеттік этносаясаттың ерекшеліктері

Біртұтас ұлттың қалыптасуы сол ұлттың тек тарихи дамуының ғана жетістігі емес, сондай-ақ, ол мемлекет пен ұлттық элиталардың біріге отырып мақсатты түрде жүзеге асырған іс-әрекетінен тұрады. Бұл ретте полиэтносты қоғамның жалпыға ортақ ұлттық бірегейлігін қалыптастыруда, ұлт бірлігіне қол жеткізуде ғасырлар бойында қалыптасқан этномәдени символдардың қайта жаңғыруына көңіл бөлу қажеттілігінің маңызы арта түсетіні анық. Қазақстан сияқты полиэтносты қоғамда оны тәжірибе жүзіне асыруда тұрғындардың бәрінің бірдей қолдауына ие болу оңай шаруа емес. Ол үшін оларды бір ұлттың төңірегіне басын біріктіруге қызмет ететін жалпыға ортақ символдар қажет. Қазіргі кезде әлемдік тәжірибеге сүйенсек, бұл жағдайда саяси ұлтты топтастыруда мемлекет пен элита бірлесіп отырып сол елде өмір сүретін негізгі этностың тарих қойнауларында жинақтаған символдарына жүгінетіні белгілі.

Ұлттардың пайда болу және даму тарихына көз жүгіртер болсақ кез келген халықтың мәдениеті оның символикасына негізделеді. Халықтық төл символдар мемлекеттің саяси-идеологиялық қолдауына ие бола отырып, негізгі мемлекеттік символдарға айналады. Нәтижесінде қоғам мүшелерінің саяси мәдениетін қалыптастырушы элементердің пайда болуына алып келеді. Әрбір жеке тұлға мемлекеттің символикасы негізінде сол елдің азаматы ретінде өзін-өзі толықтай сезінуіне мүмкіндік береді. Саяси мәдениетте маңызды символикалық күшті ұлттық және мемлекеттік сим-

волдар иеленетіні анық. Сол арқылы олар ұлттың бірегейлігі мен ұлттың мінез-құлқын, көңіл-күйін, ұмтылыстары мен мақсаттарын, олардың билікпен қарым-қатынасын айқындап отыратын негізгі көрсеткішке айналады. Ұлттық әнұран сияқты басқа да мемлекеттік ерекше маңызға ие символдар ұлттың негізгі құндылықтарының қатарына жатады. Ұлттық символдардың әлеуметтік құрылымын зерттеуші ғалым Кэрон Серулло былай дейді: «Қазіргі тотемдердің мәні – белгілер, соның көмегімен халықтар бір-бірін ажырата алады немесе ұлттық бірегейліктерінің шекарасын бекітеді» [93].

Символдар – мемлекеттің дербестігі мен тәуелсіздігін күллі әлемге жария етуші әрі мемлекеттің өткені, бүгіні мен болашағы арасындағы сабақтастықтың жарқын бейнесі. Сонымен қатар, халықтың рухын, ұлттық салт-санасын, қаһармандығы мен даналығын, болашаққа үмітін, арман-мұратын бойына жинақтаған ерекше белгілер. Яғни, қазіргі таңда ұлттар мен ұлттық мемлекеттердің нағыз өзекті мәселелері экономика, саясат, қорғаныс саласымен ғана емес, сондай-ақ, ұлттың басты құндылығы болып табылатын ұлттық нышандармен де тығыз байланысты. Барлық алдыңғы қатарлы ұлттар өздерінің шынайы болмысын білдіретін және ұлтты өрге сүйрейтін әртүрлі символдық элементтерді иеленетіні тарихтан белгілі. Бұл символдар ұлттардың сан түрлі қырларын, ерекшеліктері мен артықшылықтарын көрсетіп қана қоймай, өзін-өзі құрметтеу мен мақтаныш сезімін орнықтыра түседі.

Әр елдің символдарына қысқаша салыстырмалы көзбен қарасақ, мысалы, АҚШ елтаңбасындағы он үш жұлдыз сол мемлекетті құрған алғашқы он үш штатты білдірсе, ал Үндістан елтаңбасындағы төрт арыс-

тан күш-қуат, батылдық пен сенімді, Германияның елтаңбасында бейнеленген бүркіт – билік пен ерліктің нышанын білдіреді. Яғни тағы да басқа сол сияқты елдердің толып жатқан елтаңбаларындағы түрлі белгілер сол елдің өзіндік ерекшелігін, мақсатын, тарихын білдіріп қана қоймай, жалпы сол ел туралы ұғым қалыптастырады. Бұл дегеніміз, ұлттар мен ұлттық мемлекеттер жеке және ұжымдық саналы түрде өздері туралы танымдық мәлімет беретін рәміздерден бастау алу тиіс дегенді білдіреді. Басқаша айтқанда, мемлекеттер мен ұлттар «Біз кіміз?» және «Біз деген сөздің астарында нақты не жатқандығын», яғни өзінің ұлттық бірегейлігі мен басқа мемлекеттер арасындағы өзінің мәртебесін анықтауға септігін тигізеді [15, с. 5].

Қазақстан халқының символдары тарихы алғашқы қоғамдағы тотемге табынудан бастап, кейін түркілер дәуіріндегі көк бөріге табынумен, Орта ғасырдағы хандықтар мен патшалықтардың елтаңбалары мен жалаулары және теңгелеріндегі айшықты белгілерімен сабақтасады. Қазіргі кезде еліміздің мемлекеттік рәміздері оның бетке ұстар құжаты сияқты бірегей негіздері мен салт-дәстүрін айқындап көрсетеді [94]. Кең көлемде мемлекеттік биліктің символдары кез келген мемлекеттің негізін құрайтын тұжырымдамасы – ұлттық идеясында көрініс табуы тиіс. Ал нақты ұлттық идея тікелей сол халықтың арасында қалыптасады. Мемлекеттік символдар мәдениетіміз, тарихымыз бен менталитетіміздің көркем туындысы болу керек. Мемлекеттік символдарды бойтұмардай қасиет тұтқаны туралы тарихта бұған мысал боларлық оқиғалар жетіп артылады, әсіресе, символдардың астында қаншама қаһармандық оқиғалардың орын алғандығын, ол үшін талай рет батырларымыздың басын қатерге тіккендігі

жайлы білеміз. Яғни, рәміздер соғыс және бейбіт уақытта, жалпы ұлттық мейрам кезінде де әрқашан ұмыт қалған емес [95].

Біз үшін осы зерттеудің маңызды бөлігі ескі кеңестік символдардың Қазақстанның саяси-идеологиялық кеңістігінен жойылуы, оның орнына қазақ халқының төл символдарының қайта жаңғыруын талдау болып табылады. Қазақстанның кеңестік тарихында кеңестік саяси мәдениеттің маңызды элементтері ретінде коммунистік идеологияның символдары үстемдік құрды. Коммунистік идеология қоғамда ең жоғарғы құндылыққа айнала отырып, кеңес адамдарының сенімін жаулай білді. Алайда, тәжірибе көрсеткендей іс жүзінде коммунизм идеясы мифологиялық идея деңгейінен шыға алмады. Нәтижесіне қиялдағы болашақ үшін аянбай еңбек еткен коммунистік идеология сан ұрпақтың сенімін ақтамады.

Осыған орай, Кеңес одағының ыдырауы пост-кеңестік елдердің, соның ішінде Қазақстанның символикалық кеңістігіне түбегейлі өзгеріс алып келді. Алайда, Қазақстан Республикасы ұзақ уақыттар бойында жүргізілген ұлт азаттық көтерілістердің арман мұратына айналған егемендікке қол жеткізу ең алдымен, ұлттық сананың оянуына тікелей ықпал еткенін айтуымызға болады. Қазақстан дербес мемлекет ретінде өз алдына дамуы үшін кеңестік оқшауланған әлемнен шығып, капиталистік әлемге есігін айқара ашу және ұлттық болмысты қайта жасау мақсатында өзінің алдына бірнеше міндеттер қоя білді. Соның ішінде ең бастысы, өзінің полиэтностық және поликонфессионалды ерекшеліктеріне сәйкес мемлекет құруға, халықтың ұлттық және азаматтық бірегейлігін қалыптастыруға, дамудың өзіндік дара жолын таңдауға ерекше назар аударды.

Жаңа жағдайда Қазақстанның ұлттық және мемлекеттік құрылысын қалыптастыру үшін халықтың санасын кеңестік қалдықтардан, коммунистік идеологиядан тазарту тұрғысында кеңестік символдардан бас тарту маңызды болып табылды. Өйткені, ескі саяси жүйенің саяси сахнадан кетуі, оның орнын басатын жаңа саяси жүйенің орнығуы ұлттық және мемлекеттік құрылысты жылдамдатып жүзеге асыруды талап етті. Сондықтан мемлекет тарапынан таңдалынған жаңа демократиялық жолға түсу үшін ескі жүйенің қалдықтарын жою, коммунистік идеологияның ықпалынан шығу мемлекеттің алдында маңызды мәселеге айналды.

Осылайша, Қазақстан Республикасы ұлттық және мемлекеттік құрылысты қалыптастыруда ең алдымен, халықтың санасын кеңестік қалдықтардан тазарту мақсатында кеңестік кезең туралы тарихи естеліктер мен көзқарастарды туындататын кеңестік символдарды деидеологизациялау үрдісінен бастады. Яғни, кеңестік символдардың идеологиялық күшін жоя отырып, оның орнына қазақ халқының ұлттық және мемлекеттік символдарын, ұлттық құндылықтарын қайта жаңғырту, қазақ халқының ұлттық санасын оятуға шындап көңіл бөлді. Этномәдени символдарды қайта тірілту арқылы қазақ халқының ұлттық бірегейлігін қалыптастыру, оны қайта дамыту мүмкіндігіне баса назар аударылды.

Посткеңестік кеңістікте басталған бұл тенденция батыстық ғылыми әдебиеттерде «десоветизация», «деидеологизация», «декоммунизация» және т.б. сол сияқты көптеген мағыналас атауларға ие болды. Бұл үдерістердің пайда болуына байланысты қоғамдық санада қалыптасқан екі түрлі көзқарас өмір сүреді. Біріншіден, деидеологизация өздігінен жаңа жағдай

мен бетбұрыстардың әсерінен ойламаған жерден болатын табиғи құбылыс ретінде есептелсе, екіншіден, оны керісінше жеке және саналы түрде күш салудың нәтижесінде іске асатын, сонымен қатар, жүйелі және мақсатты түрде жүргізуді талап ететін алдын ала ойластырылған стратегия деп ұғынылады. Бұл үрдіс мемлекет тарапынан тұрақты қадағалау мен қоғамның оған пікірін біліп отыруды қажет етеді. Деидеологизация терминімен қатар «десоветизация», «декоммунизация» терминдері бірге қолданылады. Бұл терминдердің жалпы қолданылуда мағыналық тұрғыда бағыттары бір жүйеге тоғысады. Дегенмен, деидеологизация үрдісі ғылыми ортада және қоғамда қолдану ауқымы басқаларға қарағанда өте кең және мәселені терең қамтиды.

Қазіргі кезде бірқатар ғалымдардың зерттеуі көрсеткендей деидеологизация терминіне қатысты бұрынғы «кеңестік адамдардың» көзқарасы жаңаша өзін-өзі бірегейленудің жолын іздестірудің жолы ретінде бағаланады: осы үрдісті іске асырмай олар жаңаша түрде өзіндік бірегейленуге ие бола алмайды, өзін толыққанды таныту жағдайында осы күнгі әлемге кіре алмайды деп есептейді. Өткен кеңестік кезеңнен біржақты қарым-қатынасты үзу объективті түрде толықтай орындалды, алайда, біз субъективті тұрғыда саналы және бейсаналы түрде ол кезеңді санамыздан толықтай шығарған қойған жоқпыз. Посткеңестік елдерде орын алған десоветизация үрдісі кебір бейресми деректерде еуропалық контексте соғыстан кейінгі Германиядағы денацификациялауды қалай іске асырғандығы жайындағы тарихи оқиғамен салыстырып жатады. Алайда, бұл тәжірибе мүлдем басқа жағдайда іске асырылғанына назар аудару қажет. Дегенмен, де-

советизация бұдан әрі біздің шынайы болмысымыз болып табымайды, ол бар болғаны жаңа кезеңге өту заңдылығы деп қарастыруға болады [96].

Осыған сәйкес десоветизация үрдісіне де қатысты посткеңестік кеңістікте өмір сүретін адамдардың қалыптасқан пікірлері бір арнаға тоғыспайды. Кеңестік кезеңде өмір сүрген кеңестік азаматтар көбінесе жаңаша саяси мәдениетті қалыптастыру мақсатында қоғамда жүріп жатқан десоветизация үрдісіне қатты наразылық танытып келеді. Олардың арасында көп жағдайда посткеңестік кеңістікте жүріп жатқан бұл үрдісті фашизммен теңестіретіндері де жоқ емес. Оның басты себебі кеңестік адамдар үшін саяси жүйенің өзгерісі, сондай-ақ, өткен кезеңде ерекше маңызға ие болған символдарды көз алдында қирату олар үшін психологиялық тұрғыда ауыр соққыға душар етті. Ал жаңа ұрпақ үшін әрдайым елдің тәуелсіздік алуы және мемлекеттің дербес дамуы басты орында тұрады.

Алайда, посткеңестік кеңістікте пайда болған кейбір ұлттық мемлекеттер бұрынғы кеңестік кезеңнің символдарымен күресті тұрғындардың наразылығына қарамастан жалғастырып келеді. Әсіресе, Шығыс Еуропа елдері Польша, Латвия, Литва, Эстония, Молдова мемлекеттері тәуелсіздік алысымен батыстық өркениетке бет бұру мен батыстық интеграцияға тереңдеп ену мақсатында сананы кеңестік қалдықтардан тазарту жұмысын жылдам қарқынмен жүргізіп, кеңестік символдармен жаппай жоюды қатаң түрде іске асырды. Ал, бұрынғы одаққа кірген Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан сияқты және т.б. Орта Азия елдері қоғамдық модернизация жолына түсе отырып, өздерінің геосаяси, территориялық және ұлттық құрамының ерекшеліктеріне сәйкес десовети-

зация үрдісін ашық көрсетпеді, оған қатты көңіл бөліп халықтың назарын өздеріне тым қатты аудармауға тырысты. Дегенмен осы салада басталған ескі кеңестік символдармен күрес осы күнге дейін баяу болса да қоғамда өзінің жалғасын тауып келеді.

Қазақстан тәуелсіздігін алған кезде түгелдей дерлік барлық салада, соның ішінде саяси, мәдени, экономикалық, ауыл шаруашылығы, тарих, білім беру және тағы басқа салаларда десоветизация үрдісі басталды. Соның ішінде ең маңыздысы саяси-мәдени және тарихи саладағы десоветизация үрдісінің жаңа саяси мәдениетін қалыптасуындағы ерекше орнын атап айтуға болады. Қазақстандағы десоветизация үрдісі кеңестік кезеңдегі советизацияға қарама-қарсы үрдіс ретінде қолданылады. Бұған Қазақстанды зерттейтін бірқатар шетелдің ғалымдардың еңбегінде қызығушылық танытып келе жатқанын айтуға болады.

Американдық Джейкоб М. Ландау мен Барбара Келлнер-Хейнкеле «Қазіргі Орталық Азиядағы тілдік саясат» атты еңбегінде Орталық Азиядағы Әзірбайжан, Өзбекстан, Қазақстан, Қырғызстан, Түрікменстан және Тәжікстандағы ұлттық құрылысты салыстыра зерттейді. Осы елдерде жүргізіліп келе жатқан тілдік реформалар, әліпбиді өзгертудің мақсаты жаңа ұлттық мемлекетті құру мен ұлттық бірегейлікті қалыптастыру. Осы қозғалыстардың көпшілігі қоғамды десоветизациялау немесе дерусификациялауға талпынауға бағытталған деп атап көрсетеді [97].

Осы орайда Қазақстанның саяси мәдениетін десоветизациялауда тарихи сананы қалыптастыратын кеңестік символдарды деидеологизациялау үрдісі ерекше қызмет атқарғанын айтуымызға болады. Егер символдарды конструктивістік тәсіл шеңберінде алып

қарайтын болсақ, ұлттық бірегейлік анықтауда, сондай-ақ, азаматтық бірлестік пен ұлттарды қалыптастыруда шешуші мәнге ие. Кез келген бірегейліктің өзінің символикалық ортасы бар, сол арқылы бірегейлік толықтай қалыптасып жетіледі [45, с. 131].

Қазақ халқының кеңестік кезеңде ұлттарды интеграциялауға қызмет еткен коммунистік символдарды атап айтар болсақ, олар негізінен: балға мен орақтың бейнесі бейнеленген Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Туы мен Елтаңбасы, коммунистік режимнің саяси көсемдерінің бейнесі (Ленин мен Сталин); коммунистік режимнің немесе оқиғалардың ескерткіштері, олардың аттарымен аталынған көше атаулары, алаңдар, кәсіпорын, мекемелер мен ұйымдарында қолданылған коммунистік режимнің атаулары, КСРО, коммунистік партиялар мен съездермен байланысты атаулар. Кеңес Одағының символикалық элементтерінің негізі орыс мәдениетінен бастау алады. Яғни орыс тілін де КСРО-ның негізгі символы ретінде қарастыруға болады. КСРО-ның әр түкпірінде барлық халықтарға ортақ, байланыстырушы негізгі ресми тіл орыс тілінің үстемдігі басым болды. Бұл символдар орасан зор мағыналық-мәндік күш қуатты иеленді, олар кеңестік адамдардың санасында дүниетанымдық қызметті атқарды.

Кеңестік тарихтың символикалық ерекшелігін бағаламастан бұрын, оның Қазақстандағы атқарған қызметіне ерекше көңіл аудару қажет. Кеңестік ұлттық саясат одақтас республикаларды ұлттық мемлекет ретінде қарастырмады, оған керісінше, ұлттық ерекшеліктерін көрсететін бөлік, одақтың бір бөлшегі тұрғысынан қарады. Алайда, барлығы коммунистік құдіретті идеология мен оның айрықша символ-

дарына тәуелді болды. Яғни, режимнің символдары кеңестік қоғамның негізгі символдары ретінде кеңестік қоғамның барлық саласында үстемдікте болды. Осы ретте Қазақ КСР-нің туы мен елтаңбасы кеңестік символиканың негізінде жасалды. Аталмыш ұқсастықтарды кез келген адам сол кездегі кеңестік елтаңба мен тудың ҚазКСР-мен толық сәйкестігін анық байқауға болады. Ұлттық символдар негізгі кеңестік символдардың маңайында айтарлықтай мәнге ие болмады, олар екінші деңгейлі мәнге және жалпылама көрініске ие болды.

КСРО құлағаннан кейін кеңестік және коммунистік символдарға тыйым салу және онымен күрес барлық посткеңестік кеңістікте қарқынды жүргізілгені жоғарыда айтылды. Осы орайда, Қазақстанда да тәуелсіз алғаннан кейін бұл үрдістен тыс қалмағанын айту керек. Елдің барлық аймақтары мен жер-жерлерінде жаппай коммунистік режимнің көсемдері Ленин, Сталин және басқа да кеңестік кезеңнің жетекшілерінің, коммунистік партияның көрнекті тұлғаларының ескерткіштерін құлату және қирату арқылы жойып жіберу іске асырылды. Сонымен қатар, Қазақстанның барлық өңірлерінде біршама елді мекен және көше атаулары өзгертілді. Бұрынғы режимнің қайраткерлерінің атымен аталған қала, көше және елді мекен атаулары жаңа Тәуелсіз Қазақстанның тарихи тұлғаларының аттарымен аталына бастады.

Қазіргі Қазақстанның бірегейлігін қалыптастыруда қазақстандық символикалық кеңістікте орын алған өзгерістердің тағы бір көрінісі халықтың санасында кеңестік кезеңді еске түсіретін кеңестік мерекелердің өзгеруі кеңестік символдарды деидеологизациялану үрдісінің тағы бір түрін көрсетеді. Атап айтқанда,

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін мерекелік күнтізбеден айтулы көпшілік кеңестік кезеңде аталынып өтілетін идеологиялық мәні бар мерекелер алынып тасталынды немесе уақыт талабына сәйкес атаулары өзгертіліп қолданыста қалды. Осы орайда, ресейлік зерттеуші М.Литвонованың көзқарасы бойынша мерекелердің саяси қызметі ежелден бері келе жатқан қалыптасқан дәстүр: «Көпшілік мерекелер мен ойын-сауықтар антикалық кезеңнен бері қарай билік құрылымдарымен белсенді қолданылған, сонымен қатар, мемлекеттік құрылым мен социомәдени жүйе ауысқан тұста міндетті түрде мерекелік күнтізбе де өзгеріске ұшырап отырған» [98].

Символикадан басқа әлеуметтік өмірде коммунистік идеологияның құралы қызметін атқарған ресми мереке күндерінің күнтізбесіне де өзгерістер енгізілді. Қазақстан тарихының кеңестік кезеңіндегі мерекелердің тізіміне назар салатын болсақ, олар:

1 қаңтар – Жаңа жыл;

22 қаңтар – Қанды жексенбі;

23 ақпан – Кеңестік Армия Күні;

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні;

12 сәуір – Космонавтар күні;

1-2 мамыр – Еңбекшілердің халықаралық ынтымақтастығы күні;

9 мамыр – Ұлы Отан соғысындағы кеңес халқының Жеңіс күні;

7 қазан – КСРО Конституциясы күні;

7-8 қараша – Ұлы Қазан социалистік революциясының жылдығы болып табылады.

Алайда, 1995 жылы 18 қазанда Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан Республикасының мереке күндері туралы» № 2534

Жарлығы қабылданды. Осы кезден бастап жоғарыда аты аталған кеңестік мерекелердің күші жойылып, оларды мемлекеттік деңгейде мерекелеу тоқтатылды. Осылайша, қазақстандық қоғамның символдар кеңістігіндегі идеологиялық бетбұрысы жаңа жағдайларға сәйкес басқа арнаға қарай бағытталды.

Қазіргі уақытта тәуелсіз мемлекеттің идеологиялық мүддесіне сәйкес өзгертілген Қазақстанның төл мемлекеттік және ұлттық мерекелеріне тоқталатын болсақ. Ең алдымен еліміздің тарихы мен дамуы үшін маңызды елеулі күн ретінде бекітілген оқиғаларды айтуға болады. Дәл осы сияқты оқиғалардан мемлекеттің, қоғамдық-саяси құрылымның идеологиялық қолдауы, қоғамның құндылық бағдарларының мақсатты ұстанымының көрінісінен байқалады. Осы орайда, Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін біртіндеп кеңестік мерекелерді ығыстырып жаңа ұлттық және мемлекеттік мерекелер бекітілді, олардың қазіргі кездегі тізімі мыналар:

1-2 қаңтар – Жаңа жыл;

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні;

21-23 наурыз – Наурыз мейрамы;

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі мерекесі;

7 мамыр – Отан қорғаушы күні;

9 мамыр – Жеңіс күні;

6 шілде – Астана күні;

30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституциясы күні;

1 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні;

16-17 – желтоқсан – Тәуелсіздік күні болып табылады.

Алайда, жоғарыдағы келтірілген Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік мерекелерінің қатарында

кеңестік мерекелердің бірен-саран қалдықтарының әлі де өмір сүріп отырғандығын байқауға болады, олар: «Халықаралық Әйелдер күні» (8 наурыз); «Жеңіс күні» (9 мамыр); «Жаңа жыл» (1 қаңтар). Сонымен, Тәуелсіз Қазақстанның мереке күндері бойынша күнтізбесінде бірнеше кеңестік типтегі мерекелер осы уақытқа дейін тойланып келеді. Олардың қазіргі уақытқа дейін өмір сүріп отыруының себебі неде? – деген сұраққа келетін болсақ. Бұл мерекелер қазіргі уақытта қоғамда айқын идеологиялық көріністі иеленбейді. Бірақ, атаулы кеңестік типтегі мерекелер қазақстандықтардың тәуелсіздік алғаннан кейінгі тәуелсіз мерекелер қатарына қосылып кеткен, сондықтан, бұл мерекелер азаматтардың санасына кеңестік уақытты есіне салмайды. Алайда, қазақстандық қоғамда толықтай кеңестік символдарды деидеологизациялау үрдісін жүргізуді қалайтындар, ұлт патриоттары, зиялы қауымдар кейбір кеңестік типтегі мерекелердің қазіргі уақытқа дейін аталынып өтіліп келе жатқанына тәуелсіздік жылдарында бұқаралық ақпарат құралдарының беттерінде үздіксіз қарсылық танытып келеді.

Өсіресе, қазақстандық қоғамда ұлт жанашырлары 1 қаңтар – «Жаңа жыл» мерекесін орыстардың жаңа жылы ретінде бағалап, оның қазіргі таңда қазақстандық қоғамда ерекше аталынып өтілуіне наразылығын білдіреді. Олардың пікірінше, мұсылман күнтізбесіне сәйкес күн мен түннің теңесетін уақыты ретінде көктемнің алғашқы күні «22 наурыз – «Ұлыстың ұлы күні» қазақтың төл жаңа жылы деп есептеу қажет деген ұсыныс жасайды. Сонымен қатар, «9 мамыр – Жеңіс күні» де кеңестік мереке болғандықтан жылсайын қоғам белсенділері тарапынан бірен-саран қарсылыққа ұшырап келеді. Бұдан, біз, азаматтардың саяси

санасындағы ескі кеңестік мәдениет пен қазақстандық жаңа мәдениет арасындағы қарама-қарсылықтың үздіксіз жүріп отырғандығына көз жеткіземіз.

Дегенмен, «Жаңа жыл» мерекесі халықтың қоғамдық және күнделікті өмірінде ерекше ықыласпен қабылданып, жақсы көңіл-күймен қарсы алынады. Сондықтан бұл мерекелер қазіргі уақытта кеңестік кезеңмен мағыналық тұрғыда ешқандай идеологиялық байланыс орнатпайды. Сонымен бірге, «Жеңіс күні» қаншама жылдар бойында әртүрлі ұлттардың қазақ жерінде өмір сүруі барысында ұлттар мен этностардың бірлігінің арқасында Отан үшін ортақ жеңіске жеттік деп насихатталды. Жеңіс күні тек адамзатқа қауіпті фашизмге қарсы күресті ғана білдіріп қоймайды, сондай-ақ, ұлтаралық татулық пен өзара бірлікке, отансүйгіштікке тәрбиелейді. Сондықтан отан қорғау мақсатында одақтың құрамында өмір сүрген түрлі ұлттар азаматтарының жаппай қатысуы нәтижесінде жеңіске қол жеткізу жолында қаза тапқан ата-бабаларымыздың құрметіне Жеңіс күні аталынып өтілуі тиіс деп есептейміз.

Мәселені одан әрі өрбітер болсақ, қазақстандықтардың саяси санасын қалыптастыруда қазіргі кезде «Тәуелсіздік күні» ұлттық мерекесінің ерекше маңызын айтпасқа болмайды. Тәуелсіз Қазақстанның тарихында 16 желтоқсан – «Тәуелсіздік күні» ретінде жылсайын аталынып өтіліп келеді. Тәуелсіздік мерекесі айтулы күндер ретінде қазақтардың мемлекеттілігімен және елдігімен тығыз байланысты. Қазақстан Республикасының мемлекеттік және ұлттық мерекелері мемлекеттік пен егемендіктің негізгі символдары болып есептеледі. Желтоқсан көтерілісі нәтижесінде қазақ халқы мемлекеттілікке

қол жеткізді, өзінің экономикалық және интеллектуалды әлеуетін жақсартты, өзінің ұлттық құндылықтары мен мәдениетін сақтап қалды және оны одан ары толықтырды. Жаңа мерекелердің пайда болуы жаңа антикеңестік көңіл-күйдің, қазақылықтың жаңа нормаларын көрсетеді.

Сонымен қатар, сталинизмнің құрбандарын еске алу күні қазіргі уақытта қазақ халқының ұлттық-мәдени жаңғыру күнінің бірі ретінде аталынып өтеді. Бұл күн Қазақстанның азаматтарының ең жоғарғы қоғамдық және саяси белсенділігін көрсетеді. Оның бастауы 1993 жылы 14 сәуірде Қазақстан Республикасында «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» заңның қабылдануында жатыр. Бұл заңды қабылдаудағы мақсат кеңестік тоталитарлық жүйенің 1937-1938-жылдары жаппай қуғын-сүргіннің құрбандарын ақтау және әділдік орнату болатын. Осыған орай 1997 жылғы 5 сәуірдегі Президенттің жарлығына сәйкес 31 мамыр Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні болып күнтізбеде бекітілді. Осы сияқты айтулы іс-шаралар жас ұрпақтың Кеңес өкіметі туралы түсініктерін қалыптастырады, сондай-ақ, тарихи сананы кеңессіздендіруде маңызы зор.

Бұл мерекенің тарихы Кеңес өкіметінің «Алаш Орда» қозғалысы қайраткерлерін ұлт азаттық идеясын көтергендері үшін тұтқындалып жаппай қуғын-сүргінге ұшыратуымен тығыз байланысты. Өткен ғасырдың 30-40-жылдары қазақ даласынан шыққан тұңғыш қазақ зиялылары Әлихан Бөкейханов, Тұрар Рысқұлов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Халел Ғаббасов, Санжар Асфендияров, Сәкен Сейфуллин және т.б. қуғын-сүргінге ұшырады. Олардың жар-

тысы тұтқындалып атылды, ал қалған бөлігі Сібірге, Сахалинге жер аударылды. Ал 1937–1938 жылдары барлық кеңестік республикалардағы ұлттық интеллигенция түгелдей тұтқындалып, қызыл империяның қудалауына ұшырап ақыры көздері жойылды.

Осы жөнінде отандық тарихшы М.К. Қойгелдиев ұлттық саяси элита мен шығармашылық интеллигенцияның ең белсенді бөлігі толықтай дерлік жойылды. Бұл қазақ халқының «капиталистік қарымқатынастарға дейінгі кезеңнен социалистікке өтудің», «ауылшаруашылығын жүргізудің артта қалған түрінен алдыңғы қатарлы түріне ауысудың, «табысты», «лениндік кооперативтік және сталиндік ұжымдастыру жоспарын іске асырудың» құны осындай болды деген қынжылысын білдіреді [58, с. 13-14].

Яғни, коммунистік-тоталитарлық жүйенің тиімді жұмыс атқаруы үшін сол кездегі басшылардың іштей үрейінен туындаған қоғамдағы басқаша ойлаушыларды тазарту, яғни, кеңестік жүйені қолдамайтындарды немесе оған ашық қарсылық танытушыларды жаппай атып, қырып жою мақсатымен жүргізілген репрессия посткеңестік елдердің ортақ тарихи өкініші болып табылады. Сондықтан олардың тарихи тұлғасын қайта жаңғырту қазақстандықтардың жаңа саяси мәдениетін қалыптастырудағы саяси санада ерекше рөл атқарады.

Осы орайда, қазіргі таңда Қазақстанда қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтар толықтай ақталып, олардың аттарымен елді мекендер мен көшелер аталынады. Алаш арыстарының өмірі мен олардың қызметі жаңаша көзқараспен ғылым-зерттеу орындарында зерттелініп, орта мектеп оқулықтарына енді және олар жоғарғы білім беру қабырғаларында оқытылады. Қазақстанның бірнеше облыстарында сталиндік қуғын-

сүргін құрбандарына арнап ескерткіш тақталар орнатылды. Дегенмен, тек кейбір тарихи тұлғаларға қатысты қоғамда түрлі қарама-қайшы саяси көзқарастар әлі де бар.

Сонымен Қазақстан үкіметі елдегі орыс және басқа да титулды емес ұлттардың көңіл-күйін ескере отырып, өткен тарихтың символдарын деидеологизациялау саясатына барынша сақтықпен қарым-қатынас жасап отырғандығын айтқан жөн. Қазақстандық қоғамдағы қазақ ұлт-патриоттары оған қарамастан биліктен түбегейлі және жүйелі түрде символдарды деидеологизациялауды күтеді. Сондықтан, қазіргі уақытта Қазақстанның кеңестік кезеңдегі тарихының бірнеше тарихи оқиғаларына және символдарына қатысты мәселе өткір күйінде қалып отыр.

Дегенмен, қалыптасқан жағдайларға қарамастан Қазақстан өзінің тәуелсіздігінің жиырма жылында қатарынан қазақстандықтардың жаңа саяси мәдениетін қалыптастыру мақсатында кеңестік символдарды баяу болса да толықтай деидеологизациялап келеді. Қазіргі кезде десоветизация үрдісін елдегі қазақтандыру үрдісімен тығыз байланыста қарастырған жөн. Өйткені, кеңессіздендіру бұрынғы жүйенің символдарын толықтай жоюға бағытталса, ал, қазақтандыру оның орнын толтыруға бағытталған осы үрдістің заңды тұрғыдағы жалғасы болып табылады.

Сонымен қатар осы салада Қазақстанда іске асырылып отырған қазақтандыру саясатын жүзеге асырылып жатқан түбегейлі өзгеріс ретінде сипаттауға болады. Оның себебі қазақтандыру кеңессіздендірудің заңды жалғасы болып табылғанымен, қазіргі уақытта кеңестік кезеңде жүргізілген орыстандыру саясатына қарама-қарсы үрдіс саналады. Сондықтан қазіргі Қазақстанда

бұрынғы кезеңді еске түсіретін кеңестік символдарды жалпылама алғанда түгелдей дерлік өткеннің еншісінде кетті деп айтуға толықтай мүмкіндік жоқ.

Кеңестік кезеңнен қалған ең басты мұралардың бірі – орыс тілі қазақстандық қоғамда әлі де болса өзінің басымдығын сақтап отыр. Кеңестік негізгі символдардың бірі саналатын орыс тілі қазіргі таңда қазақстандық қоғамда ресми тіл ретінде ұлтаралық және этносаралық қарым-қатынас тілі қызметін атқарады. Дегенмен, орыс тілі тек қана этносаралық қарым-қатынас құралы деңгейінде ғана қалғысы келмей тәуелсіздік жылдары бойында қазақ тілінің басты бәсекелесі ретінде мемлекеттік тіл деңгейіне ұмтылып келеді. Тіл мәселесінің бұлай күрделі қарама-қайшылыққа ұласуының тарихи тамыры кеңестік өткен кезеңге кетеді, атап айтқанда, коммунистік режимнің саясатымен КСРО-дағы орыс емес барлық халықтарды түгел тілдік және мәдени орыстандырудан бастау алды. Сондықтан, қазіргі кездегі қазақстандық қоғамдағы қордаланған тілдік проблемалар кеңестік кезеңдегі орыстандыру саясатының салдарынан туындап отыр.

Осы орайда, Қазақстандағы қазақтандыру үрдісі Қазақстанның ұлттық бірегейлігінің эволюциясының негізгі және жетекші тенденциясы ретінде сипатталады. «Қазақтандыру» термині соңғы уақытта ғылыми және публицистикалық баспа беттерінде, бәрінен бұрын қазақ және орыс тілдерінің қарым-қатынасы мәселесінде жиі қолданылады. Қазақтандыру термині орыс тілі басымдыққа ие салаларда қазақ тілін енгізу ретінде немесе онда орыс тілін қолдануды барынша қысқарту және түбірімен жою түрінде ұғынылып келеді. Қазақтандыру термині көп жағдайда оның қоғамдағы қызметіне орай қазақ тілінің дамуымен және

оның қолданыс аясының кеңеюімен тығыз байланыста қарастырылады.

Қазақстандыну үрдісіне қатысты түрік елінің тумасы, американдық ғалым Өзгежан Кесижи тәуелсіздіктің алғашқы күнінен бастап Қазақстан үкіметі өзінің мемлекеттік егемендігін қазақ этностарының санын елу пайыздан жоғары көтеру, қазақтардың ежелден бері қарай осы аумақта мекен етіп келе жатқандықтан мұрагер халық екендігін көрсете отырып, Қазақстан тарихын қайта жазу жолымен заңдастыруға тырысып жүр. Осы тұрғыда, Қазақстандағы ұлттық құрылыс үрдісі басқа этностарды кейінге шегере отырып, қазақ этностарын алға шығаратын «казафикация» туралы мәселенің пайда болуына алып келді деп есептейді [28, р. 32].

Яғни, қазақтандыру үрдісі өте кең көлемдегі және көп қырлы үрдіс, тәжірибе жүзінде шетелдік және отандық ғалымдардың ұлттық мәселені зерттеуге арналған ғылыми еңбектерінде, сондай-ақ, қазақстандық қоғамның барлық саласында қолданылады. Осы тұрғыда қазақтандыруды қазақ этносының және оның тілі мен мәдениетінің, символының қазақстандық қоғамдық өмірдің барлық саласында жетекші орынға шығуы деп пайымдайды. Бірегейлену көзқарасы тұрғысынан осы үрдістердің ішінде орыстандыру саясаты шешуші мәнге ие болған. Қазіргі қазақтандыру үрдісін Қазақстанның кеңестік кезеңдегі ұлттық саласындағы үрдістерге жауап ретінде түсіну үшін қазақстандық қоғамның демографиялық, саяси және тілдік саласындағы қазақтандыруға назар аудару қажет.

Қазақтандыру демографиялық салада ел ішіндегі жалпы халықтар арасында біртіндеп қазақтардың санының артуы тәуелсіздік алғалы бері байқалады.

Нәтижесінде Қазақстанның демографиялық салада қазақтануы көп этносты орыс-қазақ аралас ортада жалпы көлемде көп этносты ерекшелік сақталына отырып, қазақ халқы көбеюде, алайда, республиканың солтүстік және шығыс өңірлерінде қазақ-орыс балансы сақталуда немесе кей жерлерде орыстардың басымдығы байқалады [45, с. 51].

Осылайша, республика территориясындағы миграциялық үрдістер еуропалық-славяндық ұлттардың жылыстауымен қатар оның орнына түбі бір түркі халықтарының (қазақтар, өзбектер, ұйғырлар) ағылып келуімен сипатталады. Еуропалық-славяндық этностық топтардың жиынтық жағымсыз сальдосы 2011 жылы 22 630 адам, сол кезде түркі халықтарының миграциясының жағымды сальдосы 25 888 адамды құрады. Осындай динамика кем дегенде, 1999 жылдан бері қарай сақталынып келеді [99]. Сол мезетте түркі этностық топтарының табиғи өсімінің көрсеткіші жағымды күйінде болса, ал орыс және украиндықтарда ол жағымсыз күйінде қалуда. Этнодемографиялық өзгерістерінің динамикасы төменде (Кестеде 1) қазақтандыру үрдісінің басымдығы болып табылатын, сондай-ақ, ұлттық саясатты жүргізудің мүмкіндігін көрсететін этностық құрылымның қалыптасу үрдісін көрсетеді [100].

**Қазақстандағы ұлттық бірегейліктің жалпыұлттық
бірегейлікке өтуі**

*Кесте 3 – Елдегі халық санақтары бойынша этностық
топтардың өсу көрсеткіші
(тұрғындардың жалпы санына шаққандағы %)*

Этностар	1989	1999	2009
Қазақтар	40,1	53,3	62,98
Орыстар	37,4	30,02	23,76
Өзбектер	2,0	2,47	2,85
Украиндықтар	5,4	3,68	2,09
Ұйғырлар	1,1	1,41	1,4
Татарлар	1,7	1,67	1,28
Немістер	2,4	2,38	1,12
Басқалар	5,1	5,07	4,51
ҚР статистика агенттігінің мәліметі бойынша			

Жоғарыда келтірілген мәліметтерді талдаудың негізінде еуропалық-славяндық ұлттар өкілдерінің азаюы мен түркі халықтарының санының артуының тұрақты тенденциясының орын алып отырғандығын байқауға болады. Жалпы түркі халықтары қазақ тіліне жақын тілде сөйлейді. Бұл үрдісте тіл саласындағы қазақтандырудың пайдасына алып келеді. Сонымен бірге, тәуелсіздік алған уақыттан бері қарай қазақтар санының артуы демографиялық саланың қазақтандырылуын білдіреді, сондай-ақ, қазақ тілінің алдағы уақытта статусының нығаюына негіз болады.

Қазақтандыру Қазақстан Республикасының ұлттық саясат саласында жетекші тенденция ретінде са-

яси және демографиялық өлшемді иеленетіні рас. Ұлттық саясат саласында негізгі қатысушылары мемлекет, қазақ және орыс элиталары болып табылады. Осыған сәйкес олардың қазақтандыру үрдісіне қарым-қатынасы болашақта ұлттық бірегейлік мәселесінің шешіміне тәуелді. Қазақ элиталары қазақ мәдениетінің негізгі символы болып табылатын қазақ тілін тәжірибе жүзінде қазақстандықтар өмірінің барлық саласына енгізу үрдісінің қарқынды жүргізілуімен қатар басқа да этностардың ұлттық бірегейленуіне ықпалын қолдайды. Сонымен бірге, кейбір ұлт патриоттары орыс тілін қолданыстан алып тастауға шақыра отырып, қазақтандыру саясатының баяу жүргізіліп жатқаны үшін билікті қатаң сынға алады. Ал қазақ элиталарының басқа бір бөлігі орыс тілді қазақтарды, сондай-ақ, басқа да этнос өкілдерін тілді үйрену мен оны күнделікті тәжірибеге ендіруге шақыра отырып, бірқалыпты ұстанымды ұстанады.

Орыс элиталары, ұлттық саясат саласында негізінен басқа еуропалық-славяндық этностар өкілдерінің мүддесін жақтайды. Олар өз кезегінде орыс тілінің және орыс-кеңес символдарының статусының қоғамда сақталуын белсенді қолдайды, сондай-ақ, азаматтық бірегейленуге шақырады. Бұл орыс элиталарының әрекеті өз кезегінде әрқашан қазақтандыру үрдісіне кедергі жасай отырып, қазақ және қазақстандық бірегейліктің тепе-теңдігінің өзгеруін кешеуілдетеді.

Мемлекеттің осы саладағы ұстанып отырған тілдік саясаты қазақ тілінің қоғамдық өмірдің барлық салаларына белсенді түрде енгізілуін қолдауға және оны дамытуға тікелей бағытталған. Сонымен бірге, мемлекеттік тілдік саясат орыс тілімен қатар ағылшын тілінің қолданысы мен дамуын сақтай

отырып қазақстандық қоғамда үш тұғырлы тіл саясатын жүргізуді қолға алды. Жаһандану тұсында мемлекеттің жүргізіп жатқан осы тілдік саясаты қазақстандық қоғамның шынайы этнодемографиялық құрылымымен сәйкес келеді деп есептеуге болады.

Қазақтандыру қарқынының болашақта артатындығын тіл саласындағы мемлекеттің ұстанымы мен Қазақстан Республикасының тәуелсіздік жылдарындағы демографиялық саласындағы өзгерістер дәлелдейді. Халықтың этностық құрамы көп жағдайда еліміздегі этносаралық қарым-қатынастың сипатын анықтайды. Қазақстан Республикасының статистика агенттігінің мәліметі еуропалық-славяндық этностық топтар (орыс, украин, немістер) Қазақстанның солтүстік және орталық облыстарында шоғырланғанын көрсетеді. Өз кезегінде этностық қазақтар, сондай-ақ, Орталық Азия елдерінен келген репатрианттар мен иммигранттар негізінен Оңтүстік және Батыс Қазақстанда, Астана мен Алматы қалаларында қоныстанған [101].

Сонымен, еліміздегі қазақтандыру үрдісінің жүргізілуі туралы ойымызды қорытындылай келе, ұлттық бірегейлік тілмен тығыз байланысты екенін айта аламыз. Өйткені, тіл тек қана қауымның рухани болмысын немесе өзара тілдесудің құралы ғана болып табылмайды, сонымен қатар, ұлттарды бір-бірінен тілдік топтар арқылы ерекшелендіріп тұратын қасиетке ие. Ұлттық бірегейлікті қалыптастыратын факторлар сол ұлттың тілі, символдары мен тарихи мифтері болып табылады. Көп жағдайда белгілі бір ұлттың өз ішінде өзара түсіністікке алып келетін сол ұлттың тіліне қарап, оның қай ұлттың өкілі екенін анықтауға болады. Американдық ғалым Дж. Фишман атап көрсеткендей, ұлттар өмір сүруі барысында, олардың тілі әрқашан осы ұжымның

символы және басқа да қауымдастықтармен бірігу мен антогонизм арқылы топтың бейнелеу құралы болып табылады [102].

Осы орайда, елімізде 1989 жылы тіл туралы заңның қабылданған уақытынан бері қарай жазушылар, азаматтық және қоғамдық қызметкерлері арасында латын қарпіне көшу керек пе, әлде кириллицада қала береміз бе деген сұрақ төңірегінде қоғамда пікірталастар ешқашан толастаған емес. Сондықтан, Қазақстан мемлекеті тәуелсіздікке қолжеткізгеннен бері дербес мемлекет ретінде саяси сананы мен ұлттық сананы кеңессіздендіру үрдісін жұмсақ және баяу болса да қолға ала бастады. Бұл үрдістің баяу басталу себебі еліміздің ғасырлар бойы Ресей империясының қоластында орыстандыру саясатының нәтижесінде қазақтардың ұлттық құндылықтарынан ажырауы мен басқа саяси мәдениетке толығымен бейімделу үрдісі, жаңа саяси мәдениетке бірден өтудің қоғам ішінде қарсылық тудыру қаупімен тығыз байланысты еді. Яғни, кеңестік идеологияның ықпалынан бірден шығу мүмкін емес болатын-ды. Сонымен қатар, еліміздің тарихи тағдырлар тоғысында көп ұлтты мемлекетке айналуы барысындағы қазақ емес ұлттардың қарсылығы қазіргі уақытта қазақтандыру саясатын біраз тежеп отырғаны ақиқат.

Жоғарыда айтылғандай орыстардың қазақтандыру саясатына қарсылығы тілдік салада айқын көрініс тапқанын айтуымызға болады. Өйткені Қазақстанда өмір сүретін түрлі этностық топтардың, соның ішінде орыстардың қазақ тілін білмеуі себепті өздерінің қауымдастығы шеңберінің ішінде оқшаулануы арқылы қарсылық танытады. Олардың ұстанымы бойынша, елде өмір сүретін әрбір этностық азшылықтар

өздерінің ұлттық мінез-құлқын, тілі мен дәстүрін, әдет-ғұрпын сақтауға құқы бар. Сонымен бірге, орыстар мемлекеттің қазақ тіліне көшу саясатының жылдамдығын және оның күшпен іске асырылып жатқандығымен айыптайды. Қазақ тілінің елде жалпыхалықтық ортақ мемлекеттік тілге айналуы үшін ұзақ уақыт керектігін алға тартады. Егер қазақ тіліне бірден ауысқан жағдайда, маңызды қоғамдық-әлеуметтік салалардың зардап шегетіндігіне, әсіресе, әртүрлі деңгейде білім беруде қазақ тіліне жаппай өту мен орыс тілінің қысқаруы білім сапасының төмендеуіне алып келеді [26, с. 136-139].

Осы мәселе жөнінде американдық саясаттанушы Дэвид Лэйтин посткеңестік елдердегі орыс этностық топтарының ұлттық бірегейлігінің қалыптасуының ерекшеліктерін жан-жақты салыстырмалы түрде зерттей отырып, Қазақстандағы орыстардың кеңестік кезеңнен бері қарай қазіргі уақытқа дейін көзқарастарының ешбір өзгермегендігін айтады. Олар титулды ұлттың тілін үйрену үшін өздерінің бағыттарын өзгертуді пайдасыз және абсурд ретінде санайтындықтарын атап көрсетеді [22, р. 156].

Дегенмен, ұлт мәселесін зерттеумен айналысатын отандық ғалым, профессор Р.Қ. Қадыржанов қоғамдағы жағдайды нақты бейнелей келе, бұл мәселені тек қазақтандыру саясатын жүргізу арқылы шешуді ұсынады, оның ойынша: «Қазақстандық орыстарда күшті империялық сана орныққан. Жиырма жыл көлемінде санаға өзгеріс енгізе қою қиын. Кеңес Одағы олар үшін Үлкен Ресей тәріздес болды. Олар қалаған жерінде өмір сүрді. Бірақ, олар түсінуі керек, ескі «ойынның ережесіне» енді қайта оралу мүмкін емес. Ал жаңашаға олар әлі дайын емес. Моральдық

тұрғыдан да, психологиялық тұрғыдан да...», – деп атап көрсетеді.

Сондықтан, автор қалыптасқан жағдайларға қарамастан қазіргі уақытта мемлекеттің алдында тұрған маңызды мәселе қазақтандыру саясатын шыннайы түрде қолға алу керектігін айтады. Яғни, оның айтуынша, «Тығырықтан шығатын жол тек біреу – қазақтандыру. Кез келген жағдайда да «қазақ партиясы» деп есептеледі. Яғни, мәдени түрде ассимиляция саясатын жүргізу керек. Қазақ тілін үйрену керек, қазақ тарихын білу керек. Болмаса өз еркімен өзіне қолайлы басқа елге көшу керек. Күштеп оларды ешкім қумайды. Ұлт жанашырлары үкіметті қазақ тілін жеткілікті деңгейде қолдамағаны үшін сынаған кезде, олардың «қазақтандыру» үрдісіне көңілі толмайтындығын түсіну керек», – деген тұжырым жасайды [103].

Біздің ойымызша, еліміздің әрбір азаматы өзінің туған тілінде сөйлеуге, өз халқының салт-дәстүрін құрметтеуге және төл мәдениетін қолдануға тыйым салынбайды.

Алайда, кез келген мемлекеттің ұлттық құндылықтарына құрметпен қарау қажет. Осыған орай осы саладағы мемлекеттік саясат қазақ тілін дамытуға бағытталған үрдісті кезең-кезеңмен жүзеге асыруды көздейді. Оған дәлел ретінде тәуелсіздік алған уақыттан бері қарай қазақ тілін дамыту мен жетілдіруге бағытталған бағдарламалар, әрбір онжыл сайынғы «Тілдерді қолдану мен дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламаларды» және т.б. дәлел ретінде келтіруге болады. Сондықтан бұл мәселенің толықтай іске асуы тек уақытпен ғана өлшенеді, олай болмаған жағдайда ел ішіндегі этносаралық саладағы қауіп-қатерлерге ұрындыруы мүмкін.

Осы орайда, жоғарыда талқыланған тілдік саладағы қазақтандыру саясатын жүргізу мақсатындағы мемлекеттің нақты шешімі ретінде 2012 жылдың желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жолдауында латын әліпбиіне 2020 жылы көшу туралы бастамасын айтуға болады. Бұл өзгеріс қоғамдық бұқаралық ақпарат құралдарында, сонымен бірге көпшілік ортада қызу талқылауға түсті. Оның басты себебі қоғам алдындағы түбегейлі өзгеріс – кириллицадан латын қарпіне көшу мәселесі болып табылды. Латын әліпбиіне көшудегі басты мақсат ұзақ уақыт бойы шешімін таппай келе жатқан қазақ тілінің қазақстандық қоғамда қолданыс аясының кеңеюі. Бұл үрдісті бірқатар ғалымдар қазақстандық қоғамдағы нативизация үрдісі ретінде анықтап жүр. Сонымен қатар латын әліпбиіне көшу әлемдік ақпараттық кеңістігіне оңай шығуға мүмкіндік жасайды. Алайда, қазіргі кезде бұл мәселенің төңірегінде әртүрлі қарама-қайшылықтар көзқарастар туындауы мен қоғамдық пікірдің түрлі арнаға ауысуын туындатты.

2013 жылдың басынан бастап Философия, саясаттану және дінтану институтында жүзеге асатын ««Этносаралық қарым-қатынас пен Қазақстан Республикасындағы діни жағдайдың мониторингі» атты ғылыми жоба шеңберінде латын қарпіне өтуге байланысты қоғамдық пікірге ғылыми сараптама жасау мақсатымен қазақ тілді бұқаралық ақпарат құралдарына контент-талдау жасалды. Контент-талдауға елімізде оқырмандары мен таралымы көп болып саналатын мерзімдік ақпарат құралдары енді, олар: «Жас қазақ», «Жас Алаш», «Айқын», «Жас қазақ үні», «Ислам және өркениет», «Алматы ақшамы» және т.б. Ал электронды ақпарат құралдарына оқырман

қауымға танымал қазақ тілді сайттар қарастырылды. Оларға: Abai.kz, Baq.kz, Ult.kz, Masa.kz, Azattyk.org сайттарында жарияланған материалдар кірді [104].

Мемлекеттің алдында қазіргі таңда әліпбиді өзгертуге байланысты біржақты таңдау, атап айтқанда, ескі әліпбиде қалу немесе латынға көшу мәселесі тұр. Осы мақсатта жүргізілген контент-талдау негізінде қоғамда латын әліпбиіне көшуге байланысты туындаған ой-пікірді үшке бөліп қарастыруға болады, олар: біріншіден, бұл бастаманы қолдаушылар, екіншіден, бұған күмәнмен қараушылар немесе қарсы шығушылар, үшіншіден, қалыс қалушылар немесе үнсіз бақылаушылар. Қолдаушылардың басым көпшілігі өздерін ұлт патриоттарымыз деп санаушылар, яғни, қазақ халқының ұлттық бірегейлігін күшейтуді қалайтындар. Бұл топқа ұлтшылдар, қазақ тілінің жанашырлары кіреді. Олар латын әліпбиіне көшу арқылы орысқа тәуелділіктен құтылып, түркі халықтарының интеграциясына бағытталуға қол жеткіземіз деп санайды. Осыған байланысты «Ақ жол» ҚДП Орталық кеңесінің хатшысы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қайраткері, журналист Сәбит Байдалы бір анығы отаршылдардың қазақтарды дыбыссыздандыру арқылы, тілсіздендіру арқылы ұлтсыздандыру саясатының зардабын қазақтардың әлі тартып келе жатқандығын айтады. Ол латын әліпбиіне көшу қазақ санасын отарсыздандыру үшін қажет деп санайды [105].

Ал, осы ойды мақұлдай келе, М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор Уәлихан Қалижан «Алаш айнасы» газетіне (21.02.2013 жыл) берген сұхбатында: «...біз латын әрпіне көшкен кезде осы классикалық зерттеулерді дереу латын әрпімен басуға

дайынбыз. Мұхтар Әуезовтің 50 томдығын да латын әліппесімен шығаруды ойластырып қойдық», – деп пікірін білдірді [106].

Ол латын әрпіне көшу ұлттық менталитетті өсіріп, халықты біріктіреді, жаңа ұрпақ тоталитарлық коммунистік жүйенің психологиясынан арылады деп ойлайды. Осыған қарай отырып, қазақ элитасының, ұлт патриоттарының көзқарасы тұрғысында латын әліппесіне көшу Қазақстанда түркі бірегейлігін күшейтуге әсер етеді. Яғни, көп жылдар бойында жоғалған түркі халықтарының арасындағы мәдени, рухани, тілдік және туысқандық байланыс қайта жаңғырады. Бұл байланыс кеңестік құлдық саясаттың нәтижесінде жоғалған деп есептейді. Сондай-ақ латын әліппесіне өтуді қолдаушылар өткен ғасырда Алаш зиялыларының азаттық рухтағы жалынды ойларын өздерінің басты ұраны және сол кезеңнің тарихи тұлғаларын (Мәселен, Ә. Бөкейханов, М. Шоқай, Т. Рысқұлов және т.б.) тәуелсіз қазақ елінің символы санайтындар, олар аңсаған түркі халықтарының бірігуіне қол жеткізетініне зор сеніммен қарайды.

Белгілі саясаттанушы Ерлан Қарин: «Латын әліппесіне көшу қазақ тілін әйгілеп қана қоймай, оның көкжиегін де кеңейтеді. Басқа елдердегі қазақ диаспорасының ақпарат алуда кедергілерге тап болып жатқандығы жойылады, қазақ тілі латын әліппесіне көшкен кезде автоматты түрде ақпараттық кеңістігі кеңейе түседі, Қытай, Түркиядағы және басқа жақтағы қазақ жастарына жол ашылады, сонымен қатар, елімізде мемлекеттік тілдің қолдану аясы күшейеді», – деп санайды [107].

Дегенмен, бұл бастамаға қарсы шығушылардың көпшілігі – елімізде тұратын басқа ұлт өкілдері, яғни,

мемлекеттік тілді игеру жағынан қиналатындар. Сонымен бірге, қазақ интеллигенциясының ішінде де латын әліпбиіне көшуге күмәнмен қарайтындар да бар, олардың негізгі бөлігі өздерінің еңбектерін кириллица қарпімен жарыққа шығарғандар. Олар болашақ ұрпаққа бұл дүниелердің түсініксіз және құнсыз болатындығына алаңдайды, сонымен қатар мемлекет барлық жазбаларды латыншаға аудармайды, бұл қыруар қаражатты талап етеді деп ойлайды. Осыған байланысты ұлт жанашыры, ақын Мұхтар Шаханов республикамызда еліміздің ежелгі, кейінгі тарихына, мәдениетіне, рухани құндылықтарына байланысты және ғылымымызды, әдебиетімізді, салт-санамызды әспеттейтін миллиондаған атпен кітаптар, ғылыми еңбектер басылды. Әліпби ауыстыру арқылы мүшкіл халде тұрған тіліміздің жағдайын одан сайын әлсірететінімізді көп адамның түсінбейтініне қайран қалудамыз деген өкінішін білдіреді [108].

Сонымен бірге, Шаханов бастаған бір топ зиялы қауымдары бірігіп латын әліпбиіне көшуге байланысты өздерін қарсылықтарын білдірген Елбасына, Үкіметке, Парламент депутаттарына ашық хат жолдады. Олардың айтуынша, бұл жерде жұрттың бәрі терең түрде аңғара бермейтін мынадай бір үлкен мәселе жасырынып жатыр: «Алдымен Өзбекстандағы жағдайға үңілелік. Бұл мемлекетте тұратын басқа ұлт өкілдері де, тіпті, орыстар да өзбек тілінде сөйлейді. Өзбек тілі мемлекеттік тіл ретінде үлкен беделге ие болса, бізде қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде әлі күнге дейін даму үстінде. Жоғарыда айттық, «бүгінгі таңда қазақтардың 60 пайызға жуығы өз ана тілінде оқи алмайды, жаза алмайды» деп өзінің наразылығын білдірді. Ең бастысы, өзбек халқы біздер сияқты «ана тілін меңгерген

қазақтар» немесе ана тілін менсінбейтін «космополит қазақтар» болып екіге бөлінген жоқ. Олардың бізден артықшылығы да осында. Әліпби негізінде қазақтарды ашық түрде екіге бөлу қылмысқа барабар іс. Сондықтан да, латын қарпіне көшу – орны толмас өкінішке бастары хақ», – деген жолдар хатта кездеседі.

Алайда, қоғамдағы латын әліпбиін қолдау мен қарсы шығушылар арасында өрбіген өткір пікірталастың тасасында сырттан бақылап отырған топтар де кездеседі. Олар бұл бастаманы не қызу қолдамайды, не болмаса оған ашық қарсылық білдірмейді. Олардың ұстанымы әліптің артын бағайық деген бағытта. Осы мақсатта профессор Қуандық Тұрдалиннің пайымдауынша, Қазақстан латынға көшуді 2025 жылға межелеп отырудың мәнісі: біріншіден, Қазақстанда қазақтардың 40 пайызы өз ана тілін білмейді. Екіншіден, Қазақстандағы 17 миллион халықтың 7 миллионы – басқа ұлт өкілдері. Үшіншіден, латынға көшкен түркі елдері ішінде Қазақстан ғана орыстармен ортақ шекаралас. Бұл шекараның ұзындығы 8 мың шақырымға созылады. Төртіншіден, сол ұзын-сонар шекараның арғы жағы да, бергі жағы да – басқа ұлт өкілдері. Бесіншіден, елімізде орыс тілінде шығатын газет-журналдар, кітаптар өте көп әрі еркін сатылуда. Бұл жағдайда, біз жоғарыда айтқан 40 пайыз қара «орыстар», оған қоса жеті миллион басқа ұлттар реформаға бас қатырып, неге латынша үйренуі тиіс? Олар бұрынғыдай орыс газет-журналдарын оқып жүре бермей ме? Ал мемлекеттің тең жартысынан астамы кириллица қарпінде қала берсе, Отан тұтастығынан не қалады? Жаңа әліпбиге көшкен ел елу жылда сауатсыз елге айналады. Мұны тарих дәлелдеген деп атап көрсетеді [109].

Қазақстандағы ұлттық бірегейліктің қалыптасу ерекшеліктері

Яғни, латын әліпбиіне көшу бастамасына орай қоғамда өрбіп жатқан қарама-қайшы пікірлердің тайталасына түрткі болған негізгі ойларды салыстыра отырып талдау арқылы жоғарыда басты тұжырымдар келтірдік. Бұл пікірталастардың қазақ халқының ұлттық бірегейлігін анықтауға тікелей қатысты.

Сонымен қатар, тарихтан тамыр алатын жаңа қазақ бірегейлігі түркі халықтарының ортақ бірегейлігіне негізделген түркі мемлекеттерінің интеграциясын қолдайтын топтар да бар. Олардың басым көпшілігін ұлт паттриоттары, тіл жанашырлары, соның ішінде ең бастысы басым бөлігін жастар құрайды. Латын әліпбиіне көшу заман талабы болып табылады, өйткені, постиндустриалды қоғамда ақпараттық технологиялар дамыған заманда және жаһандану кезеңінде әлемге ортақ әліпби елімізді дүниежүзілік саяси аренаға шығуға мүмкіндік жасайды деген ойдамыз. Әсіресе, жас ұрпақ жаңа әліпбиге көшуге жан-жақты дайын. Оның себебі үш тұғырлы тіл тұжырымдамасы шеңберінде ағылшын тілін меңгеруге бет қойған оларға бұл әліпби жат емес. Мемлекетіміздің алдында тұрған басты мәселе латын әліпбиіне көшкен көрші түркі мемлекеттерінің тәжірибесіне сүйене отырып, жан-жақты саралаудан өткізіп барып жүзеге асыру керек деп ойлаймын.

2. ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМНЫҢ ТАРИХИ САНАСЫНЫҢ ӨЗГЕРУІ ЖОЛЫНДАҒЫ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

2.1 Қазақ халқының рухани әлемінің дамуының эволюциялық жолдары

2017 жылы 12 сәуірде қазақстандық қоғамға тым серпін әкелген, азаматтардың жаппай қолдауына ие болған Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы жарық көрді. Бұл мақалада көтерілген басты идея қазақстандықтардың ұлттық санасының жаңғыруы. Ұлттық сананы жаңғыртуда ең алдымен халықтың тарихына, салт-дәстүріне, туған жеріне деген сүйіспеншілігіне және ұлттық кодына баса назар аударуға шақырады. Түптеп келгенде ұлттық сананың жаңғыру аясында ұлттық бірегейлікті сақтау үшін еліміздің тарихына, тарихи тұлғалары мен мұраларына құрметпен қарауда жатыр. Ол үшін өткен тарихымызды түгелдеп қана қоймай, оған заман талабына сай ұлт мүддесі тұрғысынан басқаша терең көзқараспен қарай қажеттігі байқалады. Бұл туралы Президент өзінің мақаласында: «Рухани жаңғыру – тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы» деп атап көрсетеді [110].

Сол себепті ұлт жадының тұғырнамасына айналған тарихтың қазіргі кезде біздің қоғамның санасында атқарып отырған басты қызметіне төменде біраз талдау жасасақ. Тарих жеке дара ғылым саласы ретінде адамзаттың өткені туралы баяндай отырып, қазіргі

таңда қоғамда әртүрлі саяси көзқарастар мен түсініктер қалыптастыра алуда мүмкіндігі зор. Ортақ тарихи тағдырластық арқылы белгілі бір топ пен халықты өзгелерден бөліп көрсете отырып, сол қауымда топтасқан өзінің мүшелерін бір ұлтқа бірігу сезімін туындататыны белгілі. Яғни, сол ұлттың өткен тарихында орын алған өрлеу мен құлдырау кезеңдері туралы оқиғаларды, тарихи жады мен естеліктерді түрлі жолмен жеткізу, түсіндіру және қайта жаңғырту арқылы индивидтің патриоттық сезімін оятып, ұлттық болмысын жасауға көп үлесін қосады. Тарихтың мұндай артықшылықтары мен ерекшеліктері қоғамның саяси санасында көрініс табуы қазіргі жағдайда ғылымда национализм идеологиясымен тығыз байланысты.

Осылайша, тарих саясаттың идеологиясы ретінде қолданылатын национализммен байланыса келіп, қоғамда ұлтты және ұлттық саясатты жасауда зор қызмет атқарады. Қазіргі уақытта оның басты қызметі адамзаттың өткенінен мол мағлұматтар ғана берумен ғана шектелмей, идеологиялық құрал ретінде саясатта кеңінен қолданылуымен анықталады. Әсіресе, оны белгілі бір ұлттың ұлттық-мемлекеттік құрылысы мен ұлттық бірегейлігін қалыптастыруда негізгі этномәдени символ ретінде халықтың санасына тікелей әсер ете алу қабілетін атауға болады.

Басқаша көзқараспен қарағанда, соңғы уақытта ғылымда бұл үрдісті қосымша түрде жаңаша «тарихтың саясилануы» деген атаумен қолдану кең түрде белең алған. Әрине, бұл атау мағыналық тұрғыда осы үрдіске бір қырынан қарауға мүмкіндік беретінімен келісуге болады. Дегенмен, тарихтың саясилану үрдісінің қоғамда саяси ұлтты қалыптастыруда идеологиялық қызмет атқаруы ғылыми тұрғыда алып

қарағанда оның мәнін толықтай ашып көрсететініне көз жеткіземіз.

Осы орайда, Украина тарихының саясилануымен айналысып жүрген ғалым Георгий Касьяновтың айтуынша, тарихтың саясилануының бастау көзі барлық тарихшылардың өздерінің жеке зерттеулерінде көп көлемде қоршаған ортаның, қоғамның, жеке көзқарастың, сондай-ақ, ұлттық, діни және әлеуметтік бірегейленудің ықпалына ұшырауында жатыр. Белгілі бір мағынада бұл байланыс тарихтың тұрақты дамуы мен жаңаруының негізі болып табылады. Уақыт талабы мен болып жатқан жағдайлар тарихшыларды мәселені жаңаша қоюға итермелейді, өйткені саяси факторлардың ықпалына тарихшылар әрдайым түсіп отырады. Сонымен қатар тарихтың саясилануы тек жеке түрде ғана емес, көпшіліктің қатысуымен топпен де жүзеге асады [32].

Тарих ғылымы Кеңес өкіметі тұсында коммунистік идеологияның ажырамас бір бөлігі ретінде кеңестік-социалистік қоғамда саяси сананы тәрбиелеуде ерекше қызмет атқарды. Ал, Кеңес одағы ыдырағаннан кейін тәуелсіздік алған посткеңестік елдердің басымы көпшілігі ұлттық мемлекеттерін құру жолына түсті, соның ішінде Қазақстанда бұл үрдістен тыс қалмады. Олардың көпшілігі өздерінің ортақ тарихи тағдырынан туындаған көпэтностық, көпмәдени қоғамдық ерекшеліктеріне сәйкес қалыптасқан күрделі қиыншылықтарды мен көп жағдайда ұқсастықтарды бастан өткеруіне тура келді. Оның басты себебі кеңестік идеологияның негізінде қалыптасқан бәріне ортақ мемлекеттік символдар, жүйе және мәдениет еді.

Бұл қалыптасқан құндылықтар Кеңес өкіметі құлағаннан кейін жан-жақты талқыға түсіп және

Біртіндеп ыдарауға ұшырай бастады. Оған түрткі болған жағдай посткеңестік елдердің өздерінің ұлттық мемлекетін құруына бет бұруы екені анық. Осы орайда, Қазақстан Республикасы да тәуелсіздік алғаннан кейін демократиялық жолды таңдай отырып, сондай-ақ, басқа ұлт азаматтарының жеке мәдениетін, тілі мен ұлттық құндылықтарына құрмет көрсете отырып, өзінің ұлттық мемлекетін құру мен ұлттық бірегейлікті қалыптастыру жолын таңдады. Яғни, тарих өзінің идеологиялық қызметін басқа формаға енгізе отырып, жаңа ұлттық мемлекеттің ұлттық құрылысының берік қалыптасуына атсалысуға кірісті.

Осы кезден бастап посткеңестік елдердегі идеологияның ең өзекті және даулы мәселелерінің бірі бірегейлік болып табылды. Посткеңестік және басқа да елдерде оның қалыптасуы этномәдени символдарды пайдаланумен іске асырыла бастады, соның ең негізгісі саналатын тарихтың белсенді түрде қатысуына негізделеді. Бұл үрдіс жаңа кеңессіз тарихтың жазылуымен жиырмасыншы ғасырда және одан ерте кезден бастау алады. Осы үрдісті жаңадандыруға бүгінгі таңда негізінен мемлекет және оның тарихи саясаты, ұлттық элиталар, тарихшылар және ұлт патриоттары, әртүрлі қоғамдық топтар белсенді үлес қосуда.

Жалпы алғанда ұлт және ұлттық бірегейлік ұғымдары бір-бірімен өзара тығыз байланысты. Ұлт адамдардың ортақ ұлттық бірегейлікті иеленетін жалпы біртұтас қауымдастығынан тұрады. Сонымен бірге, ұлттық бірегейлік сол қауымның әрбір мүшесінің таңдауы мен өзіндік санасы арқылы да орнығады. Ұлт түсінігіне анықтама берген кезде бір-біріне қарама-қайшы әртүрлі түсініктердің барлығы жоғарыда айтылды. Оны этимологиялық мағынада

алып қарайтын болсақ, кейде адамдардың тұмысынан және шығу тегіне байланысты қалыптасқан тобырды атауда қолданылады. Алайда, көп жағдайда олардың мекендейтін территориялық кеңістігімен, олардың тұрғындарымен және бір орталықтан басқарылатын мемлекетінің болуымен де анықталады. Кейбір ұлттар бір негізгі ұлттың басымдығымен немесе көптеген этностардың ішінде титулды бір ұлттың ядроға айналып, басқаларды маңайына топтастыру негізінде ұлттық мемлекет деген сипатқа ие болса, ал кейбіреулері мемлекетсіз ұлттар деген атауды иеленеді.

Осы орайда тарихта кез келген ұлт өзінің өмір сүруі барысында белгілі бір ядроға айналып, өзінің ұлттық құндылықтарына негізделген мемлекетін құруға талпынатыны сөзсіз. Өйткені, ұлттың бірегейлігі әрбір жеке тұлғаның өзінің ұлттық қауымдастығымен және мемлекетімен іштей өзінің жан дүниесімен байланыстырғанда ғана орнығады. Сондықтан ұлттың әрбір мүшелері тарихта сол мекен еткен территориямен, мемлекетпен және топтасқан қауыммен байланысы арқылы анықталады. Осы орайда жеке тұлғаның өз ұлтымен және мемлекеті арасындағы байланысты тарих жүзеге асыра алады, өйткені тарих оның ұлты мен мемлекетінің ұзақ ғасырлар бойында уақытты бірте басынан өткергендігін, шығу тегінің бір жерден бастау алатындығын білдіреді. Сол арқылы ұлттарды бір ядроға топтастыруға, қайтадан тарихи санасын қалпына келтіруге және мемлекетпен қоғам арасындағы байланысты күшейтуге септігін тигізе алады.

Тарихтың бұлай саясилануы ерте кезде, тарихтың алғаш жазыла бастаған кезінен бастап пайда боған. Алайда, национализм ұзақ уақыт бойында саясаттың бір ағымы ретінде анықталып, өз алдына жеке дамып

келді, оның тарихпен байланысы адамдардың назарынан тыс қала берді. Тек кейінірек Француз революциясынан кейін ғана тарихи еңбектердің жазылуы мемлекеттің ұлттық саясатының келешегіне тікелей ықпал ете бастады, нәтижесінде, XIX ғасыр бойы және XX ғасырдың басында ғаламдық деңгейде көрінді. Осы кезеңде ғылымда еуропалық философ ғалымдар мен әлеуметтік ойшылдардың еңбектерінде халықтарды олардың мәдениетімен, тарихымен және толықтай әлеуметтік дамуымен салыстыру кең танымал бола бастады. Оның ең алғашқы негізін қалаушылардың бірі Иоган Готфрид Гердер болды. Ғалымның еңбектерінде халықтар «тарихи» және «тарихи емес» деп екіге бөлінеді. «Тарихи халықтар» ретінде бай тарихы және мәдениеті мен дамыған тілі және өнері бар халықтар анықталды, олар дамудың ең жоғарғы сатысында тұрғандар болып бағаланды. «Тарихи халықтарға» Батыс Еуропаның халықтары жатты, өйткені олар ұлт ретінде атауға ең жоғарғы тарихи-мәдени артықшылықтарымен ғана емес, сондай-ақ, әлеуметтік-саяси дамуы да негіз болды. Ал «тарихи емес халықтар» ретінде батыс ғалымдары тарихи-мәдени және әлеуметтік-саяси қарым-қатынастарда кешеуілдеп қалған Шығыс Еуропаның халықтарын қарастырды.

Өзінің дамуының белгілі бір кезеңіндегі тарихи кемсітуден құтылудың ең басты жолы тарихи емес ұлттар үшін ұлттың құрылысы мен жеке тарихты жасау болып табылды. Осы арқылы олар тарихи емес ұлттан тарихи ұлтқа айналудың жолын іздеді. Осы бағытта ресейлік тарихшылар Василий Татищев, Сергей Соловьев, Василий Ключевский және тағы басқалардың еңбектерінде осы мәселеге көңіл бөле бастады. Олардың еңбектерінің негізінде Ресей империясының

тарихының қалыптастыру арқылы национализм идеологиясы одан әрі дамыту жатты [45, с. 133].

Тарихтың бұлай саясилануының қазіргі уақытта көптеген себептері белгілі. Соның себептерінің ең маңызды элементтерінің бірі XIX ғасырлардан бастап қазіргі уақытқа дейінгі мерзімде ұлттар мен ұлттық мемлекеттердің әлемдік тарих сахнасына шығуы болып табылады. Сол жаңадан пайда болған ұлттық мемлекеттерде қолданылып, кейін әлемге кең етек жайған тәсіл ұлттық мемлекеттердің ұлттық тарихының жоғалған беттерін қайта тірілту ұстанымынан туындаған болатын. Тарихтың национализациялануы жаппай мектепте қосымша оқу бағдарламаларында тарихтағы жауынгерлік пен батырлықты баяндайтын ұлттық тарихтың жарқын беттері немесе тарихтағы қара дақтар ретінде қолданыла бастады.

Бірінші Дүниежүзілік соғыстың аяқталуынан кейін әлемдік саясатта орын алған геосаяси өзгерістер нәтижесінде қайтадан құрылған мемлекеттердің жаңа шекаралары ұлттардың өзін-өзі анықтауын басты орынға шығарды. Сондықтан кейбір аймақтарда және тұрғылықты жерлердегі халықтардың ұлттық мінез құлқын және мүддесін жасау мәселесі өзекті бола бастады. Әсіресе, кейбір мемлекеттердің территорияларын бөлген кезде оның тарихына назар аударуға, тарихшылардың өз ұлтының жерін анықтауда терең зерттеумен айналысуына тура келді. Екінші Дүниежүзілік соғыстан кейін көптеген мемлекеттердің тәуелсіздік алуының нәтижесінде ұлттық мемлекеттердің құрылуы олардың тарихын саясиландыру үрдісінің қарқынын жылдамдатты. Нәтижесінде әрбір ұлттық мемлекеттердің өздерінің жалаулары, тарихтары мен символдары дүниеге келді. Тіпті жаңа

құрылған ұлттық мемлекеттердің азаматтары заңды түрде өздерінің ұлттық азаматтық ерекшелігі бойынша бірегейліктерін иеленуіне тура келді. Осы орайда тарих тоғысымен Канадада қоныстанған ағылшындар мен француздардың тарихының саясилануы жарқын үлгі болып табылады.

Ал посткеңестік елдердің тарихының саясилана бастауы негізінен жиырмасыншы ғасырдың соңында және жиырма бірінші ғасырдың басында басталды. Посткеңестік елдерде кеңестік кезеңдегі коммунистік идеология негізінде тарихтың оқылуы мен түсіндірілуі өткен тарихқа жек көрушілік сезімін оятты. Осы орайда Кеңестік өткен уақыттан символикалық тұрғыда алшақтау мен тарихи сананы кеңессіздендіру саясаты посткеңестік елдердегі әртүрлі түсті революциялардың орын алуына алып келді (Грузия, Украина және т.б.). Оның басты себебі тарихтың саясилануы сананы кеңессіздендіру және өзінің ұлттық бірегейлігін қайта жаңғырту болып табылады.

Осы орайда, посткеңестік елдердегі тарихтың және тарихи оқулықтардың десоветизациялану мәселесімен айналысып жүрген ғалым Нино Чикованидың пікірінше, «Қайта құру» кезінде ұлттық өзіндік сананың қайта жаңғыруы отандық тарихтың белгісіз фактілеріне қызығушылықтың өсуімен қатар жүреді. Тарихты басқаша ойлап түсінудің себебі қазіргі уақыттың талабына сәйкес әрекет ету үшін өткеннің тәжірибесіне жүгінудің барлық өтпелі қоғамдарға тән екендігін айтады. Кеңестер одағы құлағаннан кейін Грузияда да барлық посткеңестік кеңістіктегідей тарихтың деконструкциясы мен реконструкциясы басталды. Оның мәні «ақ таңдақтарды» толтыру мен «шынайы тарихты» қайта қалпына келтіру деп түсіндірілді. Осы

мәселе бойынша грузин тарихының басты міндеті оның деидеологизациялануы болып табылады деп пайымдайды [111].

Сонымен қатар, тағы да посткеңестік елдердің бірі болып табылатын Белоруссиядағы осы кездегі жағдайға келетін болсақ, мемлекет өзінің егемендігін алғаннан кейін ұлттық тарихнаманың қызу қалыптаса бастау алуымен сипатталады. Оның маңызды құрамдас бөлігі кеңестік кезеңнің идеологиялық ұстанымдарынан бас тарту, ұлттық артықшылықтарға қайта оралу және халықаралық байланыстарды қайтадан белсенді түрде іске қосу болып табылады. Жаңа нарративтердің негізгі тақырыбы – кеңестік тарихи мифологияны қайтадан қарастыру.

Оның бастапқы көзі өзінің мемлекеттілігінің түп тамырын іздеу, Литвалық Ұлы Княздіктерін белорустық-литвалық мемлекеттің негізі ретінде бекіту, сондай-ақ, Ресеймен қарым-қатынас тарихын Белоруссияда орын алған соғыстарға, антиресейлік көтерілістерге және антикеңестік күрестерге ерекше көңіл бөлу арқылы қайта жазуға арналды. Сондықтан белорус тарихшылары ұлыорыстық және кеңестік тарихнаманың негізгі постулаттарын жоққа шығара отырып, өздерінің елін батыс еуропалық өркениетпен байланыстыра көрсетуге ұмтылды [35].

Тарихтың ұлттық тұжырымдамасы осылайша ресми түрде мойындалмаған идеология ретінде Ұлы Ресей құрамында қайта жұтылып кетпес үшін белорустықтардың ұлттық бірегейлігін қалыптастыруға қызмет ете бастады. Алайда, баспа беттерінде отандық тарихқа қатысты бұл мәселе айқын көрініс таппағанмен, биліктің қадағалай алмайтын интернет парақшаларында қазіргі уақытта ұлттық және көп

жағдайда антиресейлік бағыттар жиі байқалады. Сонымен, елде мемлекеттің ресми тарихи саясатының ұстанымына қарамастан Белоруссияның өткен тарихының национализациялануы жалғасын тауып отырғандығын көрсетеді.

Осылайша, посткеңестік елдерінің ортақ тарихының национализациялану үрдісі Кеңес өкіметінің тікелей мұрагері болып саналатын Ресей Федерациясына кейбір бұрынғы одақ елдерінің өткен тарихтағы тарихи санада қалған іштей өшпенділіктерін туындатқанын айта кету керек. Осы орайда, Шығыс Еуропаның бірқатар ұлттық мемлекеттері қазіргі күні Ресейді өздерінің өткен тарихи зомбылықтарына тікелей кінәлі мемлекет ретінде танып, оларды мектеп оқулықтарында ашық түрде оқыта бастады. Бұл бір жағынан, еуропалық өркениетке жақындау саясаты болса, екінші жағынан, оны болашақ ұрпақтың кеңестік сананың ықпалынан шығу және одан бас тартуының көрсеткіші ретінде атауға болады.

Сонымен, қазіргі посткеңестік мемлекеттердің құрылуы үрдісінде национализацияланған ұлттық тарихтардың жазылуы қоғам тарапынан түрлі пікірлер мен қызығушылықтар тудырды. Нәтижесінде, тарихтың әлеуметтік ғылыми пән ретінде қалыптасуы барысында ұлттық сананы ояту мақсатындағы саясиленген тарихтың жазылуы қоғамдық санада біртіндеп ұлттық мифтердің танымал болуына алып келді.

Ұлттық мифологияның туындауы ұлттың ежелден бері өмір сүріп келе жатқандығын білдіреді. Сонымен қатар оны қазіргі қоғамға түсінікті тілмен және барынша зорайтып әсірелеу арқылы жеткізуге тырысады. Гарвард университетінің Украина тарихы бой-

ынша профессоры Сергей Плохийдың айтуы бойынша ұлттық мифтердің көпшілігі ұзақ уақыттар бойы ұмытылған тарихи құжаттарды қолдан жасау арқылы, әдебиет пен тарихи шығармаларды, аңыздар әңгімелер мен ертегілерді негізге ала отырып, қайтадан көпшілік назарына ұсынады. Мұндай тарихтың қайтадан жаңалық болып ашылуын авторлардың өзі шын мәнінде, қалыптаспаған қазіргі ұлттардың құрылысына қолданылатын қызметін жоққа шығармайды [112]. Тіпті мұндай мифологиялық еңбектер мазмұны жағынан ұлттық мифтер бола тұра, оны зиялы қауым, әлеуметтік топтар барынша сеніммен қабылдады. Тарихтың саясилануының бір көрінісі тарихта халықтың ұлттық және жауынгерлік рухын ояту және көтеру мақсатында көздеп шығарылған шешендік өнермен де тығыз байланысты пайда болған, кейінірек әрбір ұлттың ұлттық саясатында қолданыла бастады. Бұл секілді шешендік өнер арқылы оқырманды рухтандыратын батырлық эпостық жырлар ауыз әдебиетінде көптеп саналады.

Яғни, осы секілді ұлттық тарихи құнды материалдарды қазіргі таңдағы ұлттық бірегейлікті жасаушылар немесе ұлттық зиялы қауымның ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы құралы болып есептеледі. Олар оны тауып, оған символикалық мән беріп және оларды өздерінің мақсатына қолданады. Осы сияқты ұлттық бірегейлікті құрастырушы материалдармен, яғни символдармен, мәдениетпен, құндылықтармен ұлттың өзара тығыз байланысы орнығады. Сол арқылы ұлттық бірегейлікті құрастырушылар ұлттың ортақ құндылықтарын алға тарта және оны насихаттай отырып, ортақ ядроға топтасу мен жұмылдырылу сезімін оятады.

Алайда, көп ұлтты Қазақстан жағдайында ұлттық бірегейліктің қалыптасуы, барлығын біріктіре алатын бірыңғай институттар, символдар мен құндылықтар жүйесін мемлекеттің дұрыс қалыптасуы маңызды болып саналады. Осы тұрғыда көп этностық қауымдастықты біріктірудің негізі ретінде этномәдени символизм ұлттық бірегейлікті қалыптастыру үшін шешуші рөлді атқарады.

Ұлттық бірегейлік және этномәдени символизм өзара тығыз байланысты болып табылады. Этномәдени символизм ұзақ уақыт бойында жинақталған және қалыптасқан құндылықтар мен символдарды өз бойына қамтыған ұлттық бірегейлікпен және ұлттық мәдениеттің өзара байланысымен анықталады. Сонымен қатар, ұлттық бірегейлік ұғымы көп жағдайда этносимволизм ұғымымен де анықталады, оның себебі ұлттық элиталардың немесе этносимволистер өзінің ұлтының бірегейлігін қалыптастыру үшін мәдени символдарды қолдануында жатыр. Сол арқылы топтардың немесе белгілі бір ұлттың санасын этномәдени символдардың көмегімен оятады және оларды бір ортаға шоғырландырады. Міне, сондықтан Қазақстанның ұлттық бірегейлігін анықтау үшін оның этномәдени символизмінің мазмұнын және жағдайын анықтап алу қажет. Қазақ халқының этносимволизмінің құрамдас бөліктері қазақ тілі мен тарихы ең негізгі орынды иеленеді.

Қазақстан тарихының национализациялануы басқа посткеңестік елдердегідей жиырмасыншы ғасырдың соңына таман басталды. 1986 жылы орын алған «Желтоқсан көтерілісі» ең алғаш ұлттың топтасуының және жұмылдырылуының басын бастап берді. Тоқсаныншы жылдары Кеңес одағы ыдырағаннан

кейін барлық одақтас республикалар өздерінің тәуелсіздіктеріне қол жеткізді. Осы кезең жалпы барлық посткеңестік елдер үшін ең күрделі және жауапты кезеңге айналды. Әрбір тәуелсіз мемлекеттің алдында ұлттық мемлекетін құру мен ұлттық бірегейлікті қалыптастыру тұрды. Осы орайда посткеңестік елдердің алдынан ең алғаш этномәдени символдар ұлттық бірегейлікті және ұлттық мемлекетті қалыптастырудың ең негізгі құралы ретінде алға шықты.

Осы кезеңде қазақ зиялы қауымдары мен патриоттарының ұлт мүддесі үшін деген ұранмен бағыл әрі шешімді іс-әрекетке көшіп, еркін қимылға кірісуіне мүмкіндік туды. Олар ең алдымен, өздерінің бірегейлену жобасының негізгі материалы ретінде этномәдени символизмге бірден назар аударды, соның ішінде, сөзсіз, қазақ тарихы ұлттың санасын жаңғыртуда таптырмас символ болып табылды. Тарихты саясиландыру үрдісінде қазақ элитасының негізінен қойған мәселесі қазақ халқы тарихының ежелгі кезеңі, сол кездегі орын алған тарихи оқиғалар, оларды қайта жаңғырту, тарихи тұлғалар және олардың тұлғасын қайтадан ұлттық символ ретінде ұлықтау болды. Сонымен қатар, ұлттың тарихтағы көрген зорлық-зомбылықтарын көрсететін «қара дақтар» мен зұлмат кезеңдерді қайта қарау, оларды ақтап жазу қатар жүрді. Сол арқылы қазақ ұлтына тарихи өткен кезеңде басынан өткерген зорлық-зомбылықтарын ашық айту арқылы «өзіміз» және «басқалар» деген мәдени топтастық сезімі пайда болғанын айту керек.

Ең алдымен, отандық тарихшылар мен ұлт зиялылары тарапынан қазақ тарихының Ресей империясы, Кеңес өкіметі құрамындағы кезең антикеңестік тұрғыда ұлт санасын кеңессіздендіру мен ұлттық мемлекетті

құру мақсатында сынға ұшырады. Басты назарға тарихи оқиғалар Алаш үкіметінің құлауы, Голощекиннің ұйымдастыруымен «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген ұранмен басталған байларды тәркілеу нәтижесінде орын алған 1931-1932 жылдардағы жапай қазақ халқын жайлаған ашаршылық, сталинизм, 1937-38 жылдардағы қазақ зиялыларының жаппай қуғын-сүргінге ұшырауы, Ұлы Отан соғысы кезеңі және т.б. ілінді.

Қазақ элиталары басқа посткеңестік елдердегі национализациялану үрдісіне көз тігіп, мемлекеттен үздіксіз Қазақстанның тезірек национализациялануын талап ете бастады. Нәтижесінде осы тұста қазақ зиялы қауымдарының жетекшілігімен «Алаш», «Семей-Невада» қозғалыстары құрылып, тарихта орын алған ұлттың жоғын түгендеуге кірісті. Ішкі және сыртқы әсердің салдарынан мемлекеттік аппаратта өзінің саяси бағытын ұлттық саясатқа қарай бұрудың алғашқы белгілері білінді.

Осы орайда, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 1997 жылы саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы болып аталды. Бұл шара осы жылдан бастап бүгінгі таңға дейін жылсайын еске алынып аталып өтіледі. Бұл өз кезегінде халықтың тарихи санасын қалпына келтіруге бағытталған мемлекет тарапынан ең алғашқы шешімді қадамдардың бірі болып табылды. Сонымен қатар тәуелсіз Қазақстанда 1993 жылғы сәуірдің 14-індегі «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Нәтижесінде кеңестік идеологияның құрбанына айналған 1937-1938 жылдары жаппай қуғын-сүргін құрбандары ақталынды. Олардың тарихи тұлғалары жаңа қырынан жан-жақты

зерттелініп, оқу бағдарламаларына енгізіліп, олардың көпшілігі «Бес арыс», «Алаш көсемдері», «Ақтаңдақтар» деген атаумен аталынып оқытыла бастады. Тәуелсіз Қазақстанның тарихында олар ұлттық мүдде үшін күрескен азаттық қозғалыс символдарына айналды.

Ал керісінше, тарихи коммунистік құндылықтарды бірден күйретіп, оны болашақ жас ұрпақтың санасына енгізбеу мақсатымен мүмкіндігінше ұмыттыруға тырысты. Кеңес өкіметі тұсында жоғарғы оқу орындарында міндетті түрде оқытылған СОКП және ғылыми коммунизм тарихы оқу бағдарламасынан алынып, оның орнына қазақ халқының тарихы – «Қазақстан тарихы» енгізілді. Қазақстан тарихы барлық төменгі және жоғарғы оқу орындарында міндетті пән ретінде оқытыла бастады. Бұрынғы одақтас мемлекеттерде кеңестік тарихты еске салатын Кеңес өкіметінің көсемі Лениннің ескерткіші мен портреттері алынып, оның орнына сол елдің жаңа көшбасшысының портреті қойылды немесе орны мүлдем бос қалды. Ал белгілі себеппен алынбаған ескерткіштер қоғам тарапынан, әсіресе, ұлт патриоттары тарапынан қарсылыққа ұшырады.

Екі жүз бодандық кезең қазақ тарихын жаңаша зерттеуге жол ашты, сөйтіп тарихтың барлық кезеңдерін түбегейлі қайта қарастыру мен қайта жазуға түрткі болды. Сонымен, жалпы адамзаттың немесе бұрынғы одақтас республикалардың ортақ кеңестік тарихынан қазақ тарихының жеке бөлініп шығуына тура келді. Нәтижесінде жеке қазақ халқының төл тарихы қайта зерттелініп жазылды, ол ұлттық мифологияның туындауына, оның саясат идеологиясы ретінде национализациялана бастауына жол ашты. Оның басты себебі жеке дара құдіретті коммунистік идеологияның дәуірінің келмеске кетуі

және оның ыдырауы оған балама болатын тәуелсіз мемлекеттің ұлттық идеясын жасау, лайықты ұлттық тарихын жазу болатын. Сондықтан қазақ тарихының саясилануы плюралистік идеологиялардың бірі ретінде көрініс берді.

Осылайша, тарихты саясиландыру арқылы Қазақстанның ұлттық бірегейлігін жасау үшін бірегейлену жобаларының нұсқаларын ұсынушы орыс этностық топтарының зиялылары, сондай-ақ, қазақ тарихының саясиландыруға белсене қатысушы қазақ зиялы қауымдарымен бірге мемлекеттің өзін де солармен бір қатарда атауға болады. Өйткені, Қазақстан тарихын саясиландыруда этностық элиталар мен мемлекет өзара бір-бірімен бәсекеге түседі. Олардың әрқайсысы өздерінің бірегейлену жобаларын жасауда тарихтың саясилану нұсқасын пайдалануды алдына мақсат етті. Сол арқылы өзара әрқашан бірегейлену жобаларының әртүрлілігімен қарама-қарсылыққа түсіп, қоғам назарына ұсынумен келеді. Осы қарама-қайшылықты екіге бөліп көрсетуге болады. Оның бірі – қазақ бірегейлігі, ал екіншісі – қазақстандық бірегейлік.

Қазақ элиталары кеңестік кезеңді сынай отырып, қазақ халқының тарихи санасын ояту және этномәдени символдарды қалпына келтіру мақсатында тарихтың тұңғышына бойлауға бет бұрды. Өйткені, олар кеңестің кезеңдегі тарихты жоққа шығара отырып, оның орнына нағыз қазақ ұлтының қаһарман ұлт бола алатын тарихты жасауды алға мақсат етіп қойды, сол арқылы шын мәнінде ұлттың рухын оятуды армандады.

Осы орайда, өткенге көз салу жорығы төл жазба тарихтың жоқтығымен және дерек көздерінің жетіспеушілігіне байланысты көбіне ауызша тараған Ежелгі Қазақстан тарихындағы этногенез, ерте

феодалдық кезеңдегі ұлыстарға қарым-қатынас жасауға тура келді. Бұл үрдіс нақты деректердің болмауына байланысты тарихшылардың назарына іліккен ұлттық мифологияны қайта жарыққа шығарды. Сонымен бірге, бұл үрдіс тарихта қазақ халқының Алтын дәуірі ретінде аталатын Ерте және кейінгі Орта ғасырдағы Қазақстан тарихын толықтай қамтыды. Алтын дәуір негізінен қазақ жеріндегі ғұндар мен түркілер империясы, кейініректе Моңғол империясының құрамында болған кездер суреттеледі. Сол кезеңде империяны басқарған, әлемге жорықтар жасап, өзінің қолбасшылығымен аты әйгілі болған тарихи тұлғалары ретінде Еділ (Атилла), Шыңғысхан негізінен қазақ халқының символы ретінде танылды. Бұл кезеңдер Қазақстан тарихында қазақ халқы үшін «Алтын дәуір» ретінде сипатталады. Қазақтар осы кезде жалпы түркі-моңғол деген атауға ие болған тайпаның құрамында мекендеген болатын.

Жалпы алғанда Қазақстанның ұлттық бірегейлігін қалыптастыруда негізінен қазақ халқының мәдени және этностық болмысы, оны бұрынғы заманғы тарихы назарға алынды. Қазақ элиталарының көзқарасы бойынша, қазақ жерін мекен еткен басқа да этностардың тарихы азшылықтар ретінде қабылданды. Олар тарихтың түрлі бұлтарыстарында қазақ жеріне бертінде келген келімсектер ретінде қазақ халқының бай терең тарихынан орын алуға хақы жоқ ретінде назардан тыс қалды. Немесе олар нағыз қазақ ұлтының бірегейлігін қалыптастыруға кедергі келтіруші артық топ ретінде ашық болмаса да, іштей «бөтен» ретінде көзқарастың барлығын жоққа шығаруға болмайды.

Осыған орай тәуелсіздік алғаннан бері қарай қазақстандық қоғамда қазақ халқының тарихын қайта

жазу мәселесі қызу талқыланып келеді. Оның себебі көптеген тарихшы-ғалымдар, ұлт жанашырлары қазақ халқының тарихы «Қазақстан тарихы», «Қазақстан тарихы: халықтары мен мәдениеттері» сияқты жалпылама атауды иеленетінімен келіспейді. Олардың пікірінше, «Қазақстан тарихы» деген атау елде өмір сүретін басқа этностарға да ортақ тарих болып саналады. Сондықтан олар ел тарихы «Қазақ халқының тарихы» деген атауды иелену керек деп санайды. Өйткені қазақ ұлты ғана осы жерде ғасырлар бойы мекендеген, сондықтан тек қазақ ұлтының төл тарихы ғана оған лайықты деп есептейді.

Осы орайда, тарих ғылымдарының докторы, профессор Нәбижан Мұхаметханұлы ««Қазақ тарихы» деген бұл ұлттық тарих, ал «Қазақстан тарихы», – деген географиялық тарих әрі мемлекеттік тарих. Ұлттық тарихымызды жазсақ, қазақ қалай пайда болды, этногенезі қалай өрбиді, қандай тарихи эволюциялық өзгерістерден өтті, қалай ұлт болып қалыптасты және дамыды, қоғамдық басқару механизмі қалай болды деген мәселелерді қарастыруымыз керек. Осы тұрғыдан қарағанда, қазақ халқының тарихи қимыл кеңістігі Қазақстан территориясынан әлде қайда кең көлемде. Ал, Қазақстан тарихы негізінен географиялық мемлекеттік тарих деп түсінемін. Бірақ қалайда қазақ тарихы – Қазақстан тарихының негізгі арқауы болуы керек деп санаймын», – деп өз ойын ашық білдіреді [113].

Біздің ойымызша, бұл тарихтың анықтамасында ұлттық бірегейліктің жеке тұлғалықтан ұжымдық бірегейлікке ауысуын байқауға болады. Ұлт түсінігінің мәні ұжымдық бірегейлік ретінде ұлттық бірегейлікті білдіреді, яғни әрбір индивид өзінің және ұжымдық бірегейлігінесәйкесоныменбайланыстытеңестірулердің

барлығын соның шеңберінде болғанын қалайды. Бұл анықтамада жеке тұлғалық және ұжымдық бастаманың байланысын көруге болады. Жеке тұлға өзін ұжымдық бірегейлікпен теңестіре отырып, бір мезгілде дәл солай ұлтпен де теңестіреді.

Сонымен, жоғарыда айтылғандарды тұжырымдай келе қазақ элиталарының тарихты қазақтандыруы мен тарихи нарративтерді дамытудағы мақсаты ұлттық тарихты қазақ тілімен қатар қазақ бірегейлігінің басты символы ретінде көрсетуде және күшейтуде жатыр. Сондықтан тарихи символдарды таңдауда Қазақстанның Ресей империясының құрамына кіру кезеңінде қазақтардың жерінен айырылу, жаулап алынуы, құлдық пен ұлттық абыройды төмендетілуі ретінде көрсетілген. Яғни, бұл кеңестік кезеңнің қазақ үшін және оның мәдениеті үшін бұлай жағымсыз уақыт ретінде бағалануы кеңестік санаға қарсылықтың ашық түрі деп айтуымызға болады. Ал тарихтағы ресейлік отарлау саясатына ашық қарсылық «Алаш» партиясының әрекеті арқылы көрсетіледі және азаттық күрестің заңды тарихи жалғасы ретінде бағаланады.

Ал олардың негізгі қарсыластары ретінде орыс ұлтшылдары керісінше Тәуелсіз Қазақстан тарихын этномәдени символ ретінде көрсету ұстанымын белсенді қолдайды. Сонымен қатар, олар қоғамда қазақ ұлт патриоттарының тек қазақ тарихын қазақ ұлттық бірегейлігінің символы ретінде национализациялануына ашық қарсылық танытып келеді. Олардың негізгі ұстанымы тарихқа қарым-қатынасы орыс-кеңестік символдарды бетке ұстай отырып, Қазақстан тарихын тек қазақтардың тарихы ғана емес, онда өмір сүретін барлық халықтардың символы ретінде қарауды ұсынады.

Орыс ұлтшылдарының пікірінше, Қазақстанның Ресей құрамына кіруі қазақтар үшін сол кезеңде дұрыс шешім болды деп санайды. Патша империясы өзінің әскери күшімен қазақтарды және оның қазіргі территориясын жоңғарлардан, Бұхара және Хиуа хандықтарынан қорғаштады. Олар балама нұсқа ретінде қазақтардың Ресей империясының көмегінсіз тарихта жойылып кету қаупін алға тартады.

Сондай-ақ, кеңестік кезеңдегі одақтың құрамында модернизациялық және индустриалды дамуының нәтижесінде қазіргі кезде Қазақстанның мемлекет ретінде қалыптасуында этностық орыстардың рөлінің зор болғандығын баса айтады. Сондықтан мемлекеттің атауы Қазақстан және ондағы халықтардың этностық әртүрлілігіне қарамастан бәріне ортақ қазақстандық бірегейлік ұстанымын жақтайды.

Әрине, қазақ және орыс ұлт патриоттарының екі түрлі бір-біріне қарама-қайшы пікірлері мен көзқарастарын бір мәмілеге келтіруге тырысатын және тепе-теңдікті ұстауға ұмтылатын, ұлттың бірегейлігін қалыптастыруда негізгі шешімді иеленетін мемлекеттің үлесін атап өтпеске болмайды. Мемлекеттің ұстанымы – екі қарсылас топтың ешқайсысын да қолдамай, ішкі тұрақтылықты және татулықты сақтау мақсатында бейтарап жолды ұстану. Ол көпэтносты қазақ қоғамына өзінің бірегейлену жобасын ұсына отырып, этномәдени символизм ретінде өзінің тарихқа қарым-қатынасын басқаша жолмен білдіреді.

Егер нақты таратып айтар болсақ, мемлекет ұлттық құрылысты қалыптастыру үрдісінде ұлттық тарихты қазақтандыруда онда тек қазақтардың ғана рөлін емес, сонымен қатар Қазақстанның басқа да халықтарының үлесін ескеруді берік ұстанады. Соны-

мен қатар мемлекеттің Қазақстан тарихына қарым-қатынасының негізінде қазақтар мен басқа да ұлттардың символдарының балансын сақтау мақсатында қазақтарды жетекші ұлт ретінде көрсете отырып, елдің тарихын барлық тұрғындардың тарихы ретінде баса көрсетеді.

Сонымен, үшінші және әрі шешуші бағытты иеленетін жеке сала ретінде мемлекеттің осы саладағы ұстанымы, көбінесе, қазақтың ежелгі тарихын және национализациялануын дұрыс қарай отырып, ең басты тарихи кезең ретінде Қазақстанның тәуелсіздік кезеңін этномәдени символ деп таниды. Бұл кезеңнің басты мемлекеттік және ұлттың символы ретінде Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың тұлғасын ұсынады. Сондай-ақ, қоғамда тарихи сананы дамытуда жаңа қазақстандық патриотизм шеңберінде және «Қазақстан-2050» Стратегиясын Қазақстанның барлық тұрғындарын жақындату мақсатымен жалпы қазақстандық бірегейлікті дамытудың тәсілі деп біледі.

Қорыта келе, біздің пікірімізше, тарихшылардың белгілі бір ұлттың тарихын жазу мен түсіндіру кезінде негізінен шынайы ақиқатқа сүйене отырып, объективті түрде баяндауы өте маңызды. Оның себебі тарих сол ұлттың тарихи санасын қалыптастыратындықтан, ол тұтастай бір қауымның дүниетанымына әсер етеді. Алайда, тарих көп жағдайда тарихшылардың, ғалымдардың, ұлт патриоттарының түрлі жолмен өз ұлтының мүддесі бойынша бұрмалап жеткізілуі нәтижесінде шынайылықтан алшақтап мифологияға айналу үрдісіне бой алдырған. Бұл туралы этносимволизм ілімінің негізін қалаушы Энтони Смит: «национализм тарихы – бұл кім ол туралы баяндаса, ол соның тарихы», – деп жазады [3, p. 95].

Ал қазақстандық философ ғалым Бекет Нұржанов: «Ұлттық тарих – ұлттық идеяның айрықша амал-айла қолданатын құрамдас бөліктерінің бірі, алайда, бұдан ол ұлттық сана үшін өзінің не күш қуатын да, не жағылымдылығын да, нақты айтқанда ештеме жоғалпайды. Оның мәні оқырман әртүрлі авторлардың ұлттық тарих туралы жазбаларын түрліше көзқараспен қабылдауға дайын болуы керек және әртүрлі авторлардың тарихты өз қалауынша ойдан қиыстырып шығаруына тым реніш білдірмеуі қажет», - деп тұжырымдайды [114].

Шындығына келер болсақ, жоғарыда келтірілген посткеңестік елдердегі, соның ішінде қазақстандық қоғамдағы ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы тарихтың рөлін көрсеткенде пікірлердің қарама-қайшылығын ажыратып көрсетуде негізгі екі тәсілге жүгінетіндігімізді атап көрсеткіміз келеді, олар – примордиализм мен конструктивизм. Осы тәсілдер бойынша жалпы национализм теориясы мен оның тенденциялары тұрғысында ұлттың шығуы мен қалыптасуы жөніндегі көзқарастар бір ортақ шешімге тоғыспайды. Осы қарама-қайшылықтар негізінен екіге бөлінеді. Оның бірі – ұлт түсінігі қазіргі ұлт мемлекеттердің қалыптасуына дейін ұзақ уақыт бойы өмір сүрген деген ұстанымда болса, ал басқалары ұлттың қоршаған ортаның түрлі жағдайлары мен себептерінің нәтижесінде қалыптасқан құрылым деп есептейді.

Сол үшін посткеңестік елдердегі және Қазақстандағы ұлттық жағдайды түсіндіру үшін осы примордиализм мен модернизм арасындағы дискурсты қолдануға болады. Сондықтан жоғарыда айтылған ұлт зиялыларының ұлттық саясатпен келіспеушілік танытуы ұлттың шығуына байланы-

сты примордиалистік көзқарастың тарихи санада үстемдік құруында жатыр. Алайда, мемлекет ішкі тұрақтылықты сақтау мақсатында ұлтаралық және этносаралық келісім негізінде осы екі ортада тепе-теңдікті ұстаушы міндетін атқаруды көздейді. Бұл тұрғыда мемлекеттің ұлттық тарихты саясиландыру арқылы саяси ұлтты қалыптастырудағы ұстанымы конструктивистік тәсілмен астасып жатыр.

Ұлттық сана-сезімнің түп негізі болып табылатын қазақ тарихын оқу - Қазақстан мемлекетінің ұлттық құрылысы мен ұлттық бірегейлігін қалыптастыруда маңызы өте зор. Өйткені қоғам тарихтың күрт өзгеріске ұшырау кезеңдерін бастан өткерген жағдайда, уақытша өзінің ұлттық идентификациясын санадан шығарып, белгілі бір уақытқа дейін бейжай күйді бастан өткеруі мүмкін. Бірақ ұлттық сананың қайта жаңғыруы басталған кезеңде, жаңаша қоғам: «Біз кіміз?», «Ұлтымыздың тарихтағы орны қандай?», «Кім кінәлі?», «Не істейміз?» – деген негізгі сұрақтардың жауабын талап етуі заңдылық. Сондықтан халықтың табиғатын, ұлттық бірегейлігін танып білу үшін, оның ұлттық тарихына терең зер салатынымыз белгілі. Тарихтан ұлт өзінің ұлттық құндылықтарын, өзіне тән ерекшеліктері мен артықшылықтарын қайта танып-білуге кіріседі.

Осы орайда бірегейліктің қалыптасу барысында «өткен мен бүгінді байланыстыратын символикалық элементтердің», ұлттың шығу тегі, тарихи тұлғаларды ұлықтау мен ұлы оқиғалардың қайта жаңғыру үрдісі жүреді. Канадалық зерттеуші У. Кимликидың көзқарасы бойынша «қазіргі мемлекеттердің барлығы тарих пен мәдениетке сүйенген «біз» туралы ұғымды қалыптастыру мен қоғамды біріктіруге бағытталған «бірегейлік саясатын» жүргізеді» [31, с. 91]. Бұл саясаттың

құралы тіл, ұлттық символдар, тарихи мифтер болып табылады. Осы орайда тарихты мифологиялау немесе тарихи мифтік шығармашылық ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың бірден-бір құралы болып саналады. Тарихта ең алғашқы миф туралы түсінік грек мәдениеті негізінде пайда болды. Оның мәні «сөз», «тарих», «құдайлар мен батырлар туралы аңыз» деген мағынада ұғынылды. ХІХ ғасырда мифті зерттеу ғылыми сипат ала бастады және ол позитивизм, мифтанудың натурфилологиялық мектептері, эволюционизм, функционализм, структурализм мен әлеуметтік амалдар шеңберінде жүргізілді.

XX ғасырдың бас кезеңінде әлеуметтік-саяси мифология мәселесімен Ж. Сорель айналысты, ол: «көпшілікті рухтандыру үшін мифтер ойдан шығарылуға тиісті», – деп санады [115]. Осы кезеңнен бастап мифті жеке сала ретінде зерттеу мен ғылымда әлеуметтік-саяси мифтердің қолданысқа ену үрдісі күшейді. Яғни, бұл мәселеден мифологияның ауқымды мифтер жүйесі ретінде барлық мәдениеттің негізінде болатындығын аңғаруға болады. Мифология адамдар тобырының мінез-құлқы мен ұжымдық санын басқаруға қабілетті екендігін көрсетті. Мифтер адамдардың тек ақылына ғана емес, оның сезімі мен эмоциясына да әсер етеді. Жалпы «ұлттық мифология», «ұлттық миф» терминдері мағыналық тұрғыдан жағымсыз көзқарас тудырмайтындығын атап өткен жөн. Бәрінен бұрын, Э. Ренанның дәйегіне тоқталар болсақ, оның ойынша, «тарихтың бұрмалануы ұлттың өмір сүруінің бір бөлігі» болып табылады [11, р. 17].

Осы орайда Қазақстан тарихының мифологиялану үрдісіне келер болсақ, Қазақ мемлекеті өзінің ежелден бері мекен еткен аумағында ұзақ және күрделі тарихи

кезеңдер мен саяси үрдістер барысында қалыптасты. Қазақ тарихы ежелгі арийлерден бастау алып, кейінгі Түркі қағанаты, Моңғол империясының ыдырауынан кейін түркі тайпаларының өзара бірігуі нәтижесінде Қазақ мемлекетінің құрылуы, Ресей империясының құрамында бодандықта болуы, Кеңес өкіметі мен Тәуелсіздікке қол жеткізгенге дейінгі ұзақ мерзімді қамтиды. Осы сан ғасырларды қамтитын ұзақ тарихи мерзімде Қазақстан жерін мекен еткен түркі халықтарының тарихи санасында терең орын алған көптеген ұлттық мифтерді дүниеге алып келді. Қазіргі таңда осы ортақ тарихи мұра – ол, түркі халықтарының бүгінгі ұрпағы.

Қазақстан тарихының орта ғасырдағы түркілер кезеңіндегі тарихта мифтік элементтер жиі кездеседі. Соның ішінде «Көк бөрі» бейнесін түркі мемлекетінің шығу тегімен байланыстырса, «Көк аспан» түркілердің шамаңдық табыну құбылысы ретінде танылды. Ал, екінші жағынан, бұл символдық белгілер түркі қағанатының қаһармандығы мен жауынгершілік рухы, қасиетті туы ретінде саналады. Сонымен бірге, осы кезеңнің аты аңызға айналған ұлы тарихи тұлғалары Аспарух, Еділ, Шыңғысқан, Алпамыс және тағы басқалар тек ұлттық сананы ғана қалыптастырып қойған жоқ, сондай-ақ, халықтың ерлігі мен батырлығы хақында өткен тарихы туралы бейнелерді көз алдына елестетуге мүмкіндік тудырды. Сол дәуірдің тарихи тұлғалары барлық түркі халықтарына ортақ символдық элементтер болғанымен, белгілі бір дәрежеде қазақ халқының ұлттық бірегейлігінің қалыптасуына өз ықпалын тигізеді. Яғни, тарихи оқиғалардың этногенетикалық мифологиялану үрдісі ұжымдық санаға тарихи элементтердің әсерімен ұлттың бір мем-

лекет төңірегінде ұйысуына алып келеді. Осы мақсатта кейбір авторлардың көмегімен «қазақ өркениеті», «түрік әлемі», «қазақ елі» түсініктері дүниеге келді [116].

Кейінгі кезең бұл Моңғол империясының ыдырауы нәтижесінде пайда болған әртүрлі түркі тайпалар одағының басын қосқан Қазақ мемлекетінің тарих сахнасына шығуы. Осыған орай мемлекеттің және сонда өмір сүрген тайпалар мен рулардың басын біріктіріп, бір атаумен аталған, сонымен бірге, жалпы қазақ ұлтшылдарының символына айналған «Қазақ» этнонимінің қолданысқа енуі. Осыған байланысты әлем тарихында жиі кездесетін белгілі бір ұлттың немесе мемлекеттің шығуына байланысты мифтер – қазақ тарихында да «Қазақ» этнонимінің шығуына байланысты көптеп кездеседі. Соның бірі «Қазақ» сөзінің шығу төркінін «Ақ қаз» аңызымен өрбітуі. Қазақ хандығы орыс империясының бодандығына айналуына дейін ұзақ тарихи кезеңді бастан өткерді. Бұл кезеңнің тарихи тұлғалары: қазақ хандары, билер мен батырлар – қазіргі Қазақстанның ұлттық бірегейлігі мен ұлттық-санасының қайта жаңаруында ерекше қызмет атқарады. Солардың ішінде қазіргі кезде ең танымал тарихи тұлғалар – Әбілқайыр, Абылай хан, Кенесары және т.б. қайраткерлер қазақ тарихында маңызды орын алды. Осылайша, қазақ тарихының Ресей империясының отаршылдығында болған уақыты, қазақ халқы үшін «ұлттық осалдық» сезімін тудырады [117].

Бұл кезең орыстардың қазақтарды жаппай езгіге салып, қанау мен басып-жаншуға бағытталған саясаты күшейген тұсы болатын-ды. Дегенмен, ел ішінде үздіксіз отаршылдыққа қарсы күрестер болып тұрды. Елін отарлық езгіден тазартуға бағытталған көтерілістердің қолбасшылары Кенесары, Сырым, Ис-

татай және Махамбеттер қазіргі кезде қазақ халқы үшін тәуелсіздікке ұмтылған көп жылғы күрестің символы іспеттес. Яғни, бұл тарихи тұлғалар болашақ ұрпақты ерлік пен батырлыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеуге септігін тигізеді.

Ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың маңызды аспектілері: тарихи оқулықтар, ономастикада тарихи ескерткіштер назардан тыс қалған жоқ. Осы салада жаңа атаулар қолданысқа ене отырып, символикалық элементтер мен жаңа түсініктер пайда бола бастады. Алайда қазақ тарихының Кеңес өкіметі тұсындағы беттері орыстың отарлау саясатының әрі қарай жалғастырылуымен толықтырыла түсті. Қазақтың тарихымен қатар ұлттық интеллигенциясын халықтың санасынан өшіру үрдісі қарқын алды. Сол кезеңде халыққа қазақ тарихы тек Кеңес үкіметі құрылған тұстан бастау алады деп оқытыла бастады. Бұл идеологияның түп негізі қазақтардың арғы тарихындағы жауынгерлік рухын өшіріп, сол арқылы ұлтсыздануға жол ашу еді. Бұл ұлттық геноцид түгелдей бір ұлтты жойып жіберуге аз қалды. Ол үшін сол кезде барлық амалдарды қолданды. «Қазақ халқының тарихы ежелгі кезеңнен қазіргі кезге дейін әлемдік тарихтың бір бөлігі болып табылады, сондықтан оны зерттеу жастардың тарихи санасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Дегенмен, отаршылдық кезеңде халқымыздың тек еркіндігі, табиғи байлығы мен мәдени ескерткіштері ғана күйреген жоқ, сонымен бірге тарихи сана да жоғалды [118]. Ал, Кеңес Одағы құлағаннан кейін Қазақстан мемлекетінің алдында өзінің саяси-мәдени бағдарлары мен ұлттық бірегейліктерін іздеу және қайта қалпына келтіру мақсаты тұрды.

Егемен Қазақстанның ұлттық тарихын қайта жаңғыртуда тоталитарлық режим жылдарынан қалған күшпен жыртып алынған беттерді қайта қалпына келтіру қажеттілігі туындады. Осы мақсатта 1993 жылы 14 сәуірде «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» заң қабылданды, ал 1997 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарының жылы болып жарияланды. Содан кейін 1998 жыл Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығымен Ұлттық тарих жылы болып аталынды. Бұл шараларды ұлттық тарихты қайтадан объективті жаңғыртудың айқын көрінісі деп санауға болады.

Қазіргі жағдайда Қазақстанның ұлттық бірегейлігін, азаматтықты және патриотизмді қалыптастырудың жылдан-жылға маңызы артып келеді. Әрқашан қоғам дамуының күрт өзгерісі – кенет құндылықтар мен парадигмалардың, идеалдардың ауысуына алып келетіні белгілі, осы кезеңде қалыптасқан және топтасқан қоғамдық ортада қарсылықтардың туындамай қоймайтыны заңдылық. Алайда, осындай қысылтаяң уақытта араға тарих келіп араласатындығы анық, бірақ, ол үшін оның өзі объективті және нақты болуы тиіс. Қазақ халқының тарихы негізінен орыс империясының құрамына қосылғанға дейін кезең деректердің қаншалықты бар болуына орай шынайы баяндалған. Ал, орыс бодандығына қосылғаннан кейін қазақ тарихы объективтіліктен алыстап, көбіне, достастық мүддесіне қарама-қайшы келмеуге немесе бейтараптылық бағыттағы саясатпен жазылған [119].

Бұл үрдісті кейбір «Қазақстан тарихы» кітаптары мен оқулықтарынан айқын байқауға болады. Алайда, бұл мәселеге қарамастан қазақ жастарына арғы ата-

бабасының батыр болғандығын, әлемде жер көлемі бойынша сегізінші орын алатын территорияны найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғағандығын құрғақ насихаттау басым көрініс алған. Әрі тарих беттерінде қазақтың жауынгершілігі шынайы ашып көрсетілмеген, әсіресе, мектеп бағдарламасындағы тарихи оқулықтарда оқушыларды рухтандыратын қазақ халқының ерлігі туралы оқиғалар баяндалмайды, бұған қазақ хандығы құрылғанға дейінгі кезеңді қоспағанда одан бергі уақытта тек жеңілістер мен кейін шегінулерге көз жеткізуге болады. Бұл үрдіс қазіргі ұрпақтың өзінің төл тарихи тағылымына үстірт қараушылыққа, тарихынан тамыр тарта алмаушылығына, яғни сабақтастықтың біртіндеп үзілуіне алып келуі мүмкін.

2.2 Рухани жаңғыру қазақстандықтардың тарихи санасының дамуындағы жаңа белес

Тарихи сана адамның дүниетанымдық көзқарастарын білдіретін, ұжымдық және тұлғаның өзіндік санасы арқылы қалыптасатын қоғамдық сананың ерекше бір түрі болып табылады. Сонымен қатар ғылымда біртұтас адамзат қоғамының және онда өмір сүретін жеке әлеуметтік қауымдастықтардың шығу тегі, тарихтағы маңызды оқиғалары мен көрнекті тұлғалары туралы көзқарас қалыптастыратын білімдер жүйесі мен көзқарастардың жиынтығын білдіреді. Сондықтан біртұтас адамзат әлемін құрайтын жекелеген қауымдастықтардың өздерінің тарихи кезеңдеріне байланысты пайда болуы, сол қауымның өмірлік тіршілігінен туындаған есте сақтарлық тарихи маңызды оқиғалары мен тарихи тұлғаларының бо-

луы заңдылық. Сол қауымдастықпен байланысты есте сақталған тарихи естеліктер өз кезегінде әлеуметтік және ұлттық қауымдастықтың мақтаныш сезімімен қатар басқалардан өзгеше бірегейленуіне жол ашады.

Адамзат баласының сан жылдарғы тарихы санасы халықтың өзін-өзін сақтауын қамтамасыз ететіндігін көрсетеді. Оны ұмытқан немесе жойған халық сөзсіз тарихи тамырынан үзіліп, өткені мен болашағы жоқ халыққа айналатыны анық. Осы тұрғыда, Қазақстанның өзінің мемлекеттік егемендігін алуы және осыған орай орныққан жаңа әлеуметтік-саяси ахуал қоғамның да, азаматтардың да санасында айтарлықтай сілкініс тудырды. Посткеңестік елдерде халық пен оны тарихына деген көзқарас түбегейлі өзгеріске ұшырады. Бұрынырақта Қазақстан тарихы біртұтас КСРО тарихының құрамдас бір бөлігі ретінде оқытылып келсе, енді оны – әлем тарихының, көшпелілер өркениетінің, түркі халықтары тарихының, Орталық Азия елдері тарихының аясында қарастыру жөн деген ұғым біртіндеп қалыптаса бастады.

Қазақстан тарихын қайта жаңғыртудың құқықтық негізі 1995 жылы қабылданған Ата заңымыз Қазақстан Республикасы Конституциясының негізгі ережелерімен анықталды. Онда: «Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттік құра отырып, өзімізді еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбітшіл азаматтық қоғам деп ұғына отырып, дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды тілей отырып, қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы жоғары жауапкершілігімізді сезіне отырып, өзіміздің егемендік құқығымызды негізге ала отырып, осы Конституцияны қабылдаймыз», – делінген [89]. Осы жылы Қазақстан

Республикасында тарихи санасын қалыптастырудың тұжырымдамасы қабылданды. Кейінірек 1998 жылы Президенттің Жарлығымен ұлттық тарих жылы болып аталынды. Қазақстанның тарихи өткен уақытының жағдаятына қарамастан еркін, шынайы бейнесін қайта жасау халықтың тарихи санасын оятудың, ұлттық бірлік пен азаматтылыққа және патриотизмге тәрбиелеудің негізі деп танылды. Қазақстан тарихының зерттеудің және оқудың пәні ретінде тұжырымдамалық базасы қалыптасты.

Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптасуының тұжырымдамасында тарихи сананың іргетасын тарих ғылымы қалайды деп атап көрсетіледі. Осы тұжырымдамада тарих бертінге дейін идеологиялық қасаңдық құрсауында болып келді. Қазақстан тарихы да тек қана бірқалыпты өрлеу «сызығының» бойымен баяндалып, «қара» мен «ақ» түске бөліп шендестіру арқылы, таптық көзқарас тұрғысынан, тек кеңестік кезеңнің ыңғайына жығылып, сыңаржақ марапаттау тұрғысынан ғана жазылды деп баса көрсетеді. Осы тұжырымдамада «тарихи сананы қалыптастырудың негізгі жолдары: мектепке дейінгі, мектептегі және жоғарғы оқу орындағы білім беру жүйесі, бұқаралық ақпарат құралдарының қызметі болып табылады. Бұлардың басты міндеті: қоғамда тарихқа ден қою, тарихқа деген құрмет пен тағзым, тарихты түсіну ахуалын туғызу. Өткен дәуірлердің мәдениеті – тарих – осы заманғы қоғамның тынысына айналуы тиіс», – деп нақты атап көрсетеді [120].

Тарихи кітаптар, оқулықтар мен тарихи символдар ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың, белгілі бір қауымның рухани-тарихи жады мен тарихи санасын қалпына келтірудің құралдары болып табылады. Осы

тұрғыда қазақ халқының тарихы, қазақ символдары мен тарихтағы көрнекі тұлғалар тәуелсіз Қазақстанда қазақстандықтардың тарихи санасы мен ұлттық бірегейлігін қалыптастыруда басты қызмет атқарады. Сонымен бірге, «Қазақстан тарихы» оқу пәні ретінде Қазақстанның оқу бағдарламасында енгізілген. Дәл осы пәннің мазмұны жас ұрпаққа халқының мәдени-тарихи дәстүрін терең меңгеруге, тарихи санасын қалыптастыруға, өзін еліміздің азаматы ретінде тануына көмектесетіні сөзсіз. Сондықтан Қазақстанның өткен тарихын оқу еліміздің барлық ЖОО-да барлық мамандықтар бойынша міндетті оқу пәні түрінде оқытылады. Тарих пәнінің бітіруші түлектердің білім деңгейін бақылау ретінде мемлекеттік емтихан түріне кіргізілгенінен байқауға болады.

Қазақстан тарихын оқу және оны әйгілеу мемлекеттік саясаттың және ұлттық құрылыстың бір бөлігі болып табылады. Бұл саясаттың мәні адамдарды бір қауымға топтастыру мен жеке өзіндік ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың алғышарты болып табылады. Қазақ халқының тарихы бойынша оқулықтар, қазақ символдары және көрнекі тарихи тұлғалары тәуелсіз Қазақстан үшін тарихи сананың және қазақстандықтардың ұлттық бірегейлігінің қалыптасуында үлкен рөл атқарады. Қазақстан тарихы оқу бағдарламасы ретінде білім жүйесінде ерекше орынға ие. Нақты осы пәннің мазмұны жас ұрпаққа қазақ халқының мәдени-тарихи дәстүрін меңгеруге, тарихи санасын қалыптастыруға көмектеседі [121].

Бұл мемлекет тарапынан көтерілген бастамалар өткен тарихымызды қайта тірілту ұлттық санамызды жаңғырту, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының мемлекеттілігінің қалыптасуының, егемендігін

нығайтудың, азаматтық пен отаншылдыққа тәрбиелеудің ең басты факторлары болып отыр. Тарих – халықтың әлеуметтік жады, ол содан қуат ала отырып, жарқын болашаққа жол бастайды. Қазақ халқы үшін өткен кезеңнің әртүрлі алмағайып тұстарында ұмыт қалған тарихи сананы қайта қалпына келтіру ұлттық сананы оятудың негізіне айналып отыр. Бәрінен бұрын елімізде өмір сүретін барлық халықтардың ортақ тарихи тағдыры, дәстүрі, мәдениеті мен тілі арқылы біртұтас халыққа біріктіретінін атап айтқан жөн.

Қазақстандық белгілі археолог ғалым К.М. Байпақов: «Өткеннің объективті бейнесін жасау Қазақстан Республикасының ұлттық бірлігін қалыптастыруға, оның мемлекеттілігінің пайда болуына және егемендігінің күшеюіне ықпал етуші бірден-бір фактор болып табылады. Сондықтан халықтың тағдыры жатқан тарихты тану жеке тұлғаны және қоғамды тәрбиелеу мен жалпы азаматтық пен патриотизмді қалыптастыруға зор үлес қосады», – деп санайды [55, с. 117]. Себебі, патриотизм – Қазақстан сияқты полиэтникалық қоғамның саяси мәдениетінің қалыптасуы ұлттардың қарым-қатынасын реттеуде өте маңызды құрал болып табылады. Патриоттыққа тәрбиелеу арқылы елдегі басқа ұлттардың біріншіден, өзінің туып өскен елін, жерін құрметтеуге, екіншіден, басқа ұлттардың бір бірін сыйлауына, үшіншіден, жауапты ұлт ретінде қазақты құрметтеуіне үйретсе, төртіншіден, керісінше қазақтардың басқа ұлт өкілдерін кемсітпей, оны осы елде туып өскен мемлекет азаматы ретінде өзімен тең деңгейде санап, қатар татулықта өмір сүруге үйретеді [122].

Ғалымның пікірімен келісе отырып, алайда, тарих тек патриотизмді ғана қалыптастырып ғана

қоймайтынын айтуға болады. Сонымен бірге, тарихи сана ұлттық бірегейлікті қалыптастыру мен нығайту мақсатында мемлекеттің, ұлттың, тарихи оқиғалар мен тұлғалардың тарихын түсініп қабылдау түрінде көрінетін ұлттық өзіндік сананың формасын білдіреді. Ұлт пен ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда ерекше зор маңызды иелену себебі тарихта, тарихи санада тек өткенге ғана көзқарас қалыптаспаған, сондай-ақ, ұлттың қазіргісі мен болашағына да көзқарастардың жиынтығын көрсетеді. Қазіргі демократиялық қоғамда ұлттық сананың қалыптасуы ұлттық бірегейліктің маңызды бір бөлшегі ретінде қоғамда идеологиялық плюрализмді білдіретін қарама-қайшы және бәсекелес көзқарастарға толы. Этноәлеуметтік топтарға, солардың ішінен шыққан әртүрлі элиталар қоғамдағы этнос тарихын және этносаралық қарым-қатынас туралы белгілі бір көзқарасы бойынша өздерінің ұсынатын бірегейлену жобалары түрінде де көрініс береді [123].

Бірегейлік саясаты мен ұлттық бірегейлік қоғамның саяси мәдениетінің ең маңызды құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады. Ұлттық мемлекеттерде ішкі өзара бірігу жолында ұлттық элиталармен жүргізілетін бірегейлік саясаттары саяси мәдениеттің арналары: саяси әлеметтену мен білім жүйесі арқылы белсенді іске қосылады. Мұндай жобалар ешқашан бітімшілікпен іске аспайды, керісінше осы жолда көптеген қарсыластарды: шіркеулер, жергілікті билік өкілдері, оқшауланған элиталар мен қауымдар, кей жағдайларда жұмысшы таптарды жеңуге тура келетіні анық. [124]

Ал Қазақстанда тарихи сананы жаңғыртуға деген қажеттілік теориялық тұрғыда қоғамдық бір моделінен екінші моделіне өту кезеңінде саяси мәдениеттің

трансформациясы нәтижесінде туындады. Бұл кезең қоғамдық санада, соның ішінде тарихи санада рухани-құндылықтық бағдарлардың өзгеруіне алып келеді. Осы тұста тарихтың өзі де саяси күрестің алаңына айналады. Қазақстан тәуелсіздік алған уақыттан бастап азаматтардың тарихи санасының қалыптасу жағдайы тарихшылар мен саясаттанушылардың ерекше назарын аудартты. Себебі мемлекетті құрушы ұлт тек болашақты жасау үшін ғана топтасуы мүмкін емес, сонымен қатар ұжымдық және ұлттық бірегейлік сезімімен де бірігуі тиіс.

Қазіргі қазақстандық қоғамда тарихтың саяси-идеологиялық күрестің ортасына айналуының негізі ұлттық сана мен бірегейлікті қалыптастырудың қажеттілігінде жатыр. Тарихи тұлғалар этномәдени символдың басты элементі ретінде ұлттың рухани құндылықтарымен және қажеттіліктерімен тығыз байланыста. Сондықтан қазіргі таңда ұлттық бірегейлікті қалыптастыруға белсенді қатысушы ұлттық элиталар тарихтың әр кезеңіндегі көрнекті тұлғаларды өз мақсаттарына пайдаланады. Сонымен бірге, ұлттық рух пен ұлттық сана-сезім бастау бұлағы болып табылатын Қазақстан тарихында әлі де болса сыры толық ашылмаған түйткілді мәселелер жеткілікті. Оны қоғамдағы қазақ зиялыларының жиі тарихтағы кейбір жайттарды сынға алуынан байқауға болады. Олардың басым көпшілігі тарихтағы жауынгерлік оқиғалар мен әлеуеті жоғары тарихи тұлғалардың бейнесінің толық қырынан ашылмағандығымен айыптайды. Осы мәселе бойынша соңғы уақыттары елде қазақ халқының тарихын қайта жазу мәселесі қызу талқыланып келеді.

Егер Қазақстан тарихына келетін болсақ, оның жалпы адамзат тарихының ерте кезеңінен бастау ала

отырып, бірнеше мыңжылдықтарды қамтитынына көзжеткіземіз. Қазақстан тарихының әрбір кезеңдері әлем тарихынан орын алатын атақты тарихи оқиғалар мен біртуар тұлғаларға бай. Соның ішінде қазіргі қазақстандықтардың тарихи санасы мен саяси мәдениетінің қалыптасуында кеңестік кезеңнің, сол кездегі тарих оқиғалар мен символдардың мәні мен маңызы ерекше. Өйткені, Қазақстан тарихында «кеңестік тарихи кезең» деген атаумен аталатын уақыт ұлттың қиын-қыстау кездерін басынан өткерген халықтың жадындағы қалған жағымсыз естеліктермен тығыз байланысты. Осы орайда, ҚР ҰҒА академигі Ә.Н. Нысанбаев: «Әрбір халықтың өзіндік «МЕНІН» түсіну төл тарихынсыз, оның тарихи ерліктері мен қайғылы оқиғаларынсыз, бекерге ұмытылған беттері мен қол жеткізілген жеңістің орасан зор қуанышынсыз іске асырылуы мүмкін емес. Тарихи сана өзінің рухани-мәдени мұраларына ерекше сезімтал келеді», – деп пайымдайды» [125].

Осыған байланысты қазіргі таңда қазақ тарихының кеңестік кезеңіне қатысты кейбір тарихи оқиғалар мен тарихи тұлғалардың саяси тұлғасын анықтауда қоғамда бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қарама-қайша саяси көзқарастардың күресі жүріп жатыр. ХХ ғасырдың басында бұқара халық арасынан шыққан және кейінірек әділетсіздіктің құрбанына айналып, қуғын-сүргінге ұшыраған қазақ зиялылары орны толмас тарихтың өкінішті беттерінен орын алды.

Олар қазіргі қазақстандық қоғамда қазақ халқының тарихи-ұлттық санасын қалыптастыруға үлес қоса отырып, қазақстандықтарды біріктіруші және топтастырушы қызмет атқарады. Алаш арыстары туралы естеліктер мен бай мұралар қазақстандықтардың

рухани біріктірумен қатар, ұлттық сананың оянуына түрткі бола алады. Олардың ішінде Ә. Бөкейханов, Т. Рысқұлов, М. Шоқай сияқты сол кезеңнің тарихи тұлғалары қазіргі қоғамда саяси пікірталастың объектісіне айналды. Солардың ішінде Мұстафа Шоқайдың тарихи тұлғасы қазақстандықтардың тарихи санасын дамыту мен ұлттық бірегейлігін қалыптастыруда ерекше орынды иеленеді. Оның тарихи тұлғасы тәуелсіздік жылдары бойында бұқаралық ақпарат құралдарында қоғамдық саяси пікірдің екі жарылуына алып келді.

Шоқайдың тарихи бейнесі жаңа қазақтандық қоғамда қазақстандықтардың қарама-қайшы саяси көзқарастардың тудырды. Ұлт жанашырлары деп аталынатын қазақ зиялыларының бір тобы оның тарихи тұлғасын белсенді қорғаса, ал өздерін зиялы қауым деп есептейтін екінші бір топ оған қатты қарсылық танытады. Көзқарастардың екіге жарылуына алып келген негізгі сұрақ: Мұстафа Шоқайдың шын мәніндегі тарихтағы орны қандай? Ол ұлт патриоты ма алде ұлт сатқыны ма? Осы сұраққа жауап іздестіруде қазақ зиялылардың көзқарастары бір ортаға тоғыспайды. Бір бөлігі осы күнге дейін Мұстафа Шоқайды ұлт-азаттық қозғалыстың символы деп қарастырса, ал екінші бөлігі оны әлі күнге дейін ұлт сатқыны, тыңшы деген кеңестік кезеңде қалыптасқан көзқарасты ұстанады. Осы көзқарастардың күресі қоғамда тарихи сананың қалыптасуын үрдісінің мән-жайын көрсетеді.

Осы орайда «Общественная позиция» газетінде Амантай Кәкеннің «Мұстафа Шоқай – рыцарь свободы» атты мақаласы жарық көрді. Автор: «Мұстафа Шоқай аты аңызға айналған батыр, Түркістан халықтарының барлығына тәуелсіз мемлекеттілігінің қайтарылуын

аңсаған Орталық Азия мен Қазақстан халықтарының Еркіндігі мен Теңдігінің рыцары деп санайды», – деп есептейді [126].

Оның қарсыласы Д. Данилевский өзінің жақтас-тарымен: «Мұстафа Шоқай, тарихта фашистермен ынтымақтаса отырып қызмет атқарса да, Қазақстанда батырлар қатарына енген. Әрине, біз Жоғарғы соттың көмегіне жүгінеміз. Одан ештемеге қолжеткізе алмай-тынымызды, ештемені өзгерте алмайтынымызды жақсы түсінеміз. Бұл мәселені тек уақыт ғана шеше алады. Қандай уақыт болса, сондай батырлар пайда болады. Біз үшін ол ешқашан батыр болып есептелмейді. Біздің батырлар, олар – Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Төлеген Тоқтаров, Нүркен Әбдіров, Қасым Қайсенов, 28 гвардиялық-панфиловшылар және жеңіске жету жолында майданда ерлікпен шайқасқан, тылда аянбай еңбек еткен жүздеген мың басқа да қазақстандықтар. Біздің батырлар – фашизмді ойсырата жеңу үшін миллиондаған өмірді қиған барлық кеңес халқы. Бүгінгі таңда Шоқайдың атын алған көшелер, Кеңес Одағының Батырларының атындағы көшемен қатар тұр. Біртүрлі түсініксіз көрініс», – деп қарсы шығады [127].

Осы пікірталастарға баға берген саясаттанушы Дос Көшім Кеңес Одағы кезінде Мұстафа Шоқай мен «Түркістан легионындағы» адамдар жайында теріс пікір қалыптастырғандығын айтады. Біздің санамызда осы теріс пікірлер сіңісіп қалғаны айдан анық. Жалпы бүгінгі таңда қазақтық, ұлттық мәселеге қатысты қоғамда ашық қарсы пікірін білдірушілердің бар екені рас. Оның ойынша бұл жердегі басты кемшілік – ұлттық идеологияның болмауы. Мемлекеттік идеология тұрақтанған жағдайда ғана бұл мәселелер өздігінен шешімін табады деп есептейді [128].

Белгілі түркітанушы, Стамбулдағы Мимар Синан университетінің профессоры Әбдуқап Қара болса, өкінішке орай, біз, осы күнге дейін халқымыз үшін күрескен және осы күресте құрбан болған ұлы адамдарымызды лайықты түрде бағалай алмай келе жатырмыз. Одан да бұрын қайғылы жағдай Қазақстанда бүгінгі күнге дейін осы батырларды Кеңес үкіметі тұсындағыдай «сатқындар» деп атайтын адамдар табылады. Дегенмен, Қазақстанның кеңестік бұғаудан босағанынан және тәуелсіздігін алған уақытынан бастап 20 жыл өтсе де, бұрынғы идеология түсініктермен өмір сүретін азаматтар әлі де болса бар. Бұған түсінікпен қарауға болады. Өйткені, 70 жыл бойы тұрақты және жан-жақты халықтың санасына енгізілген идеология 20 жылда тазара алмайды. Бұл үшін уақыт қажет деп айтады [129].

Сонымен жоғарыда келтірілген көзқарастарға сәйкес Мұстафа Шоқайдың саяси тұлғасына қатысты қалыптасқан қарама-қайшы пікірлер, оның тарихи тұлғасын анықтауға қатысты қоғамда екіжақты көзқарастардың барлығын білдіреді. Яғни, бұл пікірталастар қазіргі кезде бір жағынан, этномәдени символизмді анықтауға қатысты болса, екінші жағынан, қазақ халқының ұлттық бірегейлігін анықтауға қатысты болып табылады. Бұл Шоқай төңірегінде орын алып отырған пікірталастар қазақстандықтардың тарихи санасының қалыптасуын көрсетеді. Сондықтан Шоқайдың саяси және тарихи тұлғасының терең зерттелуі, оның шынайы тарихи тұлғасының кеңінен танылуы қазақстандықтардың тарихи санасының дамуына ықпал етеді.

Жалпы қазіргі уақытта Шоқайдың тарихи тұлғасына қарсы шығушылардың басым бөлігі

кеңестік мәдениетті бойына терең сіңірген адамдар, яғни, орыс мәдениетінің өнімдері. Жоғарыда Шоқайға қарсы ұсынылған тұжырымдарды ой елегінен өткізген кезде олардың Кеңес өкіметі тұсында Шоқайға тағылған жалған айыптарды негізге алатыны және қалыптасқан кеңестік тарихи сананың негізінде қарсылық танытатыны байқалады. Қазіргі қоғамдағы оған қарсы көзқарастардың пайда болуының түп негізі Қазақстанның тарихының кеңестік кезеңінде жүргізілген идеологияның беріктігінде жатыр. Сондықтан Шоқай төңірегінде қазіргі кезде жүріп жатқан саяси көзқарастардың күресін талдаудың нәтижесі объективтілікті қажет етеді.

Кеңес өкіметі тұсында Алаш зиялыларына қарсы әртүрлі ойдан шығарылып тағылған айыптардан Шоқайдың саяси тұлғасы да тыс қалмады. Оған қарсы фашистік Германиямен, Жапониямен бірігіп, тыңшылық әрекеттермен айналысты деген жалған айыптар тағылып, оны ұлт сатқыны ретінде жағымсыз жағынан танытып, кеңестік халықтар санасына сіңірілді. Шоқай Кеңес Одағының орнына Түркістан халықтарының ұлттық тәуелсіздігін қалады. Бұл ой, әрине, сол уақытта одақ жетекшілеріне ұнамады. Жалпы сол уақытта барлық кеңестік республикалардағы кеңестік биліктің саясатына ойын ашық білдіріп, қарсы шыққан ұлт зиялыларын қоғамнан аластату кең таралған үрдіс болатын.

Шоқайдың өзінің айтуы бойынша, «большевиктердің атамекеніміздегі ұлттық қозғалысқа қарсы қолданып отырған ең залалды құралдарының бірі – бізді ұлттық шовинизммен айыптауы болып табылады. Өзінің ұлттық құқығын аз да болса қорғағысы келетін кез келген түркістандықты боль-

шевик узурпаторлары «шовинист», төңкеріс пен пролетариат сатқыны» қатарына жатқыза салады. Осындай түркістандықтар партия мүшесі болса, партиядан аластатылысымен үкім шығарылады да, кері төңкерісшілдерге қарсы большевиктік тәсілмен оқ атуға жаны құмар әуесқойлардың нысанына айналды», – деп жазады [130]. Шоқайдың айтқан осы ойы жиырмасыншы ғасырдағы кеңестік одақ құрамына енген республикаларға ұстанған кеңестік саясаттың бет пердесін толықтай аша түседі.

Осылайша, ұлтшыл – буржуазияшыл ретінде танылған Мұстафа Шоқайдың «Үлкен Түркістан» туралы идеясы Кеңес азаматтары арасында кеңінен таралып кетуі қоғамға өте қауіпті деп саналды. Өйткені, ол өзінің тәуелсіз Түркістан туралы ойларын «Яш Туркестан» газетінің беттерінде тұрақты түрде жариялап отырды. Оның идеялары негізінен Орталық Азия территориясында ұлттық-территориялық межелеу бойынша кеңестік республикаларға бөлінуін жақтамайды. Бұл саясаттың астарында большевиктердің түркі тілдес елдердің арасын бөліп тастап отарлауды одан әрі жалғастыру ниетін жатқанын ұқты. Сондықтан этностық шекаралық ұстаным бойынша бөлуге қарсы біртұтас ұлттық мемлекет ретінде Үлкен Түркістанды құру идеясын ұсынды. Алайда, бұл идеяның жүзеге асуына сол кездегі большевиктік үкімет барынша тосқауыл қойып, толықтай іске асуына жол бермеді.

Кеңестік социалистік елдерде қуғын-сүргін құрбандарын еске алуға ұзақ уақытқа дейін тыйым салынды. Олардың шынайы тарихи бейнесі кеңестік саясаттың және идеологияның құрбандарына айналды. Олар туралы ақиқат пен саясаттың құпиясы тек Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін ғана жарық көрді.

1993 жылы 14 сәуірде «Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Осы құжат өткен ғасырдың тарихын еркін және объективті тұрғыда қайта зерттеуге жол ашты. Жалпы басқа да алаштықтар сияқты Мұстафа Шоқай туралы да тәуелсіздік жылдары бірнеше ғылыми монографиялар мен кітаптар жарық көрді. Осы еңбектерде Шоқайдың тарихтағы орны мен саяси көзқарастары терең зерттелініп шындықтың беті түгелдей ашылды. Қазіргі таңдағы шоқайтанушылардың тың еңбектерінде Шоқайдың ешқандай сатқындық әрекетпен айналыспағаны және оның ол туралы пиғылы да болмағаны тарихи деректермен толықтай дәлелденген. Керісінше, империялық одақ түркі халықтарының ұлт-азаттық идеясымен қаруланған Алаш арыстарын қуғын-сүргінге ұшыратып, оларды халық жаулары ретінде таныту, өздерінің қитұрқы іс-әрекетін жасыруы үшін ойлап табылған жалған айыптар екендігі анықталды. Кеңес үкіметінің осындай қитұрқы саясаты түгелдей әшекереленді және тарихта өзінің шынайы бағасын алды.

Кеңестік идеологияның ықпалынан тыс жазылған объективті тарихнамада Шоқай өткен ғасырдың бас кезінде Түркістан халықтарының тәуелсіздігі мен демократиялық еркіндігін көтерген қайраткер. Ол Түркістан халықтарының Ресей империясының отаршылдығына қарсы ұлт-азаттық қозғалыстың жетекшісі ретінде мойындалды. Осы орайда шоқайтанушы ғалым Бақыт Садықова өзінің еңбегінде Мұстафа Шоқайды саяси сенімі бойынша демократиялық национализм өкілі ретінде қарастырады және оның ұлтшылдармен бірге ешқандайда пантүраншылдық пен пантүркішілдік

идеясын насихаттауға қатысы болмағандығын айтады. Бұл жерде баса көрсететін ақиқат:

– М. Шоқай пантұраншылдық, пантүркішілдік, шовинизм, әсіресе нацизм сияқты кез келген ұлттық доктриналарды жоққа шығаратын демократиялық национализмнің жақтаушысы болды;

– ұлттық қозғалысты теориялық және практикалық тұрғыда терең және жан-жақты түсіну оны «ұлттық құлдық бұғауын тек халықтар арасындағы дінге, нәсілге қарамай барынша адалдықпен ұйымдасқан бірыңғай майдан ғана үзе алады», – деген нық сенімі еді [131].

Қазіргі қазақстандық қоғамда ұлттық бірегейліктің қалыптасуы аясында екі түрлі саяси мәдениеттің барлығына және олардың өзара қарама-қарсылығына көз жеткізуге болады. Ол қазақстандықтардың тарихи санасының қалыптасуы мен дамуынан көрінеді. Біріншісі, адамдар санасында әлі де болса өмір сүруін жалғастырып келе жатқан ескі кеңестік саяси мәдениеттің қалдықтары, екіншісі, жаңадан қалыптасып келе жатқан қазақстандықтардың жаңа саяси мәдениеті. Кеңестік идеология халықтың санасында әлі де болса, өзінің үстемдігін сақтап қалуда. Соған сәйкес адамдар санасындағы басымдыққа ие тарихи символдарды: оның біріншісі, қазақ халқының төл символдары (қазақ тарихының барлық кезеңін қамтиды); екіншісі, кеңестік символдар (кеңестік уақыттағы); үшіншісі, Тәуелсіз Қазақстанның символдары деп үш топқа бөліп қарастыруға болады.

Біздің ойымызша, Шоқайдың ұлттық саясат саласында халықтарды дінге, нәсіліне және т.б. ұлттық ерекшеліктеріне қарамай барлық ұлттардың басын біріктіруге байланысты саяси көзқарасы Қазақстанның қазіргі таңдағы ұлттық саясатына қатысты ұстанып

отырған саясатымен сәйкес келеді. Қазіргі кезде Қазақстан ішкі саясатында ел ішіндегі түрлі ұлттар мен этностардың арасындағы өзара татулық пен келісімді сақтау, олардың басын біріктіру басты бағыт болып табылады. Сонымен бірге Шоқайдың демократиялық мемлекет тұрғысындағы көзқарастары, түркішілдік идеясына негізделеді. Қазақстан қазіргі көп векторлы саясатты ұстана отырып барлық мемлекетермен тең байланыс, соның ішінде посткеңестік елдермен қатар, түркі елдерімен де тығыз байланыс орнатқан.

Алайда, Шоқайдың түркі халықтарының интеграциясы идеясы қазіргі таңда Қазақстанда идеологиялық тұрғыға қарағанда, көбіне экономикалық және достастық түрінде ғана іске асып жатыр. Дегенмен, қазақстандық қоғамда қазақ ұлттық зиялы қауымдары мен патриоттары түрік интеграциясы мәселесін тәуелсіздік жылдары әрқашан көтеріп келеді. Олардың ойынша, Қазақстан өзінің сыртқа саясатында орыс әлеміне қарағанда, түркі әлеміне жақындау қажеттігін айтады. Сол арқылы ғана Қазақстан өзінің ұлттық болмысын, егемендігін сақтап қала алады деп санайды.

Шоқайды қазіргі кезде қазақ халқының ұлттық санасын дамытушы тұлға ретінде бір қырынан қарастырсақ, екінші бір қырынан оны қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысының және кеңестік орыстандыру саясатына қарсы символы ретінде танимыз. Сондықтан Шоқайдың тарихи тұлғасын ұлықтау, оны батыр ретінде тану біржақты көзқарас қалыптастыру уақыттың қажеттілігінен туындайды. Қазіргі таңда ұлттық сананың қалыптасуында Шоқайдың тұлғасы төңірегіндегі пікірталастар кеңестік саяси мәдениет пен идеологияны қазақстандық қоғамда жаңа саяси мәдениеттің ығыстыруының көрінісі. Бұл тұрғыда

отаршылдық сананың бірден болмаса да, біраз уақыттан кейін өздігінен жойылатыны анық. Әрине, ол үшін ұрпақтар алмасып, уақыттың талабымен сананың жаңғыруы қажет. Ең бастысы қазақстандықтар үшін төл құндылықтарды танып, ұлттың шынайы болмысын сақтау мен бірегейлігін қалыптастыру маңызды болып табылады.

Осы мәселе бойынша Шоқайдың ойы рухани құндылық, егер ол тұтас бір халық адамдарының түпкі не үшін өмір кешіп, қалай сол өмірді ақтай алатын нәрсесіне айналатын болса, ол халықты ұлт деңгейіне көтеретін күш. Әртүрлі ұлыстар мен руларға, тағы әртүрлі топтарға бөлініп келген, яғни әлі де ыдыраңқылығы басым халық осындай олардың мүшелерін баурап алған құндылықпен біріге алса, ол берігірек тұтастыққа келіп, ұлт деңгейіне көтеріледі. Халық біртұтас бір субъект ретінде өзін-өзі толық басқара алмайды. Ұлт – халықтың тұтас дербестікке дайын субъектілік қалпы. Ол – тарихи дамудың белгілі бір деңгейі. Халықтың ұлтқа айналуының ең шешуші шарттары ретінде М.Шоқай халықтың барлық өкілдеріне, топтарына бірдей, оларды жаппай еліктіре алатын мақсаттары болу керек, сондай мақсаттарды анықтайтын ұлттық сана болу керек деп есептейді. Әртүрлі халықтардың нақты әртүрлі тарихи жағдайларына сай ондай мақсаттар да әртүрлі бола беретіні хақ. Басқа бір мемлекетте, халыққа тәуелді болып қалған халықтар үшін ең басты мақсат – кіріптарлықтан құтылу, дербестікке қол жеткізу болатыны табиғи нәрсе [132].

Шоқай армандаған дербестікке қазақ халқы қол жеткізді. Тәуелсіз мемлекеттің ішкі сыртқы саясаты жоғарыда айтылғандай Шоқайдың кейбір иде-

яларымен тығыз ұштасып жатыр. Ендігі кезекте егемен елімізді одан әрі дамыту үшін қазіргі кезде қазақстандықтардың ортақ тарихи санасын дамыту қажет. Сол кезде ғана көп ұлтты мемлекеттегі тұтастық пен өзара татулықты сақтап тұра аламыз. Қазақстан тарихындағы атақты тарихи тұлғалар барлық қазақстандықтар үшін ортақ символына айналуға тиіс. Оларға деген кеңестік теріс көзқарастардан арылу қазақстандықтардың жаңа саяси мәдениеті мен ортақ ұлттық идеяның дамуымен тығыз байланысты. Сонымен қатар жалпы қазақстандық ортақ патриотизмді дамытуға тек тарихи сананың қызметі арқылы қол жеткізе аламыз.

Қазақстан Республикасында тұрғындардың тарихи сана қызметі ұлттық бірегейлікті қалыптастыруға бағытталады. Осы тұрғыда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев елде азаматтардың тарихи санасын жаңа қазақстандық патриотизм тұрғысында дамытуды көздейді. Ол тарихи сана қазақстандықтарды топтастыруға, өзінің өткені, бүгінгі мен ертеңіне патриоттық қарым-қатынасты дамытуға жұмыс істеуін қолдап отыр. Бұл тарихи өткен кезеңде қақтығыстар мен өкпелерді емес, керісінше келісім мен әріптестікті ғана іздестіру керек дегенді білдіреді.

Осы мақсатта қазіргі қазақстандық қоғамда кейбір тарихи тұлғаларға, соның ішінде Мұстафа Шоқайға қатысты туындап отырған өткір көзқарастардың жиынтығын сараптау, қазақстандық қоғамның жаңа саяси мәдениеті мен ұлттық бірегейлігінің қалыптасып жатқандығына нақты көз жеткізуімізге болады. Ұлттық бірегейлік жаңадан қалыптасып келе жатқан ұлттық мемлекеттерде осы сияқты қарама-қайышылықтардың орын алып отыруы заңды құбылыс. Бұл тікелей

ұлттың ұлттық бірегейлігінің құрамдас бөліктерінің қазақстандық қоғамда анықталып жатқандығын білдіреді.

2.3 Қазақстандықтардың ұлттық бірегейлігінің қалыптасу үрдісінің әлеуметтік көрсеткіштері

Қазақстан идеологиялық даму тұрғысында бірнеше кезеңді бастан өткерді, ең алдымен, коммунистік ойлаудың басымдығынан жаңа нарықтық, либералды ойлауға өтумен байланысты болды. Ақиқатында ол саяси спектрдің сол флангынан оң флангына өтуді білдіреді. Бұндай өтпелі кезеңнің ауыртпалықсыз өтуі мүмкін емес. Оны этносаралық наразылықтар немесе күшті құрылыммен, қақтығыстармен қатар жүрген кейбір посткеңестік елдердің тәжірибесінен көруге болады. Дегенмен, Қазақстанда саяси трансформация мемлекеттің қатаң бақылауымен іске асты. Қазақстан үшін қиыншылық бір мезгілде заман талабына сәйкес нарықтық экономиканы құру, демократиялық реформаларды жүргізу мен адамдардың санасын өзгертуді қатар жүргізуде болып табылады [133].

Қазақстан үшін жауапты кезең саяси трансформациялану үрдісінің өтуі кезінде елдегі тұрақтылық пен тыныштықты сақтау ең маңызды мәселе ретінде алға шықты. Оның себебі Қазақстандағы идеологиялық бос кеңістікті түрлі идеологиялық ағымдар өздерінің идеяларымен толтыруға бет бұрды. Оның ішінде сырттан кіретін және іштен шығатын түрлі мақсатты көздеген әртүрлі радикалдық ағымдардың идеялық көзқарастары мен іс-әрекеттерін бақылап отыру қазақстандық қоғамның тұрақтылығын сақтауда

тиімді қызмет атқарады. Бұл мәселеде мемлекеттің елдегі трансформациялық үрдістерді қатаң бақылауға араласуға байланысты өзінің ерекше белсенділігін көрсетті.

Жалпы, идеологиялардың қоғамда пайда болу барысында олардың барлық түрі өздерінің бағыт-бағдарларына қарамастан белгілі бір тұжырымдаманы қоғам мүшелерінің мойындауына негізделеді. Қоғам мен саяси жүйе осы тұжырымдардың тәжірибелік тұрғыда іске асырудың құралы мен жолы болып табылады. Осы тұрғыда идеология қоғамда біріктіруші және топтастырушы қызмет атқарады.

Осы орайда, Қазақстан азаматтарының санасында терең із қалдырған коммунистік идеологияның басты ерекшелігі сол кездегі тоталитарлық жүйемен біртұтас болды. Коммунистік идеология кеңес адамдарының өмірінің барлық саласында толықтай үстемдік құру арқылы олардың мемлекет пен саяси режимге қарым-қатынасын түгелдей дерлік анықтап және бақылап отырды. Идеология адамдардың белгілі бір мүдделі топтар ұстанымы тұрғысынан айналадағы әлеуметтік шынайылыққа қарым-қатынасы тұрғысынан көрінетін идеялар мен көзқарастардың жиынтығын ретінде түсіндірілді [134].

Алайда, кеңестік уақытқа қарағанда посткеңестік кеңістікте әлеуметтік-саяси жағдайларға байланысты идеологиялық тұжырымдарды өндіру бойынша мемлекет пен қоғам арасындағы қарым-қатынас тәжірибе жүзінде мүлдем өзгеріске ұшырағанын айтуға болады. Қазақстанның қоғамдық өмірінде бұрынғы біртұтас құдіретті идеологияның орнына қайтадан балама болатындай ірі идеология өздігінен пайда болмады. Керісінше, саяси, әлеуметтік-мәдени, ұлттық, діни

және басқа да салаларда әрекет ететін идеологиялық тұжырымдар мен ағымдар көбейе бастады. Тәуелсіздік алғалы бері бұқаралық ақпарат құралдарында үздіксіз жарияланған материалдар қоғамда жаңа біртұтас күшті идеологияға сұраныстың күн санап арта түскенінен көруге болады. Бұл тек Қазақстанда ғана емес, сондай-ақ, барлық посткеңестік елдерге тән құбылыс алуан түрлі идеологиялардың пайда болуына алып келетін идеологиялық плюрализмге жол ашты.

Кеңес өкіметі тұсында идеологиялар орталықтан шығып, оның дамуына мемлекеттік аппарат тарапынан қатаң қадағаланып, қоғамда еркін іске асуына мүмкіндік жасалғаны белгілі. Ал тәуелсіз Қазақстанның идеологиялық кеңістігінде идеяларды тудыру және оны жүзеге асыруда бұдан әрі тек жеке дара мемлекет ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік қозғалыстар, саяси партиялар, бұқаралық ақпарат құралдары, діни конфессиялар мен басқа да азаматтық қоғам институттарының белсене қатыса бастағанын айтуға болады.

Қазақстандағы саяси басқару жүйесі идеологиялық тұжырымдарды өндіруде ішкі идеологиялық кеңістікте басқа әртүрлі қоғамдық институттардың ішінде негізгі субъекті ретінде қалып отыр. Оның себебін мемлекеттің ішкі саяси-әлеуметтік және қоғамдық өмірде басқарудың әкімшілік күштерін өз қолына шоғырландыра алғандығынан көреміз. Сондықтан мемлекеттің орталық басқару тарапынан қоғамға ұсынылған идеологиялық тұжырымдар халыққа жылдам таралып және оның жан-жақты насихатталуы мен жүзеге асырылуына қазіргі уақытта мүмкіндіктер мол.

Қазақстан Республикасында тәуелсіздіктің соңғы жиырма жылдығында біртұтас қазақстандық қоғам мен дамуға бағытталған бірнеше идеологиялық

тұжырымдамалар жасалынды. Атап айтқанда, Елбасының жылсайынғы жолдаулары, соның ішінде «Қазақстан – 2030» Стратегиясы, «Қазақстан –2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа бағыты», «Мәңгілік Ел» идеясы ірі және терең идеологиялық бағыт-бағдарлық және тұжырымдамалық мәнге ие. Осы идеологиялық тұжырымдамалардың қызметі мен маңызы қаншалықты маңызды деген ойлар туындайды. Осы сұрақтарға ф.ғ.д., профессор Ж. Молдабеков:

Біріншіден, тәуелсіздіктің идеялық негіздерін жаңа талаппен жағдайға икемдей қалыптастыру үшін керек. Президентіміз Н. Назарбаев мынандай идеяларға айрықша ықылас білдіруде: топтасу мен әлеуметтік серіктестік, азаматтық және ұлтаралық келісім, қазақстандық патриотизм мен прагматизм, ұлттық дәстүрді сақтау және дүниежүзілік өркениетке ену жолдары. Бұл барлық партиялардың саяси жұмысына негіз болатын және халықтың санасына тың ұйытқы енгізетін идеялар.

Екіншіден, тұтас құндылық бағыт-бағдарларын жасау үшін керек. Жас мемлекетіміз нарықтық және демократиялық қатынастың тәжірибесін біртіндеп, енді ғана игеріп келеді. Өзіндік практикасы жетіспей жатыр. Осындай сәтте, мемлекеттің реформадағы рөлін, аймақтық саясатты жүргізудегі мүмкіндігін арттыратын бағдардың қажеттігі анағұрлым айқын. Жергілікті билік органдарымен – әкімшілік пен мәслихат ұжымдарымен тиімділікті күшейту күн тәртібіндегі өткір мәселе.

Үшіншіден, меншік иелерін қалыптастыру және саяси күштердің көзқарастарын бір-біріне жақындатқызу үшін, осы бағыттарды қолдайтын идеологиялық факторларды саясат желісіне енгізу

үшін керек. Идеология дегеніміз – ұғындыру, үйрету және ұйымдастыру. Адам экономикалық бостандықтан, жасампаз қызметке ұмтылыстың және өз ісіне жауапкершіліктің не екенін қоса ұғынғанда ғана меншік иесіне айналмақ. Меншік жекелшеленгенде және ондағы өндіріс құралдары мен жұмысшының жаңды еңбегі бір-біріне ұштасқанда ғана адамның ізгілігіне айналатынын ұғынған жөн деп жауап береді [135].

Осы уақытқа дейін тәуелсіз Қазақстан тарихында дүниеге келген идеологиялық тұжырымдардың көпшілігі мазмұны жағынан ұлт бірлігіне бағытталады. Өйткені әлемде және посткеңестік елдерде орын алып жатқан ұлтаралық және этносаралық қақтығыстар Қазақстанда ұлттық құрылысты қалыптастыруда елде өмір сүретін барлық этностардың мүддесінен шығуды талап етеді. Осы жағдайларға сәйкес Қазақстан өзінің көпэтносты ортада азаматтық қоғамды құру арқылы ғана тұрақтылық пен дамуға қол жеткізуді қалайды. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен азаматтық қоғамды құруға ерекше көңіл бөлініп және оны белсеніске асыру жолға қойылып келеді. Сондықтан елде титулды ұлтпен қатар басқа этностық азшылықтар Қазақстанды өзінің отаны ретінде деп танып білуі мен патриотизм сезіміне ие болуы үшін азаматтық қоғам құруға күш салуда. Осы мақсатта азаматтық қоғамды құрудың негізі республикада жалпыұлттық идея болып табылады.

Қазақстандық саясаттанушы С.Ш. Мұсатаевтың пікірінше, қазақстандық жалпыұлттық идеяның негізгі астарында «Қазақстан кімнің мемлекеті: қазақтардың ба әлде қазақстандықтардың ба?», – деген сауал тұр. Жауап: Қазақстан – елді мекендеуші барша ұлттар

мен ұлыстардың, этникалық-әлеуметтік топтардың Отаны. Этникалық тұрғыда жер қазақ халқының жері болғанмен, мазмұны жағынан демократиялық-құқықты, азаматтық қоғамды құруға бет алып отырған Отанымыз көп ұлтты. Қай ұлт өкілі болмасын, олар – Қазақстан Республикасының тең құқықты азаматы, қазақстандық. Бұл кез келген демократиялық әлемдік мемлекеттерге тән қасиет [51, б. 25].

Жалпыұлттық идея Қазақстанда ұлттық берегейліктің азаматтық және этностық парадигмалары арасындағы қарама-қайшылықты шешуге бағытталаыны анық. Жалпыұлттық идеялар шеңберінде азаматтық және адамзаттық құндылықтарды насихаттай отырып, елде қалыптасқан титулды этнос пен басқа этностар арасындағы стереотиптерді жойып, барлығын бір мемлекеттің шаңырағы астына топтастыру көзделеді. Яғни, елде тұратын барлық этностар өздерінің ұлттық ерекшеліктеріне қарамастан Қазақстанды өзінің отаны ретінде санауына мүмкіндік жасалып отыр.

Осы мақсатта, қазіргі Қазақстандағы ұлттық мәселелердің дамуы этносаралық қарым-қатынастар мен халықтың түрлі топтарына қалай әсер етіп жатқанын бағалау үшін, біздің, 2015 жылдың шілдетамыз айында ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты «Этносаралық саланың мониторингі мемлекеттік этносаясаттың тиімділігін диагностикалаудың әдісі ретінде» (2015-2017 ж.) арнайы жобасы бойынша еліміздің Алматы, Талдықорған, Шымкент және Атырау сияқты және тағыда басқа ірі қалаларында жүргізілген фокус топтар нәтижелеріне жүгінеміз. Аталмыш фокус топтың негізгі мақсаты – Қазақстандағы ұлттық бірегейліктің анықталуына

этносаралық қатынастарды саралау және оған қатысты саясатты анықтау.

Фокус топ сапалық зерттеу әдістерінің бір түрі қазіргі уақытта кеңінен қолданылады. Бүгінгі күні фокус топ ғылымның әртүрлі салаларында пайдаланылады. Оның негізінде белгілі бір критерий бойынша таңдалынған адамдар топтасып, белгілі бір тақырып аясында өз пікірлерімен бөліседі. Осындай тәсіл арқылы әртүрлі адамдардың пікірін алып, талқылауға болады. Жалпы фокус топтық зерттеулер мақсаты қандай да бір мәселе бойынша пікір алуандығын анықтау болып табылатын бірнеше пікір алмасудан тұрады.

Біздің фокус топ әдісін жүргізуде арнайы он сұрақ құрастырылды. Соның ішінде мыналар:

– Сіз өзіңіздің бірегейлігіңізді қалай анықтайсыз? (қазақстандық па әлде қазақ па?);

– Сіздің ойыңыз бойынша, Қазақстанға жалпыұлттық идея қажет пе?;

– Сіздің қолыңызда құзыреттілік болса, Сіз, бірінші кезекте ұлтаралық қатынастарды жақсарту үшін не істер едіңіз? – деген сұрақтардан тұрды.

Фокус топ әдісіне әртүрлі ұлт өкілдері қатыстырылды, атап айтқанда: қазақ, орыс, өзбек, ұйғыр, еврей, татар, украин, неміс, кәріс және т.б.

Жүргізілген фокус топтар нәтижесінде төмендегідей қорытындылар жасауға болады:

Фокус топтың нәтижесі көрсеткендей қатысқан азаматтардың барлығы бірегейлік туралы сұраққа қатысты азаматтық бағытты көбірек таңдады. Жалпы, қатысушылардың 44%-ы өзін қазақстандық деп анықтағанды жөн санайтындығын айтуға болады.

1-ші қатысушы:

«Мен орыс тілінде ойлаймын да, сөйлесемін де. Бірақ өзімді орыс деп есептемеймін. Ресеймен өзімді байланыстырмаймын. Мен өзімді қазақстандық деп есептеймін».

«Бұрын мен өзімді Кеңес Өкіметінің адамымын деп есептегенмін. Ал қазір мен Қазақстан азаматымын. Евреймін де, орыспын да, тіпті, қазақпын да».

«Мен өзімді қазақстандық деп есептеймін. Себебі Қазақстанда көптеген ұлт өкілдері тұрады. Ал бізді біріктіретін саяси аспект, яғни, азаматтық».

Қатысушылардың тек 18%-ы этностық бірегейлікті алға тартты.

2-ші қатысушы:

«Біріншіден, мен қазақыын. Екіншіден, қазақстандықпын, мұсылманмын, мемлекеттік қызметкермін және т.с.с., яғни менің бірегейлігім – қазақ».

Бірақ ешбір адам бұл бірегейліктің екі формасын бір-біріне қарсы қоймады. Ал азаматтардың 38%-ы азаматтық және этностық бірегейлікті бір қатарға қойып, оларды мәнмәтініне байланысты, яғни мемлекет ішінде, не шетелде болуына қатысты, қолдану қажет деп есептейді.

3-ші қатысушы:

«Мен ұйғырмын. Маған екі нұсқасы да келеді. Мемлекет ішінде мен өзімді қазақстандықпын деп есептесем, шетелде мен қазақыын. Себебі мен Қазақстаннанмын. Екі бірегейлік бір-біріне қарама қайшы емес. Шетелде біреу мені қазақ десе, мен ренжімеймін, қайта Қазақстанның бір бөлшегі ретінде қуанамын».

Бұдан, біз, Қазақстан үшін екі түрлі бірегейлік (азаматтық және этностық) арасында көбіне, академиялық сипаттағы, яғни теоретикалық мәселе тән болып отыр деген қорытындыға келеміз. Жалпы халықтың пікірі бойынша, қазақ не қазақстандық болу бір-біріне ешқандай қарама-қайшылығы жоқ, қайта бірліктің түрлі акценті деп қарастырылады. Бұл өзгешелік мәселе болып табылмайды және өзін-өзі анықтауда қиыншылық тудырмайды. Басқа этностық топтардың өкілдері өзін-өзі анықтауда келесідей: қазақстандық неміс, қазақстандық орыс, қазақстандық татар және т.б. сөз тіркестерін қолданады.

Сонымен қатар, ұлты қазақ азаматтар өздерін «қазақ» деп таныса, басқа этностық топтардың өкілдері өздерін «қазақстандық» деп анықтайды. Сарапшылар сауалнамасын ұлттық саясат пен ұлтаралық қатынастар бойынша білікті ғалымдар қатысты. Олардың пікірлерін сараптай келе, төмендегідей қорытындылар жасауға болады:

– Мемлекеттің жүргізіп отырған ұлттық саясаты қазақстандық қоғамның сұранысына сай және елдегі қалыптасқан жағдайға жауап береді, сондықтан бұл саясат ұлтаралық қатынастың шиеленісуіне алып келмейді деген пікірді халықтың 66,7%-ы қолдап отыр. Оған мысал ретінде төмендегі көзқарасты келтіруге болады:

4-ші қатысушы:

«Қазақстан Республикасының ұлттық саясаты тәуелсіздік жылдары бойы өзінің тиімділігін көрсетті. Оның негізінде елдің барлық азаматтарына нәсілі, ділі және діни көзқарастарына қарамастан ортақ құқық пен бостандық беретін азаматтық және саяси ортақтығы жа-

тыр. Ұлтаралық қатынастарды реттейтін бірегей құрал – Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылған. Қазақстан жүргізіп отырған ұлттық саясаты әлемдік қауымдас-тық жағынан қолдау тауып отыр. Осындай саясатты жалғастыру қоғамда бірлік пен татулық алып келеді».

Халықтың 30%-ы мемлекеттің ұлттық саясатымен келіскенімен, оған бірқатар өзгертулерді енгізу керек деп ойлайды. Әсіресе, саясаттың түбегейлі мәселелері мен стратегиялық бағыттарына түзетулер мен толықтырулар қажет деп есептейді:

5-ші қатысушы:

«Жалпы ұлттық саясат дұрыс, бірақ бұл саясат консервативті, сыртқы әсер үшін жасалғандай. Ол қазіргі және болашақтағы үн қатуларға толығымен жауап бере алмайды. Қазақстан Республикасының ұлттық саясатында әкімшілік тәсілдер, пиар көп. Мысалы, БАҚ-та ұлтаралық қатынастар мәселесі жөнінде ашық айтуға болмайды. Ал бұл жағдай саясаттың дұрыс жүруіне теріс әсерін тигізіп отыр».

Аз көлемде, 3,3%-ы ұлттық саясатты Кеңес өкіметінен бері келе жатыр, сондықтан ол ұлттық мүддеге қайшы болып отыр деп есептейді.

Ал ұлттық саясаттағы өзекті мәселелерге келетін болсақ, сарапшылар сауалнамасының жауаптары негізге алынды. Қазақстандық сарапшылар өзектілігі жағынан мәселелердің ретін төмендегідей белгіледі:

1. Тіл мәселесін 43,3% сарапшы белгіледі және олардың көзқарастары екіге бөлінді: қазақ тілінің мәртебесін көтеру немесе орыс тілін сақтап қалу.

6-шы қатысушы:

«Тіл мәселесі алдағы бес жылда ұлтаралық қатынастардың негізгі факторы болып сақталады».

«Жақын арада мемлекеттік тіл мәселесін шешу қажет. Ұлты қазақ емес адамдар қазақ тілін меңгеруге асықпайды. Ал үкімет болса, бұл мәселеге немқұрайлы қарап отыр. Бұл мәселе тез арада шешілмейтін болса, қазақтың шыдамсыз таусылар».

«Халқының 30%-ы қазақ емес басқа ұлттар құраған облыстарда орыс тілін екінші мемлекеттік тіл деп белгілеу қажет».

2. Кадр мәселесін 13,3% сарапшы қолдады.

7-ші қатысушы:

«Тез арада мемлекеттік қызметте басқа да этникалық топтардың өкілдерінің санын көбейту қажет. Себебі бұл қоғамдық пікірдің қалыптасуының маңызды факторы».

3. Ұлтаралық қатынастардың мәдениетін көтеру (13,3%).

4. Қазақ және қазақстандық мәселесі (6,7%). Сарапшылардың көзқарасы бойынша, бірегейлікті анықтау мәселесі өте маңызды.

«Халықтың татулығы, ең алдымен, мемлекет құрушы субъектімен – қазақ ұлтымен байланысты. Басты мақсат – бірегейлікті анықтау» [136].

5. Теориялық-әдіснамалық мәселелер (6,7%);

6. Қазақстанға сыртқы күштердің ақпараттық экспансиясы (6,7%);

7. Сыртқы және ішкі миграция мәселелері (6,7%);

8. Этностық азшылық мәселесі (6,7%);

9. Қазақстан халқы Ассамблеясының мәртебесін анықтау (3,3%);

10. Үкіметтің қазақтілді және орыстілді аудиторияға бағытталған саяси риторикасындағы өзгешеліктер (3,3%);

11. Ауыл қазақтарына әлеуметтік қысым жасалынуы (3,3%);

12. Қазақтардың экономикалық мүдделерін қорғау (3,3%).

Сонымен, жоғарыда көрсетілген контент талдау мен фокус топ әдістерін қорытындылай келе, Қазақстандағы ұлттық бірлік пен азаматтық қоғамды қалыптастыруда Қазақстан халқы Ассамблеясы рөлінің жоғары екенін бағалауға болады. Қазақстандағы ұлттық бірегейліктің қалыптасуын зерттеуге көпшілік санасындағы ұлттық бірегейліктің этномәдени және азаматтық түсініктер арқылы қол жеткізуге болады. Осы екі түсініктің өзара қарым-қатынасы қазақстандық қоғамның әлеуметтік және мәдени өмірінде көп жағдайда көзқарастар мен пікірлердің қарама-қайшылығын көрсетеді. Қазақстанның ұлттық бірегейлігінің қалыптасуы осы ұлт және ұлттық бірегейлік түсінігіндегі қарама-қайшылықтар арқылы тәжірибеде іске асады. Оның негізі мемлекет құраушы ұлттың этномәдени бірегейлігі мен азаматтық бірегейліктердің өзара араласуы мен үйлесімінде жатыр. Бұл бірегейліктердің өзара үйлесімділігі Қазақстандағы ұлттық құрылыс үрдісінде ымырашылдық тәжірибесі арқылы іске асады. Алайда, ұлттық бірегейліктің этностық және азаматтық парадигмалары арасындағы қарама-қайшылықтар қазақстандық қоғамда ымырашылдықтан гөрі біржақты нақты анықтаманы талап етеді.

Қазақстанда ұлттық саясаттың нақты және келісілген бірыңғай тұжырымдамасының жоқтығы байқалады.

Қазіргі күнге дейін осы фактор Қазақстандағы этносаяси саладағы наразылықтардың туындауының негізгі себебі болып отыр. Соның салдарынан қазақстандық қоғамда әртүрлі деңгейдегі зиялы қауымдар мен ғылыми қауымдастық ортасында туындаған пікірталастар қызу талқыланып, тұрғындар арасында да өзара бөлінушілікке жол ашу қаупі бар. Ұлттық бірегейліктің этностық және азаматтық парадигмалары арасындағы дау-дамай елімізде қалыптасқан ұлтаралық қарым-қатынасқа болашақта өзінің қатерін тигізуі мүмкін. Сондықтан мемлекет тарапынан қазақстандықтардың бірегейленуінде этностық және азаматтық түрінің арасында бәріне ортақ тиімді жолды ұсынуды қажет етеді.

Қазақстандағы этностарды біртұтас ұлтқа біріктіруге және топтастыруға қабілетті құндылықтар, ұстанымдар мен символдар қалыптаспаған. Бұл жағдай қазақ халқының әлі де мемлекет құрушы ұлт ретінде толықтай қалыптасып және тұтасып үлгермегендігін көрсетеді. Оның дәлелі ретінде басқа да еліміздегі түрлі ұсақ этностарды біріктіруші және тұтастырушы ұлтқа айнала алмай жатқандығын байқауға болады. Сондықтан қазақ халқы әзірше этностық топтан саяси ұлттық бірлестікке өту кезеңін бастан өткеруде екенін айта аламыз. Әрине, қазақтардың бәскеlestікке төтеп беретін және мәдени тұрғыда озық қауымға айналуы тек эволюциялық жолмен ғана қалыптасатын үрдіс.

Осы тұрғыда, біз, 2015 жылдың маусым айында ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтында ф.ғ.д., профессор В.Д. Курганскаяның жетекшілігімен іске асырылған «Этносаралық саланың мониторингі мемлекеттік этносаясаттың тиімділігін диагностикалаудың әдісі ретінде» атты үшжылдық жоба шеңберінде (2015-2017 ж.) сауалнама жүргіздік.

**Қазақстандағы ұлттық бірегейліктің
қалыптасу ерекшеліктері**

Сауалнамаға Қазақстанның барлық облыстарының әртүрлі этностық топтары қатыстырылды.

Осы сауалнамаға сәйкес жалпыхалықтық идея туралы қарапайым халықтың көзқарасы мен түсінігін анықтау мақсатында: «Жалпыұлттық идея болып табылатынымен келісесіз бе?», – деген сауалға жауап алынды. Сұрақтың жауап нұсқалары төмендегідей болды.

Кесте 4 – «Сіз жалпыұлттық идея болып табылатынымен келісесіз бе?» ұлттық ерекшелігі бойынша

Жауап нұсқалары	Ұлты:		
	Қазақ %	Орыс %	Басқа %
Қазақстанның әлеуметтік-саяси және рухани жаңаруының идеясы	31,3%	13,7%	19,4%
Қазақтардың ұлт ретінде жаңдануы	15,4%	8,2%	9,4%
Қазақстанның әлемнің басқа мемлекеттері мен халықтары арасында тарихи міндетінің анықталуы	10,2%	9,6%	15,1%
Қазақтардың ұлт ретінде рухы мен тарихының қайта жаңғыруы	3,7%	2,3%	2,9%
Барлық өмір сүретін ұлттардың отаны ретінде ұлы Қазақстан идеясы	9,2%	19,2%	18,0%
Әділетті қазақстандық қоғам туралы идея	6,4%	11,4%	7,2%
Жауап беруге қиналамын	4,2%	12,8%	11,5%
Басқа	0,3%	0%	0,7%
Жауап жоқ	19,3%	22,8%	15,8%

Сауалнаманың нәтижесі көрсеткендей жалпыұлттық идеяны Қазақстанның әлеуметтік-саяси және рухани жаңаруының идеясы ретінде жоғарғы деңгейде қазақтар (31,3%) және басқа ұлттар (19,4%) таниды. Ал орыстардың көпшілігі жалпыұлттық идеяны барлық өмір сүретін ұлттардың отаны ретінде ұлы Қазақстан идеясы деп білетінін айтады. Яғни, жалпыұлттық идеяны тұрғындармен түсініп қабылдаудың өзінде екі түрлі бірегейліктің қарама-қайшылығының барлығы байқалады. Қазақтар мемлекет тарапынан қабылданған кез келген идеологиялық тұжырымдарын өздерінің ұлттық бірегейлігі тұрғысынан қарастырады. Ал орыстарда азаматтық қоғамның құндылықтары басым. Өйткені олар өздерін мемлекет құраушы ұлттың бірегейлігінен гөрі, мемлекетпен бірегейленуді жөн көреді.

Бүкіл әлемде халықтарды біріктіру мен жұмылдыруда маңызды орынды сол халықтардың төл тарихы иеленетіні анық. Алдыңғы тарауларда тарих посткеңестік елдерде этномәдени символизм ретінде национализм идеологиясына айналып, бірегейлікті қалыптастыруда зор рөл атқаратыны айтылды. Осы орайда Қазақстанда да тарихты, соның ішінде тарихи кезеңдегі оқиғалар мен тұлғаларды ұлт патриоттары ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда өздерінің идеологиялық тұжырымдамаларын жасауда құрал ретінде кеңінен қолданып жүр.

Ал елімізде азаматтық бірегейлікті насихаттаушы жалпыұлттық идеяға қандай тарихи оқиғалардың маңызы зор екенін анықтау қызығушылық тудырады. Жалпыұлттық идеяны елімізде дамытуға ықпал ететін халықтың тарихи санасының деңгейін анықтау арқылы тұрғындардың ортақ құндылықтық және идеологиялық

**Қазақстандағы ұлттық бірегейліктің
қалыптасу ерекшеліктері**

бағдарларын болжауға болады. Осы ретте ұлттық ерекшелік пен жас мөлшері бойынша жауаптардың нұсқасы еліміздегі ұлттық және азаматтық бірегейліктің қалыптасуының жай-күйін көрсетеді.

Кесте 5 – «Қандай тарихи оқиғалар жалпыұлттық идея үшін маңызы бар?» ұлттық ерекшелігі бойынша

Жауап нұсқалары	Ұлты:		
	Қазақ %	Орыс %	Басқа %
Қазақ хандығының құрылуы	62,7%	25,1%	40,4%
Жоңғарлармен соғыс	25,0%	8,5%	11,0%
Қазақстанның Ресей империясына қосылуы	29,1%	48,3%	43,4%
1917 ж. Қазан төңкерісі	19,4%	32,2%	16,2%
1930 ж. Ұжымдастыру мен ашаршылық	27,2%	19,9%	20,6%
1941-1945 ж. Ұлы Отан соғысы	63,8%	70,1%	62,5%
1950 ж. Тың жерлерді игеру	35,7%	44,5%	44,1%
1986 ж. Алматы қ-сы Желтоқсан оқиғасы	59,4%	24,2%	38,2%
1991 ж. Қазақстан Республикасының құрылуы	69,8%	55,5%	71,3%
Жауап беруге қиналамын	5,2%	11,8%	14,0%
Басқа	0,3%	0%	0,7%
Ресей империясына қарсы күрес	0,2%	0%	0%

Жалпыұлттық идеяны дамыту үшін Қазақ хандығының құрылуы (62,7%) және 1991 жылы Қазақстан Республикасының құрылуы 69,8% өте маңызды мәнге ие деп қазақтар атайды. Бұдан қазақтардың өздерінің тарихи оқиғалары мен тарихи символдары негізінде ұлттық идеяны жасау арқылы елді біріктіру қажет деген берік ұстанымы байқалады. Ұлттық идеяның негізінде ұлттық сананы қалыптастыру мен ұлттық бірегейлікті дамыту жатқанын айта аламыз.

Ал орыс этностары үшін бірінші кезекте 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы (70,1%), содан кейін 1991 ж. Қазақстан Республикасының құрылуы (55,5%) және Қазақстанның Ресей империясына қосылуы (48,3%) оқиғалары жоғарғы көрсеткішпен таңдалынады. Ал елімізде басқа да этностар басым көрсеткішпен 1991 ж. Қазақстан Республикасының құрылуын (71,3%) белгіледі.

Жалпыұлттық идеяны құруда орыс этностарының тарихи санасында кеңестік идеологияның символдары әлі күнге дейін басым екені байқалады. Бұл өз кезегінде кеңестік және империалистік сананың әлі күнге дейін әлсіремей отырғанын білдіреді. Дегенмен, орыстар арасында өздерін Қазақстан Республикасының азаматы ретінде бірегейленетіндер жоқ емес, керісінше уақыт өте келе саны өсіп келе жатқандығы байқалады.

Оның негізі Қазақстанда барлық ұлт өкілдеріне «Қазақстан бәріне ортақ үй» тәжірибесі азаматтардың Қазақстанмен бірегейленуін жоғарылатты. Қазіргі уақытта қазақстандық қоғам бірыңғай азаматтық қоғам негізінде өзара топтасып және бірігіп келе жатқаны байқалады. Халықтың бірегейлену ерекшелігі толықтай өзгеріске ұшырағандығын төмендегі сауалнама дәлелдейді. Сонымен қатар, осы сауалнамада алынған

**Қазақстандағы ұлттық бірегейліктің
қалыптасу ерекшеліктері**

нәтижелер жоғарыда айтылған жалпыхалықтық идеяның елде қаншалықты іске асып жақанын көрсетеді.

*Кесте 6 – «Қай ел сіздің отаныңыз болып табылады?»
ұлттық ерекшелігі бойынша*

Жауап нұсқалары	Ұлты:		
	қазақ	орыс	Басқа
	%	%	%
Қазақстан Республикасы	65,3%	38,8%	54,7%
КСРО	9,2%	26,0%	10,1%
ҚазКСР	5,2%	7,3%	7,9%
Ресей	0,3%	4,6%	6,5%
Басқа ел	0%	0%	0,7%
Менің отаным жоқ	0,2%	0,5%	0%
Жауап беруге қиналамын	0,3%	0%	1,4%
Қытай	0%	0%	0%
Өзбекістан	0,2%	0%	0,7%
Украина	0%	0%	0,7%
Жауап жоқ	19,3%	22,8%	15,8%

Респонденттердің басым бөлігі өздерін Тәуелсіз Қазақстан Республикасын отаны ретінде санайтынын көрсетіп отыр. Яғни, этностық топтар ішінде жартысынан көп мөлшерде қазақтар – 65,3%, орыстар – 38,8%, басқа ұлттар – 54,7% құрады. Одан кейінгі орында КСРО-ны әлі күнге дейін өзінің отаны ретінде танитындар арасында тағыда орыстар басым бөлікті құрайды – 26,0%. Ал қазақтар арасында КСРО-ны отаны ретінде санайтындар жалпы санға шаққанда тіптен аз (9,2%) және басқа ұлттар – 10,1%.

Жас мөлшері бойынша өзін Қазақстан Республикасымен бірегейлендірушілер арасында 18 бен 22 жас арасындағылар (70,3%) және 41-50 жас арасындағылар (64,4 %) жоғарғы көрсеткішті көрсетті. Ал өзінің отаны ретінде КСРО-ны санайтындар негізінен ең жоғарғы пайыздық көрсеткіш 60 жастан асқан жоғарғы буындарда 27 % кездесіп отыр.

Сонымен, қазақтардың жартысынан көбі сауалнама нәтижесі көрсеткендей бұрынғы кеңестік мемлекетпен өзін бірегейлендірмейді. Тек орыс этностары арасында өздерін кеңестік мемлекетпен бірегейлендірушілер кездеседі. Соған қарағанда қазіргі қазақстандық қоғамда кеңестік уақытты аңсаушылардың әлі күнге дейін бар екені байқалады. Оның түп негізі орыс этностық топтарында жаңа қазақстандық символдарға қарағанда, кеңестік символдарды қолдаушылардың басымдығында жатыр. Жалпы қазақстандық бірегейлік пен кеңестік бірегейлік өзара араласып, қазақстандық бірегейлік күн санап басым түсіп келе жатқанын көруге болады. Әсіресе, жаңадан өсіп келе жатқан жас буындардың басым көпшілігі Қазақстан Республикасын өзінің отаны ретінде көрсетуі азаматтық бірегейліктің өсіп келе жатқанын білдіреді. Ал кеңестік бірегейлік тұрғындардың жас мөлшері бойынша басым бөлігі жоғарғы буынында ғана кездеседі.

Осы орайда еліміздегі азаматтық бірегейлікті қолдау мен дамыту барысында азаматтылықтың негізгі құндылықтары: тепе-теңдік, еңбекқорлық адалдық, ғылым мен білімге құрмет, төзімділік Қазақстан халықтарын бір ұлтқа біріктіру қабілетін анықтау маңызды.

**Қазақстандағы ұлттық бірегейліктің
қалыптасу ерекшеліктері**

Кесте 7 – «Сіз, азаматтық тепе-теңдік, еңбекқорлық, адалдық, ғылым мен білімге құрмет, төзімділік құндылықтары Қазақстан халықтарын бір ұлтқа біріктіре алады дегенге сенесіз бе?» ұлттық ерекшелігі бойынша

Жауап нұсқалары	Ұлты:		
	Қазақ	Орыс	Басқа
	%	%	%
Толықтай келісемін	55,3%	42,0%	33,1%
Ішінара келісемін	32,5%	35,6%	48,2%
Ішінара келіспеймін	2,8%	9,1%	7,9%
Толықтай келіспеймін	2,2%	3,2%	3,6%
Басқа	0,2%	0%	0%
Жауап беруге қиналамын	3,2%	5,5%	5,0%
Жауап жоқ	3,9%	4,6%	2,2%

Әлеуметтік зерттеу қорытындылары көрсеткендей тепе-теңдік, еңбекқорлық, адалдық, ғылым мен білімге құрмет, төзімділік құндылықтары Қазақстан халықтарын бір ұлтқа біріктіретініне жалпы қазақ (55,3%) және орыс (42,0%) этностары толық сенім білдірді. Елімізде тұратын басқа этностардың көпшілігі (48,2%) ішінара келісетіндіктерін көрсетті. Осылайша, жалпылама алғанда еліміздің барлық тұрғындары азаматтық қоғамның құндылықтарын жоғары бағалайтынын аңғаруға болады.

Қазақстанның идеологиялық кеңістігінде идеяларды тудыруда мемлекетпен бәсекелес басқа да қоғамдық институттардың бар екенін жоғарыда айттық. Соның ішінде тәуелсіздік алғалы бері ұлт патриоттары ұлттық сананы жаңғыртумен қатар өздерінің идеологиялық

және идентификациялық жобаларын жасауда және оны ұсынуда ерекше белсенділік танытып келеді. Осы мақсатта ұлт патриоттары ұлттық бірегейлікті және ұлттық идеяны қалыптастыру үшін өздерінің бірегейлену жобаларын жасап шығаруда ұлттың тілін, оның тарихын және құндылықтарын бірінші орынға шығарады.

Олардың бірегейлену жобасына сәйкес елде тек қазақ халқының ұлттық бірегейлігі барлық этностық бірегейлігін анықтауға тиіс. Тіпті, қоғамдық бұқаралық ақпарат құралдарында «Қазақстан тек қазақтар үшін» деген идеяның төңірегінде жиі пікірлер айтылатыны сондықтан. Бұл туралы көптеген саясаттанушылар мен саясаткерлер көпэтносты қоғамда біртұтас ұлтты қалыптастыру мүмкін емес, өйткені адамдардың этностық бірегейліктері әрқашан бәрінен үстем деп санайды. Олардың ойынша, Қазақстанда тек бір ғана ұлт тұрады, олар қазақтардың санын құрайды, ал республикада тұратын қалған халықтар диаспоралар болып табылады.

Осы орайда қазақстандық ғалым Р.Қ. Қадыржанов Қазақстандағы национализм үрдістерін ұлттың бірлігі мен бірегейлігін, еркіндігін нығайтуға қол жеткізуге бағытталған идеологиялық қозғалыс ретінде анықтайды. Сондықтан ұлттық бірегейлік қоғамдағы национализм идеологиясының өмір сүруінің белгілі бір формасы болып табылады. Ұлттық бірегейліктің ерекше орны мен мәні онда индивидтің мемлекет пен мәдениетке қарым-қатынасынан байқалады. Индивидтің ұлтпен бірегейленуі патриотизм, азаматтық, конституцияға адалдық арқылы көрінеді. Мемлекеттің өзінің азаматтарының ұлттық бірегейлігін күшейтуге тырысатын құрал – идеология болып та-

**Қазақстандағы ұлттық бірегейліктің
қалыптасу ерекшеліктері**

былады. Алайда мемлекеттің идеологиялық тұрғыда өздерінің азаматтарына ықпал етуі әртүрлі болуы мүмкін, ол мемлекеттің саяси жүйесіне байланысты деп атап көрсетеді [137].

Жалпы жүргізілген әлеуметтік сауалнаманың көмегімен қазақстандықтардың ұлттың анықтамасына пікірлерін білу мақсатында «Ұлттың қандай анықтамасымен Сіз келісесіз?» – деген сауал алынды.

*Кесте 8 – «Ұлттың қандай анықтамасымен Сіз келісесіз?»
ұлттық ерекшелігі бойынша*

Жауап нұсқалары	Ұлты:		
	Қазақ	Орыс	Басқа
	%	%	%
Қазақстанда тек бір ұлт ғана өмір сүреді, ол – қазақтар, қалғандарының барлығы диаспоралар	25,8%	7,8%	12,9%
Қазақстанда ұлтты қазақтар мен орыстар құрайды, қалғандарының барлығы ұлттық азшылықтарға жататын этностар	14,1%	21,0%	20,9%
Барлық ұлттар бірге біртұтас қазақстандық ұлтты құрайды	35,7%	39,7%	42,4%
Жауап беруге қиналамын	4,2%	7,3%	6,5%
Басқа	0%	0%	0,7%
Жауап жоқ	20,3%	24,2%	16,5%

Респонденттер Қазақстанда барлық ұлттар біртұтас қазақстандық ұлтты құрайды деп жауап берді, соның ішінде қазақтар (35,7%), орыстар (39,7%), басқа ұлттар

42,4%. Яғни, ел тұрғындарының көп бөлігі мемлекет тарапынан жүргізілген азаматтық бірегейлікті дамыту бойынша жалпыұлттық идеяны жақтайтындығы респонденттердің басым дауысынан көрінеді. Әрине, ол мемлекет тарапынан жүргізілген идеологиялық жұмыстар мен үгіт-насихаттардың өз жемісін беріп келе жатқандығының нәтижесін көрсетеді. Алайда, Қазақстанда тек бір ұлт қана өмір сүреді, ол – қазақтар, қалғандарының барлығы диаспоралар деген пікірді ұстанатындарда жоқ емес. Олардың басым бөлігі мемлекет құраушы қазақ этностары (25,8%) арасында байқалады.

Оның себебі әлемдік демократиялық және ұлттық құндылықтардан тамыр алатын қазақстандық жаңа саяси мәдениеттің қалыптасуында ұлт түсінігі мәселесі өзара ұлттың элиталарының қарама-қарсылығын туындатып жатқаны байқалады. Қазақ ұлттық элиталарының көзқарасы бойынша Қазақстандағы ұлтты тек қазақтар құрайды, ал қалған ұлттар диаспоралар болып табылды. Бұл жерде қазақтардың басқа ұлттардың ортасында мемлекет құрушы титулды ұлт ретінде ерекше орны бар екенін айтуға болады. Ұлттың осы түсінігіне сәйкес Қазақстандағы ұлттық құрылысты этномәдени ретінде сипаттай отырып, ұлттық бірегейлікті түсінуде қоғамда примордиалистік бағыттың басымдылығын көрсетуге негіз бар.

Жалпы тәуелсіздік алғалы БАҚ беттерінде қазақ тілі елде тұратын барлық этностарды біріктіруші және топтастырушы құрал ретінде ұлттық идеяның негізін құрау керек деген ұсыныс жиі айтылады. Оның мәні қазақ символдары, соның ішінде қазақ тілі ең басты этномәдени символ ретінде Қазақстан халқының ортақ тіліне айналу қажет дегенді білдіреді. Қазақ тілінің

мемлекеттік тіл ретінде шынайы түрде дәрежесіне ие болуына байланысты қарама-қайшылық Қазақстанның ең өзекті ұлттық мәселесіне айналып отыр.

2012 жылы 14 желтоқсан айындағы «Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында: «Жауапкершілікті тіл саясаты қазақ ұлтын біріктіруші басты факторлардың бірі болып табылады. Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз. Біздің міндетіміз – оны барлық салада белсенді дамыту. Біз ұрпақтарымызға бабаларымыздың сандаған буынының тәжірибесінен өтіп, біздің де үйлесімді үлесімізбен толыға түсетін қазіргі мұраға қалдыруға тиіспіз. Бұл – өзін қадірлейтін әрбір адам дербес шешуге тиіс міндет», – деп атап көрсетеді [138].

Сонымен қатар, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қоғамдағы жағдайы негізгі Ата заң Қазақстан Республикасы Конституциясының бабымен нақты белгіленген. Дегенмен, қазақ тілінің қолдану дәрежесіне қоғамда қазақ ұлтының патриоттарының басым көпшілігінің көңілі толмайды. Оның басты себебі тәжірибе жүзінде әлі күнге дейін орыс тілі қазақстандық қоғамның барлық салаларында жетекші рөлді иеленіп отырғандығында. Ал орыс тілін қолданушылар орыс тілінің екінші мемлекеттік тіл дәрежесіне ие болуын жақтайды. Олардың ойынша, орыс тілі қазақстандық қоғамда қазақ тілімен қатар қолдану қажеттілігін, оның қолданыс аясының шектелмеуін қалайды. Сондықтан қазақ тілі мен орыс тілі арасындағы қарама-қарсылық – Қазақстандағы ұлттық бірегейліктің қалыптасуындағы этностық және азаматтық түрлері арасында қарама-қайшы жағдайды көрсетеді.

**Қазақстандық қоғамның тарихи санасының өзгеруі
жолындағы рухани жаңғыру**

Қазақ тілі ұлттық идеяның негізгі құралы ретінде Қазақстан халықтарын біріктіруші факторға айналды мүмкіндігін анықтауда әлеуметтік сауалнаманың көмегіне жүгінеміз.

Кесте 9 – «Сіз, қазақ тілі Қазақстан халықтарын біртұтас ұлтқа біріктіреді дегенмен келісесіз бе?» ұлттық ерекишелігі бойынша

Жауап нұсқалары	Ұлты:		
	қазақ	орыс	басқа
	%	%	%
Толықтай келісемін	32,8%	9,6%	15,1%
Ішінара келісемін	38,7%	28,8%	37,4%
Ішінара келіспеймін	11,4%	20,1%	11,5%
Толықтай келіспеймін	7,5%	28,8%	23,7%
Басқа	0,3%	0%	0,7%
Жауап беруге қиналамын	5,2%	8,7%	9,4%
Уақыт өте келе келісер едім	0,2%	0%	0%
Жауап жоқ	3,9%	4,1%	2,2%

Қазақстан халықтарын біртұтас ұлтқа біріктірудегі қазақ тілінің әлеуетіне қазақтар толықтай (32,8%) және ішінара (38,7%) сенім білдірген. Ал орыс этностық топтары ішінара келісемін (28,8%) деп дауыс берсе, оған қарама-қарсы пропорционалды түрде толықтай келіспейтіндігін (28,8%) білдіреді. Басқа ұлттардың басым бөлігі ішінара келіседі (37,4%). Яғни, жүргізілген әлеуметтік сауалнама қорытындысы қазақ тілін барлық этностарды біріктіреді деген көзқарасты көбінесе,

қазақ этностарының өкілдері атайды. Өйткені қазақтар үшін қазақ тілі – ұлттылықтың және мемлекеттіліктің символы, оны сақтауға және дамытуға ерекше көңіл бөледі. Мемлекет тілдің кең қолданысқа түсіп, оның мәртебесінің жоғары болуы мемлекет құраушы ұлт үшін маңызды зор. Ал басқа ұлттар үшін, әсіресе, елімізде тұратын орыс ұлтына мемлекеттік тіл ерекше маңызға ие емес. Оның себебін әртүрлі жолмен түсіндіруге болады. Өкініштісі, мемлекеттік тілдің өзге ұлттар үшін қызығушылық тудыратындай маңыздылығы төмендігін айтуға болады. Сол себепті қазақ тілі қазіргі уақытта барлық этностарды біріктіруші ядроға айнала алмай отыр.

Біздің ойымызша, қазақ тілін оқуға өзге ұлттар мен этностардың қызығушылығын ояту үшін ең алдымен, үш мәселеге баса назар аудару қажет. Біріншіден, орыс тілді мектептерде қазақ тілінде білім беру сапасын арттыру қажет; Екіншіден, мемлекеттік тілдің қоғамда қолданыс аясын кеңейту керек; Үшіншіден, қазақ тілі қазақстандық элитаның тіліне айналса, қарапайым халық соған еліктеп үйренуге өздігінен күш салар еді;

Қазақ тілінің барлық ұлттарды біріктірудегі қызметі елде тұратын әрбір азаматтың патриоттық сезімімен де байланысты. Мемлекетке және туған жеріне деген патриоттық сезім сол мемлекеттің тіліне, заңдары мен нормаларына деген қарым-қатынастан көрінеді. Оған қоса ұлттық және азаматтық бірегейліктің қалыптасуында да тіл ерекше қызмет атқарады.

Басқа жағынан алып қарағанда, Қазақстанда ұлттық құрылысты қалыптастыру саясаты елдегі ұлтаралық татулық пен бейбітшілікті сақтауға бағыталады. Сондықтан ұлттық саясатты іске асыруда мемлекеттік тілді дамыту жоғарыдан қысыммен емес, керісінше,

**Қазақстандық қоғамның тарихи санасының өзгеруі
жолындағы рухани жаңғыру**

азаматтардың өз еркімен үйренуіне негізделеді. Мемлекеттегі орын алған маңызды кез келген іс-шаралар басқа ұлттардың тілін, дінін және басқа ұлттық құндылықтарын шектемеу арқылы жүзеге асырылуы қадағаланады.

Осы орайда Қазақстанда тұратын әртүрлі ұлт өкілдерінің ұлттық бірегейленуі ұлтаралық қарым-қатынас пен толлеранттылық деңгейін көрсетеді.

*Кесте 10 – «Өзін-өзі ұлттық бірегейленудегі Сіздің әсеріңіз...»
ұлттық ерекшелігі бойынша*

Жауап нұсқалары	Ұлты:		
	Қазақ	Орыс	Басқа
	%	%	%
Мен өзімнің ұлтыммен мақтанамын және басқа ұлттың адамдары тарапынан ешқандай бөлектену сезімі жоқ	65,3%	58,4%	58,3%
Мен өзімнің ұлтыммен мақтанамын, бірақ басқа ұлттың адамдары тарапынан жеккөрінішті сезімін сезінемін	15,2%	20,5%	20,1%
Мен ұлтымды өзгертер едім, бірақ өзімді екінші сортағы адам ретінде сезінемін	1,5%	1,4%	3,6%
Мен ұлтымды өзгертер едім, бірақ мен өзіммен бірге көп артықшылықтардан айрыламын	0%	0%	0,7%
Басқа	0,8%	0%	2,2%

Елімізде тұратын барлық ұлт өкілдері жоғарғы деңгейде салыстырмалы түрде басым бөлігі өздерінің

**Қазақстандағы ұлттық бірегейліктің
қалыптасу ерекшеліктері**

ұлтымен мақтанатындығын және басқа ұлттың адамдары тарапынан ешқандай бөлектену сезімі жоқ екендігін білдірді. Соның ішінде қазақтар (65,3%), орыстар (58,4%) және басқа ұлттар (58,3%).

Өздерінің ұлтымен мақтанып, бірақ басқа ұлттың адамдары тарапынан жеккөрінішті сезінетіндігін айтқандар қатарында қазақтар (15,2%), орыстар (20,5%), басқа ұлттар (20,1%) бар. Қазақтарға қарағанда бөтен ұлттар тарапынан жеккөрініш сезіну элементтері басқа ұлттарда көп екендігін аңғаруға болады.

Мен ұлымды өзгертер едім, бірақ өзімді екінші сорттағы адам ретінде сезінемін деп қазақтар (1,5%), орыстар (1,4%) және басқа ұлттар (3,6%) айтады. Сауалнаманың нәтижесі Қазақстанда тұратын ұлттардың басым бөлігі ұлттық бірегейленуде өздерінің ұлтымен мақтанатынын көрсетеді. Яғни, елде жүріп жатқан ұлттық саясат табысты түрде іске асып, толеранттылық пен ұлтаралық татулықты сақтауда нәтижесін көрсетіп жатқандығын аңғартады.

Кесте 11 – «Сіз өзіңіздің ұлттық бірегейлігіңізді қалай анықтар едіңіз?» ұлттық ерекшелігі бойынша

Жауап нұсқалары	Ұлты:		
	Қазақ	Орыс	Басқа
	%	%	%
Қазақстандық, бірақ қазақ емес	7,0%	69,9%	75,5%
Қазақстандық және қазақ	71,0%	2,7%	4,3%
Қазақ, бірақ қазақстандық емес	1,7%	0,5%	0,7%
Басқа	0,5%	3,7%	1,4%
Жауап жоқ	19,8%	23,3%	18,0%

Қазақстанда жалпыұлттық идеяның жүйелі түрде іске асырылып жатқанын айтуға болады. Оның нақты жалғасы ретінде 2012 жылы 14 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев «Қазақстан – 2050 Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында жаңа «Мәңгілік Ел» идеясын ұсынуынан көруге болады. Бұл идея – Қазақстанның ғылым-интеллектуалды ортасында қызу талқылауға түсіп, оның мәні мен бағытын түсіндіруде және бағдарламасын әзірлеуде үлкен міндеттер жүктеді.

Қазақстанның мемлекет ретінде тарихи қалыптасуы мен қазақтардың ұлт ретінде тарихи дамуын түсіну үшін «Мәңгілік Ел» идеясы іргелі мәнге ие. Мәңгілік Ел идеясына тығыз бірліктегі халық пен мемлекеттің тарихи дамуын зерттеудің ұстанымы енгізілген. Мәңгілік Ел идеясын мәдени-тарихи аспектіде түсіну тұрғысында қазақстандықтардың тарихи санасы мен ұлттық бірегейлігін қалыптастыру мен мәдени тұтастықтығын күшейтуге бағытталған. Ұлт ретінде қалыптасуы үшін ұлттық дүниетанымды, рухани көздерді және тарихи-адами құндылықтарды жете тану маңызды болып табылады. Мәңгілік Елдің тарихи аспектісі қазақ халқының қалыптасу тарихы ежелгі түркілерден бастау алатын терең тарихи кезеңді қамтитынын көрсетеді. Бұл идеяның мақсаты – азаматтық ұстанымға негізделе отырып қазақстандық бірегейлікті қалыптастыруға және оны одан әрі нығайтуға күш салынды.

Гумилев тандағы ЕҰУ жанындағы «Этносаралық қатынастар және ҚХА толеранттылығы» орталығының директоры, профессор Сатай Сыздықов «Мәңгілік ел» идеясының үш негізден немесе үш тұғырдан тұраты-

нын айтады. Біріншісі – Түркі қағанаты билеушілерінің (Күлтегін, Білге қаған, Тонкөк) саяси акт – «Манифест» ретінде әзірлеп, тарих сахнасына шығу; Екіншісі – әл-Фарабидың философиялық шығармасында идеяның теориялық-философиялық тұрғыдан негізделуі және үшінші – Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дидактикалық дастанында құқықтық мемлекеттің негізгі қағидаларының, яғни Ата Заң іргетасының қалануы.

«Мәңгілік Ел» идеясы ежелгі түркілердің өз заманында туған үш тұғырдан, яғни үш негізден тұрады. Бұл үш негіз бір-бірімен тығыз байланысты, бір заманның жемісі және өзіне дейінгі бабалар мұратымен жалғаса отырып, кейінгі ұрпақтарының құрған мемлекетшілдік идеяларымен сабақтасады. Бұлардың бәрінің бастауында орта ғасыр дәуіріндегі түркілердің өркениеті тұр [139].

Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының Төрағасы, саяси ғылымдардың докторы Қ. Тоқаев: «Елбасы Мәңгілік Елді – отандық тарихтың атымен жаңа тұжырымдамасын баян етті және негіздеп берді. Іс жүзінде бұл – Қазақстанның ұлттық идеясы және мемлекеттік идеологиясы. Мәңгілік Ел ұлы Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев бастаған барлық қазақстандықтардың бірегей тарихи миссиясы болып табылады. Мәңгілік Ел идеясы халқымыздың ғасырлар бойғы аңсаған арманына ғана емес, Қазақстанның тәуелсіз жылдарындағы дамуының нақты нәтижелеріне арқа сүйейді», – деп атап айтты [140].

Мәңгілік Ел идеясын насихаттауда оның халыққа жетуі мен оның мәні мен маңызын түсіну маңызды. Осы мақсатта респонденттерге «Сіз Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев ұсынған «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы туралы білесіз бе?» – деген

**Қазақстандық қоғамның тарихи санасының өзгеруі
жолындағы рухани жаңғыру**

сауал қойылды. Сауалнаманың қорытындысы төменде көрсетілген.

*Кесте 12 – «Сіз, Қазақстан Республикасының Президенті
Н.Ә. Назарбаев ұсынған «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы туралы
білесіз бе?» ұлттық ерекишелігі бойынша*

Жауап нұсқалары	Ұлты:		
	Қазақ	Орыс	Басқа
	%	%	%
Оны арнайы оқыдым/ қызығушылық білдірдім	29,6%	8,7%	20,9%
Сол туралы бірнәрсе естідім/ ол туралы БАҚ-та көрдім	38,9%	34,7%	39,6%
Ештеме білмеймін	11,4%	33,3%	23,7%
Басқа	0,7%	0%	0%
Жауап жоқ	19,4%	23,3%	15,8%

Сауалнаманың қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы Президенті ұсынған «Мәңгілік Ел» идеясы туралы еліміздің тұрғындары жалпы хабардар екені мәлім болды. Қазақтар (38,9%) мен орыстар (34,7%) және басқа ұлт өкілдері (39,6%) ол туралы тек бірнәрсе естігендерін және БАҚ-да байқағандығын айтады. Ал арнайы қызығушылық танытқан қазақтар (29,6%) және орыстар (8,7%), басқа ұлттар (20,9%). Сауалнама көрсеткендей тұрғындардың, әсересе қазақтарға қарағанда, орыс ұлты өкілдерінің төмен саяси белсенділік танытқаны байқалады.

Яғни, еліміздің тұрғындардың басым бөлігі «Мәңгілік Ел» туралы идеядан жалпы хабары болғанымен, оны нақты мәні мен мақсатын жете

